

АРХИВТІК
ҚОР

ЗЫМЫРАН ҚҰС



Архивтік қор,
Архивтік фонд

ОРЫС
ХАЛЫҚ
ЕРТЕГІЛЕРІ

891.71-34

3-93

ЗЫМЫРАН КҮС

ОРЫС
ХАЛЫҚ
ЕРТЕГІЛЕРІ



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1986

Рассылка контрольных
визитных яргов по городу
ак. 9 09 - 6
сд-43-7-108
44-111-131

83.3P
З — 93

Пікір жазған — Дидахмет Әшімханов

Суреттерін салған — В. Пуховский,
А. Ерискин

З — 93 Зымыран құс: Ертегілер / Ауд. М. Әлімбаев, С. Өмішева, Қ. Сыдықов, Т. Жанаев. — Алматы: Жалын, 1986. — 192 бет.

Балалар, бұл жинаққа өздеріңнің сүйікті шығармаларыңа айналған «Қасқыр мен жеті лақ», «Бақа-ханым», «Дана Василиса» секілді орыс халқының таңдаулы елу шақты ертегісі енді.

Ертегілер қиял-ғажайып оқиғаларға бай, бірде елі мен жерің бақытын көксеген ақылды да батыр ұл-қыздардың іс-әрекетінен үлгі-өнеге алсаңдар, енді бірде-көлеңкесінен қорқатын қорқақтар мен жатып ішер жалқаулардан, ақымақтардан жиренесіңдер. Сиқырлы хайуанаттармен танысасыңдар.

Жинақ қызықты оқылады.

Ж $\frac{4803000000-69}{408(05)86}$ 110—85

83.3P

© Қазақша аудармасы, «Жалын» баспасы — 1986



ҚАСҚЫР МЕН ЖЕТІ ЛАҚ



Ормандағы өз үйінде сары көзді ақ ешкі тұрыпты. Оның жеті лағы болыпты. Таң атар-атпастан, күн шығар-шықпастан ешкі орманға немесе шалғынға жайылуға кетеді екен. Ал лақтар болса есікті жауып алып, үйге ешкімді жібермейді, өздері жылы үйде бірімен-бірі ойнап отыра береді.

Ешкі қайтып келген соң, есікті қағып өлеңдете жөнеліпті:

Шұнақтарым,
Шырақтарым!
Есікті аш!
Енең келді, көріңдер,
Бауырына еніңдер,
Емшек сүтін еміндер.
Ну орманға бардым мен,
Шөпке тойып алдым мен,
Салқын суға қандым мен.
Емшек сүтім ағып тұр,
Жасыл шөпке тамып тұр.

Лақтары содан соң есікті ашады екен, ешкі оларды тойдырып, сусынын қандырып, төсекке жатқызады екен.

Таң атқан соң, ешкі тағы да орманға немесе шалғынға жайылғалы кетеді екен.

Сол маңда бір сұр қасқыр сумаңдап жүріпті. Ағаш үйді анадайдан көріп, ешкінің өлеңін естіп қалыпты.

Бірде ешкі орманның түкпіріне қарай кетіпті, іле лақтар есікті бекітіп алыпты, осы тұста қасқыр салып

ұрып жетіп кепті. Сәкіге көтеріліп, есікті дүңк-дүңк қағады.

Лақтар сонда:

— Бұл кім келген?— деп сұрапты.

Ал қасқыр гүжілдеген жуан даусымен өлеңдете жөнеліпті:

Шұнақтарым,
Шырақтарым!
Есікті аш!
Енең келді, көріңдер.
Бауырына еніңдер,
Емшек сүтін еміңдер.
Кернеп тұрған желін сүт,
Мүйізім тслы ірімшік,
Суға толы жіліншік.

Ал лақтар қасқырға тіл қатып:

— Естіп тұрмыз, естіп тұрмыз: сенің даусың шешеміздің даусына ұқсамайды. Енеміздің даусы бұдан гөрі жіңішкелеу және ол бұндай өлең айтпайды,— депті.

Қасқыр бұғып барып, бұтаның артына тығылыпты.
Ешкі келіп, есік қағыпты.

Дүңк-дүңк-дүңк!

— Бұл кім келген?

Ешкі өзінің жіңішке даусымен әндете жөнеліпті:

Шұнақтарым,
Шырақтарым!
Есікті аш!
Енең келді, көріңдер,
Бауырына еніңдер,
Емшек сүтін еміңдер.
Ну орманға бардым мен,
Шөпке тойып алдым мен,
Салқын суға қандым мен.
Емшек сүтім ағып тұр,
Жасыл шөпке тамып тұр.

Лақтар өз енесіне есік ашыпты. Олар: «Қақпа алдына қасқыр келіп кетті»,— депті. Сонда ешкі:

— Сүйкімді еркетайларым, менің өлеңімді естімей тұрып, ақ сирағымды көрмей тұрып, ешкімге есік ашушы болмаңдар,— дейді.

Ешкі тағы да тоғайға кетеді. Бұғып жатқан қасқыр бұтаның тасасынан шығып, ауылдағы ұстаға тартыпты.

— Ұста-ау, ұста! Маған қылдай жіңішке қызыл тіл соғып бер, әйтпесе өзіңді жеп қоям,— депті.

Үрейі ұшқан ұста қасқырға қылдай жіңішке қызыл тіл соғып беріпті.

Қасқыр ағаш үйге қайта кепті.

Дүңк-дүңк-дүңк!

— Бұл кім келген?

Қасқыр жіңішке даусымен өлеңдете жөнеліпті:

Шұнақтарым,
Шырақтарым!
Есікті аш!...

Өзі әндетіп тұрып алдыңғы аяғын әйнекке басады. Табаны қап-қара екен.

Сонда лақтар оның қап-қара табанын көреді де, терезенің алдынан қарғып-қарғып түседі:

— Көріп тұрмыз! Көріп тұрмыз: бұл шешеміздің аяғы емес, біздің шешеміздің сирағы аппақ қардай, сенің табаның күйедей қап-қара. Есікті біз ашпаймыз, сен қасқырсың.

Ыза болған қасқыр ауылға жүгіріпті. Қараса, бір апай самса пісіріп жатыр екен. Қасқыр әлгі апайға қарап арс-арс етіп:

— Кәне, менің аяғыма аппақ ұн жағып бер, әйтпесе жеп қоям,— депті.

Үрейі ұшқан апай қасқырдың аяғына аппақ ұн жағып беріпті.

Тағы да қасқыр тоғайға тартыпты. Ағаш үйге келіпті. Ақ сирағын әйнекке басып тұрып, жіңішке дауыспен өлеңдете жөнеліпті:

Шұнақтарым,
Шырақтарым!
Есікті аш!
Енең келді, көріндер,
Бауырыма еніңдер,
Емшек сүтін еміндер.
Ну орманға бардым мен,
Шөпке тойып алдым мен.
Емшек сүтім ағып тұр,
Жасыл шөпке тамып тұр.

Лақтар тындап қараса, әлгі естігендері енесінің дау-сы сияқты. Лақтардың әлгі естігені — енесінің өлеңі. Лақтардың көріп тұрғаны ақ сирақ. Лақтар есіктің ілгегін ағытып, ашып кеп жібереді. Қасқыр үйге кіреді де, лақ атаулыны қылғып қояды. Ең кенже лақ қана пештің ішіне кіріп кетеді, қасқыр оны таба алмайды.

Алты бірдей лақты жалмап алып, қасқыр орманға тартады, барып бұтаның астына жатады, сөйтіп жатып тәтті ұйқыға батады.

Үйге ешкі келсе: есігі аңқиып ашық жатыр, орындықтар төңкерілген, терезе әйнектері быт-шыт, шұнақтарының-шырақтарының қарасы көрінбейді.


Ешкі еңіреп қоя береді. Кенет пеш ішінен шыққан бір жіңішке дауысты естиді. Ешкі пештің ішінен кенже лақты суырып алады. Ол болған оқиғаның бәрін баяндап айтады.

Ешкі қолына үлкен бір қайшы, бір шүйке жүн, ине алып, тоғайға тартады. Қараса, қасқыр бұтаның түбінде ұйқтап жатыр екен. Жан иесінің зәре-құтын алардай қорылдайды-ай кеп.

Ешкі қасқырдың қарнын жарып кеп жібереді. Барлық шұнақтары, барлық шырақтары ойнақтап шыға келеді, түгел есен-сау екен. Бәрі мәре-сәре болады!

Ешкі қасқырдың қарнына дәу-дәу тастарды нығарлап тығып, жып-жылмағай етіп, шуда жіппен тігіп тастайды!

Қасқыр оянып, шөлдеген соң су ішкісі келеді.



Құдыққа келіп, түбіне қарай еңкейеді, қарнын зілдей қара тастар басып, төменге қарай тартады. Құдыққа күмп беріп құлап, суға тұншығып өледі.

Ешкі лақтарын ертіп үйіне қайтады. Олар бұрынғысындай қайтадан тату-тәтті, бейбіт күн кешеді.

ШҰБАР ТАУЫҚ



Баяғыда бір шал мен кемпір күнін әзер көріпті, екеуінің жалғыз шұбар тауығы болыпты.

Тауық бірде анау-мынау жұмыртқа емес, алтын жұмыртқа тауыпты.

Шал ұрып-ұрып әлгі жұмыртқаны жара алмапты, кемпір де ұрып-ұрып жара алмапты.

Тышқан ерсілі-қарсылы зырлап бағыпты, құйрығын бұлғап қалыпты, жұмыртқа үстелдің үстінен жерге түсіп кетіпті, түбіне сол жетіпті.

Кемпір мен шал жылапты, тауық сонда былай жұбатыпты:

— Жыламашы, аташым! Мұңаймашы, әжешім! Жұмыртқа тауып беремін, алтын емес жылтылдақ, ас боларын — керегін!

ШАЛҚАН



Атай шалқан егіпті. Шалқаны үйдей, тіптен үйден де дәу боп өсіпті. Атай шалқанды жерден суырып алмақ боп, шалқалай тартады. Олай тартқылайды, бұлай тартқылайды, тартып суыра алмайды.

Атай әжейді шақырады. Әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды,— олай тартқылайды, бұлай тартқылайды, тартып суыра алмайды.

Әжей немере қызын шақырады. Немересі әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды,— олай тартқылайды, бұлай тартқылайды, тартып суыра алмайды.

Немересі күшігін шақырады. Күшік немере қыздың етегінен ұстайды, немересі әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды,— олай тартқылайды, бұлай тартқылайды, тартып суыра алмайды.

Күшік мысықты шақырады. Мысық күшіктің құйрығынан ұстайды, күшік немере қыздың бұрымынан ұстайды, немере қыз әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды,— олай тартқылайды, бұлай тартқылайды, тартып суыра алмайды.

Мысық тышқанды шақырады. Тышқан мысықтың құйрығынан ұстайды, мысық күшіктің құйрығынан ұстайды, күшік немере қыздың бұрымынан ұстайды, немере қыз әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды,— олай тартқылап, бұлай тартқылап, ақыры шалқанды суырып алыпты.

СӘУЛЕТТІ ҮЙ



Қара шыбын сәулетті үй салып алып, сонда тұрып жатыпты. Бүрге дөй-бірегей жүгіріп келе жатып, зәулім үйді көреді де, есігін қағады:

— Үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — қара шыбын-қайғышылмын.

— Ал мен — бүрге дөй-бірегей.

— Кел, бірге тұрайық екеуміз!

Сонымен екеуі бірге тұрып жатыпты.

Ызыңдап сары маса ұшып кеп, есік қағыпты:

— Үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — қара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей. Ал сен өзің кімсің?

— Мен — ызыңшыл сары маса.

— Кел, бірге тұрайық!

Сұр тышқан-зәресі ұшқан жүгіріп кеп, есік қағыпты.

— Сәулетті үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — қара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей.

— Мен — ызыңшыл сары маса. Ал сен өзің кімсің?

— Мен — сұр тышқан-зәресі ұшқан.

— Кел, бірге тұрайық!

Бақа-бақа, бақылдақ жанай өтіп бара жатып, сәулетті үйді көреді де, есік қағады:

— Сәулетті үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — қара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей.

— Мен — ызыңшыл сары маса.

— Мен — сұр тышқан-зәресі ұшқан. Ал сен өзің кімсің?

— Мен — бақа-бақа, бақылдақ.

— Кел, бірге тұрайық!

Қоянақ-желаяқ келе жатып, сәулетті үйді көреді де, есік қағады:

— Сәулетті үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — кара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей.

— Мен — ызыңшыл сары маса.

— Мен — сұр тышқан-зәресі ұшқан.

— Мен — бақа-бақа, бақылдақ. Ал сен өзің кімсің?

— Мен — қоянақпын-желаяқпын.

— Кел, бірге тұрайық!

Түлкі жүгіріп келе жатып, есік қағыпты:

— Сәулетті үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — кара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей.

— Мен — ызыңшыл сары маса.

— Мен — сұр тышқан-зәресі ұшқан.

— Мен — бақа-бақа, бақылдақ.

— Мен — қоянақ-желаяқ. Ал сен өзің кімсің?

— Мен — түлкешпін-бикешпін.

— Кел, бізге кел, бірге тұрайық!

Қасқыр келе жатып, есік қағыпты.

— Сәулетті үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — кара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей.

— Мен — ызыңшыл сары маса.

— Мен — тышқан-зәресі ұшқан.

— Мен — бақа-бақа, бақылдақ.

— Мен — қоянақ-желаяқ.

— Мен — түлкешпін-бикешпін. Ал сен өзің кімсің?

— Мен — бөрімін-көкжал серімін.

— Кел, бізге кел, бірге тұрайық!

Міне, осылай бәрі сәулетті үйде жырғап жатыпты, өлең-әнін шырқап жатыпты.

Кенеттен маймақ аю келе қалыпты, жер-көкті басына көтере айғай салыпты:

— Сәулетті үйде кім бар? Зәулім үйде кім бар?

— Мен — қара шыбын-қайғышылмын.

— Мен — бүрге дөй-бірегей.

— Мен — ызыңшыл сары маса.

— Мен — сұр тышқан-зәресі ұшқан.

— Мен — бақа-бақа, бақылдақ.

— Мен — қоянақ-желаяқ.

— Мен — түлкешпін-бикешпін.

— Мен — бөрімін-көкжал серімін.

Бәрі бірден үн қоса:

— Ал сен өзің кімсің? — деп сұрапты.

— Мен — маймақ аюмын.

— Онда кел, үйге кіре ғой.

Аю өңмеңдеп, үйге кірмек болып оңтайланыпты. Олай қорбандайды, бұлай қорбандайды, есіктен басын сұға алмайды.

— Мен одан да үйлеріңнің төбесінде тұрайын да! — депті аю.

— Өйтсең, үйімізді жапырып тастайсың ғой!

— Жоқ, жапырмаймын!

— Кәне, төбеге шыға ғой.

Аю шатырға шығыпты — сәулетті үйді жапырып тастапты. Тұрғындар қираған үйден өлдім-талдым деп әрең шығып, әзер құтылыпты.

ӘТЕШ ПЕН БҰРШАҚ ДӘНІ



Бір әтеш пен тауық болыпты. Әтеш қит етсе асығып-үсіге беріпті. Тауық болса тақ-тақ сөйлеп:

— Әтеке, сабыр, сабыр! Әтеке, сабыр, сабыр!— дейді.

Бірде әтеш бұршақ шоқып жүріп, қомағайланамын деп қақалып қалады. Қақалған соң демі бітіп, өлген құсап тырп ете алмай, жатып қалады.

Зәре-құты ұшқан тауық үй иесі әйелге кеп жалынады:

— Ойбай, бәйбіше, бір-екі қасық май бере гөр, әтештің тамағын майлайын. Әтешім бұршаққа қақалып қалып еді,— дейді.

— Дерету сиырға бар, сүтін сұра, мен содан соң май былғап берейін,— дейді әйел.

Тауық сиыр жаққа дедектейді.

— Сиырым, құтым-ырысым, тезірек сүт бере гөр, үй иесі әйел сүттен май былғайды, маймен әтештің тамағын майлайын: әтеш бұршаққа қақалып қалып еді,— дейді.

— Дерету қожаңа бар. Маған жас шөп әкеп берсін,— дейді сиыр.

Тауық қожасына қарай жүгіреді.

— Қожайын! Қожайын! Сиырға тезірек жас шөп бере гөр, сиыр сүтін берсін, бәйбішең сүттен май былғасын, маймен әтешімнің тамағын майлайын: әтешім бұршаққа қақалып еді,— дейді.

— Шапшаң барып шалғысын әкел ұстаның.

Тауық аяғы-аяғына жұқпай ұстаға қарай ұшады.

— Ұста, ұста, қожайынға жылдамырақ жақсы шалғынды берші. Қожайыным сиырға шөп берсін, сиыр сүтін бәйбішеге берсін, бәйбіше майынан берсін, мен маймен әтешімнің тамағын майлайын: әтешім бұршаққа қақалып қалып еді,— дейді.

Тауық әтештің тамағын майлапты. Бұршақ анадай жерге ытып шығыпты. Әтеш ұшып тұрып, тамағы жыртылғанша «ку-ка-ре-ку!» деп айғайға басыпты.

БАУЫРСАҚ



Бір кемпір мен шал болыпты. Бірде шал жалынып: — Кемпірім-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші,— дейді.


— Неден пісірейін? Ұн жоқ қой.

— Әй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсең ғой — бауырсақтық ұн шығар-ау.

Кемпірі солай істейді: қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына суытқалы қояды.

Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан үйдің іргесіне домалап түседі, іргеден көгал үстіне домалайды, көгалдан жылжып жолға жетеді. Одан әрі жолмен зырлай жөнеледі.

Бауырсақ жолмен домалап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді:



- Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!
— Жоқ, сен мені жеме, қыли, саған қандай өлең айтып берер екем, онан да соны тыңда.

Қоян құлағын түреді, ал бауырсақ әнге басады:

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған,
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп, маймен сылаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Әжейден де құтылдым.
Қоян, сенен құтылу
Қиын емес бұ маған!

Бауырсақ алға қарай домалай жөнеледі, қоян аңырып қала береді.

Бауырсақ орман ішіндегі соқпақпен домалап бара жатса, қарсы алдынан қасқыр шыға келеді:

- Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!
— Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.
Бауырсақ әндете жөнеледі:

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған,
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп, маймен сылаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Апайдан да құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқыр, сенен құтылу
Қиын емес бұ маған!

Бауырсақ алға қарай домалай жөнеледі, қасқыр аңырып қала береді.

Бауырсақ орман ішінде домалап бара жатса, қарсы алдынан шөпшекті шырт-шырт сындырып, бұтаны иіп бүлдіріп, қорбаңбай аю шыға келеді:

- Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоям!

— Маймақ неме, мені саған жеу қайда! Одан да өлеңімді тыңдашы.

Бауырсақ өлеңдете жөнеледі, қорбаңбай аузын ашып, құлағын тосады.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған,
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп маймен сылаған,
Бауырсақпын зулаған!
Атайдан да құтылдым,
Апайдан да құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Маймақ, сенен құтылу
Қиын емес бұ маған!

Бауырсақ домалай жөнеледі, аю оның ізіне үңіледі.

Бауырсақ домалап бара жатса, қарсы алдынан түлкі шыға келеді:

— Амансың ба, бауырсақ! Көргендерге ұнайды, жүзің қызыл шырайлы!

Бауырсақ мақтағанға мәз болып, өлеңін айта бастайды. Түлкі болса құмарта тыңдаған боп, қыбырын білдірмей, бауырымен сырғып, жақындай береді.

Әжей қойма қырнаған,
Екі уыс ұн жинаған,
Балқаймаққа шылаған,
Пісіріп маймен сылаған,
Бауырсақпын зулаған,
Атайдан да құтылдым,
Апайдан да құтылдым,
Қояннан да сытылдым,
Қасқырдан да құтылдым,
Аюдан да сытылдым,
Түлкі, сенен құтылу
Қиын емес бұ маған!

— Әдемі өлең екен!— дейді түлкі.— Айналайынай, қартайған шағым ғой, құлағымның мүкісі бар. Кәне, менің мына тұмсығыма шық та, өлеңіңді тағы бір шырқап жіберші.

Бауырсақ өлеңін мақтағанға мәз болып, түлкінің тұмсығына қарғып шығады да:

— Әжей қойма қырнаған...— деп өлеңдете бастайды.

Ал түлкі бауырсақты «Ап!» деп бір-ақ асапты.

МАША ЖӘНЕ МАЙМАҚ



Баяғыда бір шал мен кемпір болыпты. Екеуінің Маша деген ерке немере қызы бар екен.

Бір күні қыздың құрбы-құрдастары орманға саңырауқұлақ пен жидек теруге бармақ болады. Машаны да шақыра келеді.

— Ататайым, әжетайым,— деп қиылады Маша,— құрбы-құрдастарыммен бірге мен де орманға барып келейінші!

Атасы мен әжесі:

— Бара ғой, бірақ байқа, құрбыларыңнан қалып қойма, өйтсең адасып кетесің,— дейді.

Қыз балалар орманға кеп, саңырауқұлақ пен жидек тере бастайды. Маша болса, ағаштан ағашқа жүгіріп, бұтадан бұтаға ауысып, құрбыларынан ұзап кетіпті.

Қыз бала дауыстап, құрбыларын шақырады. Оларға даусы жетпейді, құрбылары үн қатпайды.



Орманда олай жүріп, бұлай жүріп Маша әбден адасады. Ол орманның ең түкпіріне, ит тұмсығы өтпейтін қалыңына кіреді. Қараса, бір ағаш үй тұр екен. Маша есік қағады, ешкім дыбыс бермейді. Есікті иығымен итерсе, есік шалқасынан ашылып кетеді.

Маша үйге кіріп, орындыққа отырады.

Отырады да: «Бұнда кім тұрады екен? Ешкімнің қарасы көрінбеуі қалай?..» — деп мұңаяды.

Сөйтсе, бұл үйде алып аю тұрады екен. Қыз келгенде маймақ үйінде жоқ боп шығады. Аю орман аралап кетсе керек.

Кешке маймақ келеді, Машаны көріп, қуанышы қойнына сыймайды.

— Е, бәрекелді, — дейді аю. — Енді сені уысымнан шығармаймын! Менің үйімде тұрасың. Ошаққа от жағып, ботқа пісіресің, мені ботқаға тойдырасың.

Маша қабағы түнеріп, қатты уайымдайды. Қолдан келер амал қанша, қыз бала маймақтың үйінде тұра бастайды.

Маймақ күні ұзаққа орманға кетеді. Машаға: «Мен жоқта ешқайда аттап шығушы болма», — дейді.

— Ал осыдан алда-жалда кете қалсаң, — дейді аю, — бәрібір тауып алам да, өзіңді қылғып жеп қоям!

Маша маймақтан қалай қашып құтылам деп әрі ойлайды, бері ойлайды. Маңайдың бәрі ну орман, қай жақтан жол табарын білмейді, сұрап алар бір пенде жоқ...

Бейбақ қыз ойлап-ойлап, ақыры орайын тауыпты.

Бір күні аю орманнан оралғанда Маша оған:

— Аю! Аю! Бір күнге мені үйіме жіберші: атайым мен әжейіме сәлемдеме апарып келейін, — дейді.

— Жоқ, болмайды, — дейді маймақ сонда, — орманда адасып өлесің. Сәлемдемеңді маған бер, өзім-ақ апарып берейін.

Машаға керегі де сол екен!

Қыз көп-көп самса пісіреді, абажадай үлкен бір қорап тауып алады. Аюға:

— Бері кел, мына қорапқа самсаларды салайын, сен атайым мен әжетайыма апарып бер. Бірақ есінде болсын: жолда қораптың қақпағын ашушы болма, самсаны алушы болма. Мен еменнің басына шығып алып қарап отырамын!

— Жарайды,— дейді маймақ.— Әкел қорабыңды.
Маша:

— Есік алдына шығып қарап келші, жаңбыр жауып тұрған жоқ па екен!— дейді.

Аю тысқа шыға бергенде, Маша қораптың ішіне түсіп, самса салынған табақты төбесіне ұстай қояды.

Аю үйге қайта кірсе, қорап дайын екен. Қорапты арқалап алып, ауылға тартады.

Аю шыршалардың ара-арасымен жол шегеді, одан әрі ақ қайыңдарды қақ жарып өтеді, беткейден сайға түседі, етектен қырға шығады. Жүре-жүре шаршайды да:

— Отырып алып түбірге,
Самсаның жейін бірін мен!—

дейді өзінен-өзі.

Қорап ішіндегі Маша:

— Көріп-ақ тұрмын, көріп-ақ!
Отыра көрме түбірге,
Самсаның жеме бірін де!
Алып бар ататайыма,
Алып бар әжетайыма!—

дейді.

— Қарашы, бадырақ көз неменің,— дейді сонда маймақ,— бәрін көріп отырғанын!

Қорабын иыққа қайта салып, алға тағы тартады. Жүре-жүре тоқтап, бір жерге отырады да:

— Отырып алып түбірге,
Самсаның жейін бірін мен,—

дейді.

Ал Маша болса қорап ішінен:

— Көріп-ақ тұрмын, көріп-ақ!
Отыра көрме түбірге,

Самсаның жеме бірін де!
Алып бар ататайыма,
Алып бар әжетайыма!—

дейді сонда.

— Айлакерін қарашы өзінің! Қиянда отырып-ақ қиырдан шалады!

Жұлқынып тұрып, жылдамдай адымдайды.

Аю ауылға кеп, атай мен әжей тұратын үйді тауып алады, бар пәрменімен қақпаны тарсылдатып соғады-ай кеп:

— Тоқ-тоқ-тоқ! Ашыңдар, ашыңдар! Сендерге Машадан сәлемдеме әкеліп тұрмын.

Иттер маймақты танып қап, дүрсе қоя береді. Қора-қорадан атып шығып, абаласа тап-тап береді.

Қорқып кеткен қорбаңбай қорапты қақпа алдына қоя салып, алды-артына қарамай, орманға қарай безе жөнеліпті.

Сол сәтте атай мен әжей тысқа шыға келеді. Қорапты көздері шалады.

— Бұның ішінде не бар екен?— дейді әжей.

Атай қақпақты ашып, өз көзіне өзі сенбей аңырып тұрып қалады. Қораптың ішінде Маша отыр екен — дін аман!

Атай мен әжей мәре-сәре болыпты. Машаны құшаққа алып, құшып сүйіпті, ақылды қыз деп мақтасыпты.

ЗЫМЫРАН ҚҰС



Баяғыда Берендей деген патша болыпты, оның үш ұлы болыпты, ең кенжесінің аты Иван екен.

Патшаның тамаша бақшасы бар екен: сол бақшада алтын алмалы ағаштары өсіпті.

Белгісіз біреу патшаның бақшасына түсіп, алтын алмасын ұрлай беріпті. Бұған патшаның іші ашыпты. Патша бақшасына қарауыл қойыпты. Күзетшілер жабылып, ұры-қарыны ұстай алмапты.

Патша уайымға батыпты, ас-дәмнен қалыпты. Ұлдары кеп әкесін жұбатып:

— Аса ардақты атамыз, мұңайма, бақшаны енді өзіміз күзетеміз, — депті.

Тұңғышы:

— Бүгін менің кезегім, бақшаны тонаушыдан қорғауға барамын, — депті.

Үлкен ұлы бақшаға беттепті. Қара кештен бері қанша аңдып жүрсе де ешкімнің ізіне түсе алмапты, бір уақытта шалғынға шалқалай жатып, ұйқтап кетіпті.

Таңертең патша одан:

— Ал, кәне, мені қуантатын шығарсың, ұрыны көзің шалмады ма? — деп сұрапты.

— Жоқ, сүйікті әкеміз, түні бойы ұйқы көрмедім, кірпік ілмедім, бірақ пенде баласы көзіме түспеді.

Келесі күні түнде ортаншы ұлы күзетке барады, о да түнімен тұяқ серіппей ұйқтайды да, ертесінде ешкімді көрмедім деп шыға келеді.

Кенжесінің күзет кезегі келеді. Иван-Ханзада тырайып жатпақ түгілі, тізе бүгіп те отырмайды. Ұйқы басып бара жатса, шөптің шығымен бетін шаяды, сөйткенде ұйқысы шайдай ашылып кетеді.

Түннің жарымы өтеді, ханзада қараса, бақша іші жап-жарық боп кеткендей көрінеді. Сәт сайын самаладай жарқырайды. Бір кезде бүкіл бақша жап-жарық болады. Ханзада алма ағашына Зымыран құсы кеп қонғанын, алтын алманы шоқи бастағанын көреді.

Иван-Ханзада алма ағашқа еппен ұрланып кеп жақындап, құсты құйрығынан ұстай алады. Зымыран құсы дүр сілкініп, ұшып кетеді. Ханзаданың қолында жалғыз қауырсыны ғана қалады.

Таң атқасын Иван-Ханзада әкесіне келеді.

— Ал, кәне, ардақты Ваням менің, ұрыны ұстадың ба?— деп сұрайды патша.

— Аяулы әкеміз, ұстауын ұстағам жоқ, бірақ біздің бақшаны тонаушының ізіне түстім. Міне, белгісі. Келіп жүрген Зымыран құс екен, әкей...


Патша қауырсынды қолына алады, сол күннен былай қарай асқа да қарайды, қайғысын да ұмытады. Күндердің бір күнінде патша Зымыран құсын есіне түсіреді. Балаларын қасына шақырып:

— Қымбатты ұлдарым, бір-бір тұлпар сайлап, кең дүниені кезсеңдер, жер танысаңдар етті. Зымыран құсының ізін тапсаңдар етті,— дейді.

Ұлдары әкесіне тағзым етіп, бір-бір тұлпар ерттеп мініп сапарға шығады. Үлкені бір жаққа, ортаншысы екінші жаққа, ал Иван-Ханзада үшінші бір тарапқа тартады. Иван-Ханзада ұзақ па, қысқа ма, біраз жол жүреді. Жаздың күні екен. Ханзада жол соғып қалжырайды да, аттан түсіп, тұлпарын қоя береді, өзі көгалға жантайып, қор ете түседі.

Арада уақыт аз өте ме, көп өте ме, кім білсін, әлден уақытта Иван-Ханзада оянады. Қараса — аты жоқ, атын іздеп олай сабылады, былай сабылады, атын табады — аппақ сүйек қаңқасының ғана үстінен шығады.

Иван-Ханзада уайымға батады. Атсыз ит арқасы қиянға қалай жетпек?



«Амал бар ма, — деп ойлайды ол, — әйтеуір, қолға алдың екен, ісінді тындырып бақ!»

Сөйтіп жаяу тартады. Жүре-жүре, өлімші боп шаршайды. Жұмсақ шалғында отырып алып, аһылап-үһілейді. Сөйтіп отырғанда, қайдан шыққаны белгісіз, бір сұр қасқыр сап ете түседі.

— Немене, Иван-Ханзада, еңсең түсіп, егіліп отырсың?

— Қайғырмай қайтейін, сұр қасқыр! Жақсы атымнан айрылып, жаяу қалдым.

— Иван-Ханзада, сенің атыңды жеген мына мен... Саған жаным ашиды-ақ! Айтшы, алысқа не іздеп шықтың, қайда тартып барасың?

— Мені әлемді аралап танып қайт, Зымыран құсын тауып қайт деп әкем жіберді.

— Тфу, тфу!.. Зымыран құсының мекеніне сен өз тұлпарыңмен үш жылда да жете алмайтын едің. Зымыран құсының қайда екенін мен ғана білемін. Мейлі, ендеше, былай болсын — атыңды жеген айыбыма саған қолғабысымды тигізейін. Мін арқама, тек нық отыр.

Иван-Ханзада сұр қасқырға аттай мініп алыпты, сұр қасқыр ұшырта жөнеліпті, көк ормандарды көсілтпін кейін қалдырады, көгілдір көлдерді құйрығымен тегістейді. Ұзақ-ұзақ жол жүріп, аз ғана емес мол жүріп, биік дуалды қамалға жетеді. Сұр қасқыр сөйлеп кетеді:

— Иван-Ханзада, сөзіме менің құлақ ас, ұмытпай сақта есіңе: қабырғадан қарғып түс, іркілме; сәт сағат осы де, күзетшілер тегіс ұйқыда. Кең сарайдың терезесін көресің, терезе алдында алтын тор тұр, тор ішінде Зымыран құсы отыр. Құсын ал да, қойныңа тық, торына тиюші болма!— дейді.

Ханзада қабырғадан қарғып түседі, әлгі сарайды көреді, терезе алдында тор тұр екен, тор ішінде Зымыран құс отыр. Иван құсты алып, қойнына тығады. Бірақ тордан көзін ала алмайды. Қызығып кетеді, жүрегі лүп-лүп етеді: «О, шіркін — өзі алтын, өзі неткен қымбат дүние! Бұндайды қалай алмасқа!»— деп қызығады. Қасқырдың айтқаны есінен шығып кетеді. Қолы торға тиер-тиместе бүкіл қамалға дабыл қағылады, кернейлер күмбірлейді, дауылпаздар дүрілдейді, күзетшілер оянады, Иван-Ханзаданы ұстап алысады да, Афрон патшаға алып барады.

Афрон патша ашуланып, кәріне мінеді:

— Кімнің баласысың? Қайдан жүрсің?— деп тергейді.

— Мен — Берендей патшаның баласы Иван-Ханзадамын.

— Ұят-ай, ұят-ай! Патшаның баласы ұрлық қылып жүргені қалай?

— Сіздің құсыңыз біздің бақшаны тонап, бүлдірсе ше?

— Менің алдыма келмейсің бе, абырой-беделінді салып сұрамайсың ба, мен сенің атыңды, Берендей патшаны сыйлағандықтан сұрағаныңды бере салмаймын ба. Ал енді, міне, сенің жаманатыңды жан-жақтағы қалаларға жаямын... Ал, жарайды, маған бір қызмет көрсетсең, кінәнді кешірейін. Пәленше деген патшалықтың Құсман деген патшасында алтын жалды ат бар. Сол атты маған әкеп берсең, Зымыран құсты тор-морымен қияр едім.

Ханзада Иван қапаланады да, сұр қасқырға келеді.

Қасқыр оған:

— Мен саған айтпап па едім алтын торға тиме деп! Менің тілімді неге алмадың?— дейді.

— Кешіре гөр, кеш мені, сұр қасқыр.

— Пәлен-пәштуан, кешір... дейсің. Жарайды, мін арқама. «Ауырды алсаң мойынға, ауыр зіл екен деп мойыма» деген.

Сұр қасқыр қайтадан сілтеп береді. Ұзақ-ұзақ жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп, алтын жалды ат байлаулы қамалға жетеді.

— Ханзада Иван, қабырғадан қарғып түс, күзетшілер ұйқыда, ат қораға кір, атты жетеле, бірақ жүгеніне тиме.

Иван-Ханзада қамалдың дуалынан қарғып ішке кіреді, кірсе күзетшілер шетінен ұйқыда екен, ат қораға енеді, алтын жалды атты ұстайды, жүгеніне қызығып кетеді, асыл тастармен қапталған екен, алтын жалды атқа ғана жарасатын әбзел.

Иван-Ханзада жүгенге саусағын тиер-тигізбесте бүкіл қамалға дабыл қағылады; кернейлер күмбірлейді, дауылпаздар дүрілдейді, күзетшілер оянады, Иван-Ханзаданы ұстап алысады да, Құсман патшаның алдына алып барады.

— Кімнің баласысың? Қайдан жүрсің?— деп тергейді патша.

— Мен Иван-Ханзадамын.

— Сөз болғаныңа, қандай ақымақсың өзің. Ұрлыққа үйір болғаның не? Бұндай жаман мінезге бейшара мұжық та қадам баспас еді. Ал, жарайды, Иван-Ханзада, маған бір қызмет көрсетсең, кінәнді кешірейін. Далмат патшаның Елена Ару деген қызы бар. Соны алып қаш та әкеп бер, мен саған алтын жалды атымды жүген-мүгенімен қияр едім.

Ханзада бұрынғыдан бетер қапаланады да, сұр қасқырға келеді.

— Айтпап па едім, Иван-Ханзада, жүгенге жуыма деп! Менің тілімді алмапсың.

— Кешіре гөр, кеш мені, сұр қасқыр.

— Пәлен-пәштуан, кешір-мешір... Жарайды енді, кел, мін, арқама.

Сұр қасқыр қайтадан сілтеп береді. Шапқылап отырып Далмат патшаның сарайына жетеді. Қамалдың ішіндегі бақшада Елена Ару сайрандап жүр екен. Қасында күтуші шешелері мен нөкерлері бар.

Сұр қасқыр сонда:

— Бұл жолы сені жұмсамай, өзім барайын. Сен келген із-жолымызбен кері қайта бер, көп ұзамай қуып жетемін, — дейді.

Иван-Ханзада келген із-жолымен кері қайтады. Сұр қасқыр қабырғадан бір-ақ қарғиды да, бақшаның ішіне түседі. Бұтаның тасасына тығылып, көз тігеді: қасында күтуші шешелері мен нөкерлері бар Елена Ару шығады. Серуендеп-серуендеп, күтуші әйелдер мен нөкерлерінен сәл-пәл кейіндей бергенде, сұр қасқыр Елена Аруға шап береді де, арқасына салып алып, тайып отырады.

Ханзаданы сұр қасқыр қуып жетеді, арқасында Елена Ару. Иван-Ханзаданың қуанышы қойнына сыймайды, ал сұр қасқыр оған:

— Кел, арқама мін, әйтпесе қуғыншылар ізімізге түсуі мүмкін, — дейді.

Арқасына Иван-Ханзада мен Елена Аруды мінгізіп, сұр қасқыр ұшырта жөнеледі, көк ормандарды көсілтіп кейін қалдырады, көлдерді құйрығымен тегістейді. Ұзақ-ұзақ жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп, Құсман патшаның қамалына жетеді. Сұр қасқыр:

— Немене, Иван-Ханзада, неге ренжідің, үн қатпайсың ғой, — деп сұрайды.

— Қайғырмай қайтейін, сұр қасқыр? Мынандай сұлудан қалай айрыламын? Елена Аруды көзім қиып атқа қалай айырбастайын?

Сұр қасқыр:

— Сені сұлудан айырмаймын — бойжеткенді бір

жерге жасырамыз,— ал мен Елена Арудың кейібіне енейін, сен мені патшаға алып бар,— дейді.

Сол арада екеуі Елена Аруды ормандағы үйге жасырады. Сұр қасқыр басымен бір төңкеріліп түседі де, Елена Ару боп шыға келеді. Оны Иван-Ханзада Құсман патшаға алып барады. Патша қуанып кетеді, Ханзадаға алғысын айтады.

— Маған қалыңдық әкеп берген Иван-Ханзада, саған көп рақмет. Алтын жалды атты жүгенімен ала ғой,— дейді.

Иван-Ханзада әлгі атқа мініп алып, Елена Аруға барады. Аруды атқа мінгестіріп, келген із-жолмен елге тартады.

Ал Құсман патша үйлену тойын жасап, ала таңнан қара кешке дейін тойлайды. Түнде Елена Аруды жатар бөлмеге алып кіреді. Жаңа ғана басы жастыққа тие бере қараса, жас келіншектің орнында қасқырдың тұмсығы қараяды! Зәресі ұшқан патша төсектен құлап түседі, қасқыр қарасын өшіреді.

Сұр қасқыр Иван-Ханзаданы қуып жетіп:

— Нені ойлап кеттің, Ханзада?— деп сұрайды.

— Неге ойға батпайын? Мынандай қазынаны — алтын жалды атты қимай келем, Зымыран құсқа айырбастауға аяп келем.

— Мұнайма, мен қол ұшын берем саған.

Олар Афрон патшаның қамалына да жетеді.
Қасқыр:

— Мына ат пен Елена Аруды сен бір жерге жасыр, ал мен аттың кейібіне енейін, сен мені Афрон патшаға алып бар,— депті.

Олар Елена Ару мен алтын жалды атты орманға тығады. Сұр қасқыр бір аунап түседі де, алтын жалды ат боп шыға келеді. Иван-Ханзада оны Афрон патша алдына алып барады. Патшаның қуанышы қойнына сыймайды да, Зымыран құсын торымен қоса Ханзаданың қолына ұстатады.

Иван-Ханзада орманға жаяу қайтады да, Елена

Аруды алтын жалды атқа мінгестіріп, қолына алтын тордағы Зымыран құсты қондырып, туған еліне тартады.

Патша Афрон болса, өзіне сыйға тартылған атты ерттеп әкеліндер деп бұйырады, енді ғана үзеңгіге аяқ салмақ болған сәтте ат сұр қасқыр боп шыға келеді. Үрейі ұшқан патша тұрған орнында мұрттай ұшады. Ал сұр қасқыр тайып береді де, көп ұзамай-ақ Иван-Ханзаданы қуып жетеді.

— Ал, енді қош бол, менің әрі қарай баруыма болмайды,— дейді сұр қасқыр

Иван-Ханзада атынан түсіп, тізе бүгіп үш қайта тағзым етіпті. Сұр қасқырды сыйлап, алғыс сезімін білдіріпті. Ал қасқыр:

— Менімен біржола қоштаспай ақ қой, менің әлі саған керегім болар,— дейді.

Иван-Ханзада: «Сенің қай жерге керегің болмақ? Менің ойымдағының бәрі орындалды»,— деп ойлайды. Алтын жалды атқа қайта қонып, Елена Аруымен, Зымыран құсымен бірге жолға шығады. Өз өлкесінің шегіне жеткен соң, жолда жарты күн аунап-қунағысы келеді. Қоржынында аздаған наны бар екен.

Арумен екеуі нанды бөліп жеп, сусынын қандырып, демалуға жантаяды.

Иван-Ханзаданың көзі ұйқыға барар-бармаста екі туысы тап бола қалады. Олар өзге жерлерді кезіп, Зымыран құсты таппай құр алақан қайтқан беттері осы екен.

Тап болған жерде екеуі қараса, Иван-Ханзада мол олжаға батқан екен. Екеуі ауыз біріктіріп, арамдық ойлайды:

— Кәне, інімізді өлтірейік, бар олжасы сонда бізге көшеді,— деседі.

Соған бел байлап, інілерін өлтіреді. Алтын жалды атқа қонып, Зымыран құсын алып, Елена Аруды да қыл құйрыққа отырғызады. Сұлуды қорқытып:

— Үйде жұмған аузыңды ашушы болма!— деседі.

Өліп жатқан Иван-Ханзаданың төбесінен құзғын қаргалар төне бастайды. Осы сәтте, — қайдан жеткенін кім білсін, — сұр қасқыр келе қалады. Бір қарғаны балапанымен қоса ұстап алады.

— Қарға, сен ұшып бар да, өлі су мен өмір суын — әбілхаят суын әкел. Әлгі екі суды әкелсең, балапаныңды босатамын, — дейді қасқыр.

Қарғаның қарсыласар қауқары жоқ, ұшып кетеді, қасқыр балапанды ұстап отырады. Құзғын көп ұшты ма, аз ұшты ма, — әйтеуір, өлі су мен өмір суын алып келеді. Сұр қасқыр Иван-Ханзаданың жарасына өлі су себеді, жарасы жазыла қалады, сосын әбілхаят суымен ұшықтаған екен — Иван-Ханзада тіріліп түрегеліпті.

— Пай, пай, қатты-ақ ұйқтаған екенмін!

— Иә, қатты ұйқтадың, — дейді сұр қасқыр. — Мен болмасам мүлдем оянбауың мүмкін еді. Туған екі ағаң сені өлтіріп, бар олжаңды алып кетті. Ал, арқама тез мін.

Бұлар құйғытып отырып, екі ағасына жетеді. Жеткен бойда сұр қасқыр екеуін жарып тастап, парша-паршасын шығарады, тамтығын далада қалдырады.

Иван-Ханзада сұр қасқырға тағзым етіп, біржола қош айтысады.

Иван-Ханзада үйге алтын жалды атпен оралады, әкесіне Зымыран құсын, өзіне қалыңдыққа Елена Аруды әкеледі.

Берендей патша мәре-сәре болады, ұлынан сапарының егжей-тегжейін сұрады. Иван-Ханзада олжа түсіруде сұр қасқырдың қызмет-қолғабыс еткенін, ұйқтап жатқанда өзін екі ағасының қалай өлтіргенін және ол екеуін сұр қасқырдың қалай жарғанын айтып береді.

Берендейдің екі ұлының өліміне қабырғасы қайысады, бірақ іле-шала жұбанады. Иван-Ханзада Елена Аруға үйленеді, сөйтіп олар мұратына жетіпті, қайғы көрмей өтіпті.

ТҮЛКІ, ҚОЯН ЖӘНЕ ӘТЕШ



Баяғыда түлкі мен қоян көрші тұрған екен. Түлкінің үйі мұздан қаланыпты да, қоянның үйі ағаштан салыныпты.

Көктем келгенде түлкінің үйі еріп кетеді, ал қоянның үйі бұрынғысынша тұра береді. Түлкі жылынып шығайын, үйіңе кіргізші деп қоянға келіп жалынады да, кіріп алған соң, қоянның өзін қуып шығады. Өз үйінен қуылып далада қалған қоян жылап келе жатқанда, алдынан иттер кездеседі.

— Уа, қоян, неге жылайсың?

— Жыламай қайтейін. Менің үйім ағаштан салынған еді, ал түлкінің үйі мұздан қаланған еді. Көктемде оның үйі еріп кетті. Ол жылынып шығайын деп жалынып үйге кіріп алды да, ақырында менің өзімді қуып шықты.

— Жылама, қоян, біз оны қуып шығамыз,— дейді иттер.

Бәрі үйдің жанына келеді.

— Ав-ав-ав! Әй, түлкі, шық үйден!

Ал түлкі пештің үстінде жатып:

— Үйден атып шығып тап берсем, түте-түтеле-ріңді шығарармын!— дейді.

Иттер қорқып қаша жөнеледі.

Қоян талдың түбіне отыра қалып тағы жылайды. Жанынан бір аю өте берген еді.

— Уа, қоян, неге жылайсың?

— Жыламай қайтейін. Менің үйім ағаштан салынған еді, ал түлкінің үйі мұздан қаланған еді. Көктемде оның үйі еріп кетті. Ол жылынып шығайын деп



жалынып үйге кіріп алды да, ақырында менің өзімді қуып шықты...

— Жылама, қоян, мен оны қуып шығамын,— дейді аю.

— Жоқ, аю, қуып шыға алмайсың. Иттер қумақ болып еді, қуа алмады, сен де қуа алмайсың.

— Жоқ, қуып шығамын.

Екеуі үйдің жанына келеді.

— Әй, түлкі, шық үйден!— деп ақырады аю.

Ал түлкі пеш үстінде жатқан қалпы:

— Үйден атып шығып тап берсем, түте-түтенді шығарармын!— дейді.

Аю қорқып, кетіп қалады.

Қоян байғұс талдың түбінде жылап отырады. Жанынан бір алтын айдарлы әтеш өте береді, иығына асып алған шалғысы бар. Қоянды көріп:

— Қоян-ау, жылап отырғаның қалай?— дейді.

— Жыламай қайтейін,— дейді қоян.— Менің үйім ағаштан салынған еді, ал түлкінің үйі мұздан қаланған еді. Оның үйі еріп кетті. Ол жылынып шығайын деп жалынып үйге кіріп алды да, ақырында менің өзімді қуып шықты...

— Жүр, мен оны қуып шығайын.

— Жок, қуып шыға алмайсың. Иттер қумақ болып еді, қуа алмады, аю қумақ болып еді, қуа алмады, сен де қуа алмайсың.

— Ал мен қуып шығамын, жүр!

Екеуі үйдің жанына келеді.

— Ку-ка-ре-ку! Иығыма асқан шалғым бар, түлкі-ні шаппақ ойым бар. Кәне, түлкі, табаныңды жалтырат!— деп шақырады әтеш.

Қорқып қалған түлкі:

— Киімімді киейін,— дейді.

— Ку-ка-ре-ку! Иығыма асқан шалғым бар, түлкі-ні шаппақ ойым бар. Кәне, түлкі, табаныңды жалтырат!

Түлкі:

— Тонымды киіп жатырмын,— дейді.

Әтеш үшінші ретте:

— Ку-ка-ре-ку! Иығыма асқан шалғым бар, түлкі-ні шаппақ ойым бар. Кәне, түлкі, табаныңды жалтырат!— деп бұрынғыдан бетер қатты шақырады.

Түлкі үйден атып шығып, орманға тұра қашады. Осыдан соң қоян өз үйін қайтадан мекен етеді.

«ҚОРЫҚҚАНҒА ҚОС КӨРІНЕДІ»



Баяғыда қартайған әже, күлегеш немере, қытқыттай беретін тауық және пештің астын мекендеген тышқан бірге өмір сүріпті.

Олар күн сайын су алуға барады екен. Әжесінің қолында үлкен шелек, немересінің қолында кішірек



шелек, тауықта қиярдың үлкендігіндей, тышқанда оймақтай ғана шелек бар.

Әжесі суды құдықтан алады, немересі астаудан, тауық шалшықтан, тышқан торай тұяғының ізіне жиналған судан алады.

Олар кейін қайтқанда, шелектеріндегі су шалп-шалп, шолп-шолп етеді.

Бір жолы бұлар су алған соң, жолшыбай бақшаның ішімен үйге қайтып келе жатқан.

Бақшада алма ағашы өсіп тұр. Оның бұтақтарында самсаған алма. Ал алма ағашының түбінде қоян отырған. Алма ағашының бұтағы қатты желден шайқалып кетеді де, үзіліп түскен бір алма тақ етіп қоянның маңдайына келіп тиеді.

Қоян орнынан ата жөнелгенде, байқаусызда су әкеле жатқандардың аяғына барып оралады.

Су әкеле жатқандар үрейлері ұша қорқып, шелектерін тастай сала үйлеріне қашады. Әжесі сәкіге құлай кетеді, немересі әжесінің артына тығылады, тауық пештің үстіне ұшып шығады, ал тышқан пештің

астындағы қуысты барып паналайды. Әжесі: «Ойпырмай! Аюдың мені таптап кете жаздағаны-ай!»— деп сарнайды.

Немересі: «Әже, бір құбыжықтай қасқыр маған тап берді!»— деп жылайды.

Тауық пештің үстінде тұрып: «Қыт-қыт-қыт! Түлкі мені аңдып жүр екен, жеп қоя жаздады!»— дейді.

Ал пештің астындағы тышқан: «Әлгі мұрты едірейген дәу мысықтың үрейімді ұшырғаны сондай, жаным шығып кете жаздады!»— деп шикылдайды.

Ал бұл кезде зытып отырып орманға келген қоян бір талдың түбін паналап бұға қалады да, былайша ойлайды: «Басыма мұндай қауіп төнбес! Төрт бірдей аңшы соңыма түсті, бәрінің де иті бар; әйтеуір, жеткізбей құтылып кеттім-ау!»

«Қорыққанға қос көрінеді» деген осы да.

МЫСЫҚ, ӘТЕШ ЖӘНЕ ТҮЛКІ



Мысық пен Петя атты әтеш орманда бірге тұрыпты.

Мысық таңертең ерте тұрып ылғи аңға шығады, ал әтеш үйді күзетіп қалады. Мысық аңға кеткенде, әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып алып өзінің үйреншікті даусымен ку-ка-рекуге басады, мысықтың келуін күтеді.

Бірде жақын маңда жортып жүрген түлкі әтештің даусын естиді, сол-ақ екен, оның әтеш етін жегісі келіп кетеді. Ол терезенің түбіне келіп отыра қалады да, сызылта үн қатып былай дейді:

— Әтешім-ай, әтешім,
Алтын айдар, уа, әтеш,
Терезеден қарай ғой,
Бұршақ берем, ала ғой.

Әтеш терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап, арқасына бөктеріп ала жөнеледі.

— Түлкі мені бөктеріп ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құт-қарсаңшы, қайдасың!— деп айғай салады үрейі ұшқан әтеш.

Мысық жақын жерде жүр еді, әтештің даусын естиді де, түлкінің соңынан қуып кеп береді, әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.

Келесі күні аңға шығуға дайындалып жатып, мысық әтешке былай дейді:

— Байқа, Петя, терезеден қарама, түлкіні тыңдама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.

Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйдің ішін жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға ұшып шығады — сырғауылдың үстінде қонақтап отырып шақыра бастайды, мысықтың келуін күтеді.

Бұл кезде түлкі де жылмаңдап келе қалған еді. Ол бұл жолы да терезенің түбіне отыра қалып былай дейді:

— Әтешім-ай, әтешім,
Алтын айдар, уа, әтеш,
Терезеден қарай ғой,
Бұршақ берем, ала ғой.

Әтеш оның сөзін тыңдағанмен, сыртқа қарамайды. Түлкі бір уыс бұршақты терезеден шашып жібереді. Әтеш бұршақты шоқып жейді, бірақ терезеден басын шығармайды. Сонда түлкі былай дейді:

— Сен, Петя, өзің мүлде тәкаппар болып кетіпсің ғой. Қарасаңшы, бұршағым көп-ақ, мұның бәрін қайда қоямын.

Петя терезеден басын шығарып қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап алады да, бөктеріп ала жөнеледі. Әтеш үрейі ұшып айғай салады:

— Түлкі мені бөктеріп ну орманмен қашпақшы, биік таудан аспақшы. Бауырым, менің мысығым, құтқарсаңшы, қайдасың!

Мысық алыста жүрсе де әтештің даусын естиді. Түлкінің соңынан бар пәрменімен қуа жөнеледі, әтешті аман алып қалып, үйге ертіп әкеледі.

Үшінші күні мысық аңға шығуға дайындалып жатып ақылын айтады:

— Байқа, Петя, мен бүгін алысқа барып аң аулаймын, қалай айғайласаң да, бәрібір маған даусың жетпейді.

Түлкіні тыңдама, терезеден қарама, әйтпесе ол сені ұстап алады да, жеп қояды.

Мысық аңға кетеді, ал әтеш үйді жақсылап жинайды, еденді айнадай етіп жуады, содан кейін сырғауылға шығып қонақтайды да, шақыра бастайды, мысықтың келуін күтеді.

Түлкі тағы да келе қалады.

Ал әтеш қарамай қояды. Сонда түлкі былай дейді:

— Уа, әтешім, саған айтайын деген сөзім бар еді. Асығып келу себебім де сол. Жолмен жортып келе жатып көргенім: мұжықтар тары тасыды, бір қап тесік екен, ішіндегі барлық тарысы жолға шашылып қалыпты, теріп алатын ешкім жоқ. Терезеден қарасаң көрсең.

Әтеш бұл сөзге сеніп, терезеден қарайды, түлкі оны шап беріп ұстап алады да, бөктеріп ала жөнеледі. Әтеш қанша жыласа да, бар даусымен қанша шақырса да, мысық естімейді. Түлкі әтешті сол көтерген қалпы өз үйіне алып келеді.

Мысық үйге келсе, әтеш жоқ. Әтешті жоқтап

қанша қайғырғанымен мұнан келер пайда болмады. Одан да іздеп тауып, жолдасын құтқаруы керек, оны дәу де болса түлкі алып кеткен шығар.

Мысық әуелі базарға барады, онда өзіне етік, көк шекпен, қауырсын қыстырылған қалпақ және музыка аспабын — гусельки сатып алады. Сөйтіп нағыз музыкант болып шыға келеді. Мысық орманды аралап келе жатып гуселькиді тартып өлең айтады:

— Дыңғырлаттым гусельки,
Ішегі алтын, мінеки,
Дыңғырлаттым гусельки,
Ішегі алтын, мінеки.

Бір кезде ол бір үйге келеді, терезесінен қараса, түлкі пеш жағып жатыр екен. Енді мысық есіктің алдына келіп, гуселькиді күмбірлетіп тартып-тартып жібереді де, әндетіп қоя береді:

— Дыңғырлаттым гусельки.
Ішегі алтын, мінеки,
Үйде ме екен бұл түлкі?
Шықшы сыртқа, әй, түлкі!

Түлкі біреудің өзін шақырып жатқанын естиді, ал шығып қарайын десе, қолы тиер емес, құймақ құйып жатқан. Ол өзінің қызы Чучелканы жұмсайды.

— Баршы, Чучелка, мені шақырып тұрған кім екен?

Чучелка сыртқа шығады, сол кезде мысық оны қақ маңдайдан қойып қалады да, арқасындағы қапқа тастай салады. Содан кейін қайтадан музыка ойнатып ән шырқайды:

— Дыңғырлаттым гусельки,
Ішегі алтын, мінеки,
Үйде ме екен бұл түлкі?
Шықшы сыртқа, әй, түлкі!

Түлкі біреудің өзін шақырып жатқанын естиді, бірақ пешті тастап кете алмайды, құймақ күйіп кетеді. Екінші қызын — Подчучелканы жұмсайды.

— Баршы, Подчучелка, мені шақырып тұрған кім екен, біліп келші.

Подчучелка сыртқа шығады, сол кезде мысыкекең оны да қақ маңдайдан қойып қалып, арқасындағы қапқа тастай салады, ал өзі қайтадан әндетеді:

— Дыңғырлаттым гусельки,
Ішегі алтын, мінеки,
Үйде ме екен бұл түлкі?
Шықшы сыртқа, әй, түлкі!

Түлкіге пештің жанынан кетуге болмайды, жұмсайын десе ешкім жоқ — тек әтеш қана қалған. Әтештің жүнін жұлып, қуырып жейін деп отыр еді. Түлкі амалсыздан әтешті жұмсайды:

— Баршы, Петя, мені шақырып тұрған кім екен, біліп келші, сосын тез үйге қайтып кел!

Әтеш сыртқа жүгіріп шығады, ал мысық оны шап беріп ұстап алып қапқа салады да, бар пәрменімен үйіне қарай шапқылай жөнеледі.

Содан бері мысық пен әтеш қайтадан бірге тұрып жатыр, ал түлкі енді қайтып оларға жолаған жоқ.

ҚЫЗ БЕН ТҮЛКІ



Баяғыда бір кемпір мен шалдың Аленушка деген немересі болыпты.

Құрбылары орманнан жидек теруге жиналады да, бізбен бірге жүр деп Аленушкаға келеді. Әжесі мен атасы көпке дейін немересін жібергісі келмей отырып



алады. Артынан барып көнеді, екеуі немересіне «құрбыларыңнан бөлініп қалма» деп қатты тапсырады.

Қыздар орманды аралап жидек тереді. Бір ағаштан соң екінші ағаш кедергі жасап, Аленушка бірте-бірте құрбыларынан артта қалып қояды. Құрбылары қанша айғайлап шақырса да, қыз олардың даусын естімейді.

БІмырт үйіріліп, қараңғы бола бастайды. Құрбылары үйлеріне қайтып кетеді. Аленушка жападан-жалғыз қалады. Ағаштың басына шығып, еңіреп жылап мұңын шағады.

Өтіп бара жатқан аю:

— Әй, қыз, неге жылап отырсың? — деп сұрайды.

— Жыламағанда қайтейін, аю атай-ау? Мен атам мен әжемнің жалғыз немересі — Аленушкамын. Мені қыздар еліктіріп орманға алып келді де, жападан-жалғыз тастап кетті.

— Түс, сені үйіңе алып барайын!

— Жоқ, сенен қорқамын: мені жеп қоясың.

Аю кетіп қалады. Ал Аленушка қайтадан көз жасын төгіп мұңын шағып жылай бастайды.

Өтіп бара жатқан қасқыр:

— Әй, қыз, неге жылап отырсың? — деп сұрайды.

— Қасқыр-ау, жыламай қайтейін? Мен атам мен әжемнің жалғыз немересі — Аленушкамын. Мені қыздар еліктіріп орманға алып келді де, жападан-жалғыз тастап кетті.

— Түс, сені үйіңе алып барайын!

— Жоқ, сенен қорқамын: мені жеп қоясың.

Қасқыр жорта жөнеледі, ал қыз қайтадан жылап, мұңын шағады.

Жанынан жүгіріп өтіп бара жатқан түлкі:

— Әй, қыз, неге жылап отырсың? — деп сұрайды.

— Жыламай қайтейін, түлкі-ау? Мен атам мен әжемнің жалғыз немересі — Аленушкамын, мені қыздар еліктіріп орманға алып келді де, жападан-жалғыз тастап кетті.

— Түс, сені үйіңе алып барайын!

Қыз ағаштан түсіп, түлкінің арқасына отырады, түлкі қызды алып деревняға қарай жортады. Үйге келіп жетеді де, құйрығымен қақпаны сабалай бастайды.

— Бұл кім?

— Мен түлкімін, сендерге немерелерің Аленушканы алып келдім.

— Уа, қымбаттым, үйге кір, қонақ бол. Төрге шық, дәм тат.

Шал мен кемпір сүт, жұмыртқа алып келеді. Барын түлкінің алдына қойып, бәйек болады да қалады. Түлкі тойып алады да, орманға тартып отырады.

ТҮЛКІ МЕН ҚАСҚЫР



Түлкі жолмен жортып келе жатып, жейтін бірдеңе табылып қалар ма екен деп жан-жағына қарайды. Ол шанасына балық тиеп әкетіп бара жатқан мұжықты көреді. Түлкі оның алдын орағытып барып, аяғын серейтіп, өтірік өлген болып жолға жата қалады. Таяп келіп тоқтаған мұжық түлкіні олай-былай аударып көріп:

— Әйелімнің тонына тамаша жаға шығады екен, — дейді.

Мұжық түлкіні құйрығынан алып шанаға тастайды да, үстін жөкемен жауып қояды: ал өзі атын жаяу айдап, ізімен аяндап жүріп кетеді.

Түлкі қу көп жатпайды, шананың астын теседі де, сол тесіктен балықты ақырын сырғытып жерге тастай береді... Бір-бірлеп барлық балықты тастап болған соң, енді өзі ептеп қана шанадан түсіп қалады.

Үйіне келіп жеткен мұжық:

— Уа, кемпірім, сенің тоныңа қандай жаға әкелгенімді көрші!— дейді.

— Кәне?

— Әне, шанада жатыр, балық та, жаға да сонда.

Кемпірі шананы барып қараса, жаға да, балық та жоқ.

Шал түлкінің өтірік өлген болып жатқанын енді ғана біледі. Бірақ өкінгенмен не пайда?

Түлкі інінің аузына тасып алған балығын жеп отырған. Қараса, бір қасқыр жортып келе жатыр екен. Өзінің аштықтан іші қабысып қалыпты.

— Аманбысың, түлкі! Не жеп отырсың?

— Балық қой. Аман ба, қасеке.

— Маған тым болмаса біреуін берші.

— Өзің барып аула да, тойғаныңша же.

— Мен аулай білмеймін ғой.

— Оның несі қиын, мен ауладым ғой. Сен, қасеке, қазір өзенге бар да, құйрығыңды ойыққа малып отыр. «Ей, балықтар, келіңдер, келіп қызық көріңдер!»— дейтін бол.— Байқа, ұзақ отыр, әйтпесе балық ұстай алмайсың.

Қасқыр өзенге келіп, құйрығын ойыққа малады да:

— Ей, балықтар, келіңдер, келіп қызық көріңдер. Ей, балықтар, келіңдер, келіп қызық көріңдер!— деп сарнай бастайды.

Қасқыр ойықтың жанында түні бойы тырп етпей отырады. Құйрығы мұз болып қатып қалады. Орнынан тұрайын десе қозғала алатын емес.

«Балық қандай көп іліккен, тартып шығарудың өзі қиын»,— деп ойлады қасқыр.

Қараса, әйелдер су алуға келе жатыр. Қасқырды көре сала олар:

— Ойбай, қасқыр! Соғып алыңдар оны, соғып алыңдар!— деп айқай салады.

Бәрі жүгіріп келіп, біреуі иінағашпен, екіншісі

шелекпен, үшіншісі қолына не ілінсе сонымен қасқырды төмпештеп ұра бастайды.

Қасқыр олай бұлқынып, былай бұлқынып аласұрған кезде, құйрығы жұлынып қалады, сол-ақ екен, ол алды-артына қарамай зыта жөнеледі.

«Қап, бәлем, сені ме, сен түлкіден кегімді алмай қоймаспын»,— деп ойлайды қасқыр.

Ал түлкі балықты жеп боп, тағы бір жерден олжа түсіруді ойлайды. Ол әйелдер құймақ құйып жатқан үйге келіп кіріп, не бар екен деп кеспектегі қамырға басын тығып қарайды. Тұмсығын баттастыра қамырға былғап алады да, тұра қашады.

Жортып келе жатса, алдынан қасқыр кездеседі.

— Маған айтқан ақылыңа болайын, түлкі! Таяқ тимеген сау жерім қалған жоқ.

— Сенен тек қан шыққан екен, ал менің миымды ағызып жіберді. Сенен гөрі менің жаныма қатты батып, аяғымды зорға басып келемін,— дейді түлкі.

— Рас-ау,— дейді қасқыр,— мына қалпыңмен жүре алмайсың да ғой. Мін арқама, ініңе алып барайын.

Түлкі оның арқасына жайғасып отырады, қасқыр жорта жөнеледі.

Түлкі сол отырған қалпы күбірлей сөйлеп:

— Таяқ жеген таяқ жемегенді көтеріп келеді, таяқ жеген таяқ жемегенді көтеріп келеді,— дейді.

— Сен, түлкіжан, не деп отырсың?

— Таяқ жегенді таяқ жеген көтеріп келеді деймін мен.

— Рас-ау, жаным, рас!

ОҚТАУ ҰСТАҒАН ТҮЛКІ



Түлкі жолмен жортып келе жатып оқтау тауып алды. Оқтауды алды да, әрі қарай жүріп кетті.

Қыстаққа келді де, тақылдатып бір үйдің терезесін қақты:

— Тақ-тақ-тақ!

— Бұл кім?

— Мен түлкімін! Қонып шығайын деп едім.

— Сенсіз де үйіміз тар.

— Мен көп орын алмаймын ғой: өзім сәкіге жатамын, құйрығымды сәкінің астына жіберемін, оқтауды пештің қуысына қоямын.

Түлкіні үйге кіргізді.

Міне, түлкі өзі сәкіге жатты, құйрығын сәкінің астына жіберді, оқтауды пештің қуысына қойды.

Түлкі ертелетіп тұрды да, оқтауды отқа жақты, сонан соң үй иесіне дау салды:

— Менің оқтауым қайда? Оқтауымның ақысына тауық бересің!

Амалы құрыған мұжық оған оқтауы үшін тауық берді.

Тауықты олжалап алған түлкі әндетіп келеді:

Түлкі жортып келе жатты,
Жолшыбай бір оқтау тапты,
Оқтау үшін тауық алды!

Сөйтіп ол басқа қыстаққа келіп, терезе қақты:

— Тақ-тақ-тақ!

— Бұл кім!

— Мен түлкімін! Қонып шығайын деп едім.

— Сенсіз де үйіміз тар.

— Мен көп орын алмаймын ғой: өзім сәкіге жатамын, құйрығымды сәкінің астына жіберемін, тауықты пештің қуысына қоямын.

Түлкіні үйге кіргізді.

Түлкі өзі сәкіге жатты, құйрығын сәкінің астына жіберді, ал тауықты пештің қуысына қойды.

Таңертең ерте түлкі білдірмей ғана тұрды да, тауықты ұстап алып жеп қойды, сонан соң үй иесіне дау салды.

— Менің тауығым қайда? Тауығым үшін қаз бересің!

Амалы құрыған үй иесі түлкіге тауық орнына қаз берді.

Қазды олжалап алған түлкі әндетіп келеді:

Түлкі жортып келе жатты,
Жолшыбай бір оқтау тапты,
Оқтау үшін тауық алды,
Тауық үшін қаз алды!

Кешке қарай ол үшінші бір қыстаққа келіп, терезе қақты:

→ — Тақ-тақ-тақ!

— Бұл кім?

— Мен түлкімін! Қонып шығайын деп едім.

— Сенсіз де үйіміз тар.

— Мен көп орын алмаймын ғой: өзім сәкіге жатамын, құйрығымды сәкінің астына жіберемін, қазды пештің қуысына қоямын.

Түлкіні үйге кіргізді.

Міне, түлкі өзі сәкіге жатты, құйрығын сәкінің астына жіберді, қазды пештің қуысына қойды.

Таңертең елең-алаңнан түлкі атып тұрып қазды ұстап жеп алды да, дау шығарды:

— Менің қазым қайда? Қазым үшін қызыңды бересің!

Мұжық қызын беруге қимайды. Ол үлкен итті қапқа салды да, түлкіге қаптың аузын ұстатты.

— Түлкіжан, қыз, мінеки.

Қапты арқалап жолға шыққан түлкі:

— Әй, қыз, өлең айт!— деді.

Сол кезде қаптың ішіндегі ит ырылдап қоя берді.

Қорқып кеткен түлкі қапты тастай сала қаша жөнелді...

Ал ит қаптан атып шығып оны қуып берді!

ПЫСЫҚАЙ



Баяғыда мысық, әтеш және Пысықай деген құйтақандай бала бір үйде тұрған екен. Мысық пен әтеш аң аулайды, ал Пысықай үйдің шаруасымен айналысады. Тамақ пісіреді, стол жасайды, қасықтарды дастарқан үстіне әкеліп қояды. Әдетте қасықтарды қойып жатып былай дейді:

— Мына жай қасық — мысықтікі, мынау жай қасық — әтештікі, ал мына сабына алтын жалатылған әдемі қасық менікі. Мұны ешкімге бермеймін.

Ал түлкі Пысықай үйде жалғыз өзі шаруамен айналысып жүргенін көріп, оның даусын естіп қояды да, баланы жегісі келіп кетеді.

Мысық пен әтеш аңға кетерде әрдайым Пысықайға есікті жауып ал деп тапсыратын. Бала есікті жауып алатын. Тек бір жолы ғана жабуды ұмытып кетіпті. Ол бар шаруасын тындырған: тамақ пісірді, стол жасады, енді иелері кім екенін айтып қасықтарды орын-орнына қоя бастаған-ды:

— Мына жай қасық — мысықтікі! Мынау жай қасық — әтештікі, ал мына сабына алтын жалатылған әдемі қасық, әрине, менікі. Мұны ешкімге бермеймін.

Осылай деп қасықты столға қоя бергені сол еді, баспалдақты топылдата басқан аяқ дыбысын естиді.

Қараса, түлкі келе жатыр!

Пысықай жаман қорқып, сәкіден еденге бір-ақ секіреді, қолындағы қасығы еденге түсіп кетеді, оны көтеріп алуға мұршасы жоқ, дереу пештің қуысына барып жасырынады. Ал үйге келіп кірген түлкі үйдің бұрыш-бұрышын тінте қарайды. Пысықай жоқ.

«Тұра тұр, бәлем, — дейді түлкі, — қай жерде жасырынып отырғаныңды маған өзің-ақ айтып бересің».

Түлкі столдың жанына барады да, қасық таңдай бастайды:

— Мына жай қасық — әтештікі, мынау жай қасық — мысықтыкі, ал мынау сабына алтын жалатылған әдемісін мен өзім аламын.

Осы кезде Пысықай пештің қуысынан айғайлап:

— Түке, қасығыма тимеңіз, мен бермеймін! — дейді.

— Әп, бәлем, таптым ба қайда екеніңді!

Түлкі пештің жанына жетіп барып, табанын қуысқа сұғып жібереді де, Пысықайды тырнағына іліктіріп алып шығады, сосын оны арқасына тастай салады да, орманға бір-ақ тартады.

Жүгірген бойы үйіне де келіп жетеді, пешті қыздыра жағады. Пысықайды отқа қуырып жемекші. Қуыру үшін түлкі қолына темір күрек алады да:

— Отыр мынаған, Пысықай, — дейді.

Ал бала кішкентай болса да тапқыр-ақ. Күрекке отырып, қол-аяғын жан-жаққа созып жіберіп еді, пештің аузына сыймады.

— Дұрыс отырмадың, — дейді түлкі.

Пысықай енді пешке желкесін бере отырып, аяқ-

қолын жан-жаққа жайып жібереді. Пештің аузына сыяр емес.

— Тағы да дұрыс отырмадың,— дейді түлкі.

— Олай болса, түке, сен өзің отырып көрсетсеңші.

— Әй, бір миғұла екенсің!

Түлкі Пысықайды күректен алып тастайды да, өзі секіріп мінеді, төрт аяғын бауырына, құйрығын арқасына жіберіп бір уыс болып домалана қалады. Ал бала оны дереу ішке итеріп жібереді де, пештің аузын жаба қояды, өзі сыртқа атып шығып, үйіне қарай тұра жүгіреді.

Ал үйде мысық пен әтеш:

— Мінекей, мынау жай қасық — мысықтыкі, мінекей, мынау жай қасық — әтештікі, ал сабына алтын жалатылған әдемі қасық жоқ, біздің Пысықай да жоқ, құйтақандай бауырымыз қайда екен!— деп еңіреп жылап отырған.

Мысық табанымен көзінің жасын сүртеді, әтеш көзінен аққан жасты қанатымен сығады.

Кенет баспалдақта аяқ дыбысы естіледі, бұл жүгіріп келе жатқан Пысықай еді, өзі дауыстай келеді:

— Міне, мен келдім! Ал түлкі пештегі отқа қуырылып қалды.

Мысық пен әтеш қуанып, екеуі екі жақтан Пысықайды ал кеп сүйсін, сөйтіп мысық, әтеш, Пысықай үшеуі қазір де сол үйде тұрып жатқан көрінеді.

ТОРҒАЙ, ТЫШҚАН, ҚҰЙМАҚ



Баяғыда орманның шетінде, жып-жылы ұядай ғана үйде қанатты торғай, түкті тышқан және майлы құймақ үшеуі туыстасып, дос болып тұрған екен.

Торғай даладан ұшып келген-ді, тышқан мысықтан қашып келіп осы үйді паналаған-ды, құймақ табаны тастай қашыпты.

Олар бірін-бірі ренжітпей, тату-тәтті өмір сүріп жатты. Әрқайсысы өз шаруасын тындырып, біріне-бірі көмектесті. Торғай тамақ тасыды — егістіктен дән, орманнан саңырауқұлақ, бақшадан бұршақ әкелді. Тышқан ағаш жарды, ал құймақ сорпа жасап, ботқа пісірді.

Тұрмыстары жақсы болды. Торғай ылғи олжалы оралып жүрді, үйге келгенде бұлақтың салқын суына рақаттана шомылатын да, сәкіге жайғасып отырып тынығатын. Ал тышқан арқалап отын тасыды, стол жасады, сырлы қасықтарды санады. Құймақ болса, қызара бөртіп пештің айналасында күйбеңдеп жүреді, сорпа жасайды, оған тұз салады, ботқаның дәмін татып көреді.

Бәрі жиналып стол басына отырғанда, тамақтың аса дәмді екенін айтып, мақтауға сөз таппайды. Торғай былай дейді:

— Сорпа өте дәмді екен, тек байлардың ғана ішетін сорпасы ғой бұл, майы бетінде қалқып жүр. Сонда құймақ былай деп жауап қатады:

— Мен деген майлы құймақ емеспін бе, құмырадағы майға бір малынып шықсам болды, сорпаның майы бетіне жүзіп шыға келеді!



Ботқаны торғай да мақтай жөнеледі:

— Паһ, шіркін, ботқа деп осыны айт, тіл үйіреді, өзі және ып-ыстық!

Сонда тышқан айтады:

— Мен отын тасимын, оны кеміріп ұсақтаймын, пешке саламын, құйрығыммен сыпырамын, пеште от лаулап жанады, ботқаның ыстық болатыны әне содан!

— Мен де қарап жүрген жоқпын,— дейді торғай,— саңырауқұлақ жинаймын, бұршақ тасимын, сөйтіп сендердің қарындарыңды ашырмаймын!

Олар осылайша біріне-бірі көңілі толып, тату-тәтті тұрып жатты.

Тек бір жолы ғана торғай ойға қалды.

«Мен,— деп ойлады ол,— күні бойы орман кезіп ұшамын, аяғым ауырып, қанатым талады, ал олар не бітіріп жүр? Құймақ қой күн ұзаққа пештің үстінде рақаттанып дем алып жатады, тек кешкісін ғана орнанан тұрып тамақ пісіреді. Тышқан да таңертең отын әкеліп, кеміріп ұсақтайды да, содан кейін пештің үстіне шығып алып, жантая кетеді, сол жатқан қалпы түске дейін ұйқтайды. Ал мен болсам таңның атысы, күннің батысы дамыл таппай даланы кеземін — ең ауыр жұмыс менікі. Ендігәрі бұлай бола қоймас!»

Торғай ашу шақырды — аяғымен жер тепкілеп, қанатымен ауаны қаққылады, сонсоң айғайға басты:

— Ертеңнен бастап жұмыс алмастырамыз!

Жақсы, айтқаны болсын. Құймақ пен тышқанның басқа лажы қалмаған, сондықтан келіспеске болмады. Ертеңінде таңертең құймақ азық іздеп кетті, торғай ағаш кесуге аттанды, тышқан тамақ пісірмек болып қалды.

Міне, құймақ домалап отырып орманға жетті. Жолмен домалап келе жатып ән салды:

До-ма-лаймын,
До-ма-лаймын,
Майлы құймақ мен боламын..
Мені қаймаққа малды,
Мені майға да салды!
До-ма-лаймын,
До-ма-лаймын,
Майлы құймақ мен боламын!

Құймақ осылай домалап келе жатқанда, алдынан түлкі кездесе кетеді.

— Е, құймақ, осынша қайда асығып барасың?

— Аңға.

— Айтып келе жатқаның қандай өлең, құймақ?

Құймақ шыр көбелек айналып әндетеді:

До-ма-лаймын,
До-ма-лаймын,
Майлы құймақ мен боламын!
Мені қаймаққа малды,
Мені майға да салды!
До-ма-лаймын,
До-ма-лаймын,
Майлы құймақ мен боламын!

— Өлеңді жақсы айтады екенсің, — дейді түлкі, ал өзі жақындай түседі. — Қаймаққа малды деймісің?

Ал құймақ оған:

— Қаймаққа малды, қант та септі! — дейді.

Ал түлкі оған:

— До-ма-лаймын деймісің?

Осылай дейді де, бір-ақ ырғып құймақты бас салады, майлы бүйірінен шап беріп ұстай алады.

Құймақ жан ұшыра айғайлайды:

— Жібер мені, түлкіжан, ну орманға барушы ем,

саңырауқұлақ теруші ем, бұршақ іздеп келуші ем, азық тауып қайтайын!

— Жоқ, сені жеймін, өзің қаймаққа малынған, майға құйылған, қант себілген құймақ екенсің, олай болса сені жеп бір рақаттанайын,— дейді түлкі.

Құймақ олай жұлқынып, былай жұлқынып, әрең дегенде құтылып шығады — бүйірін түлкінің аузында қалдырады да, өзі алды-артына қарамай үйіне жүгіреді.

Ал бұл кезде үйде не болып жатыр еді десеңші!!

Тышқан сорпа жасауға кіріскен-ді: не салса да, не қосса да сорпаның бетінде май жүзбейді, дәм де, тату да жоқ, сылдыр су.

— Құймақ сорпаны қалай жасаушы еді?— деп ойға қалады.— Айтпақшы, ол құмыраға бір батып шықса болды, сорпаның бетіне майы жүзіп қоя беруші еді ғой!

Тышқан мен де сөйтеіін деп, құмыраға күмп беріп еді, ыстық майға күйіп қала жаздап, зорға шықты. Үстіндегі тонның түгінен түк қалмады, күйіп қалған ұзын құйрығы діріл қақты. Сәкіге отырып көзінен жас саулап, ал жыласын кеп.

Торғай болса, отын тасып жүрген: отынды көп тасып әкеліп үйіп қойды да, тұмсығымен шоқып ұсақтай бастады. Қатты-қатты шоқып отырғанында тұмсығы бір жағына қарай қисайып кетті. Үйдің іргесіне отыра қалып, көзінен жасы саулап ал жыласын кеп.

Үйге жүгіріп жеткен құймақ есік алдында отырған торғайды көреді. Тұмсығы бір жағына қарай қисайып кетіпті, екі көзінен жас саулап тұр. Құймақ жүгіре басып үйдің ішіне кірсе, тышқан сәкінің үстінде отыр екен, тонының түгі қызылшақаланып түсіп қалыпты, отқа күйген құйрығы дір-дір етеді.

Екеуі құймақтың бір бүйірі желінгенін көріп одан бетер жылады.

Осы арада құймақ:

— Өз міндетінді атқармай, біреуге құр бекер кінә тақсаң, әрқашан осылай болады,— деді.

Бұл сөзді естіген торғай ұялғаннан сәкінің астына кіріп кетті.

Болар іс болды, өкінгенмен не пайда, үшеуі жылап болған соң, қайтадан бұрынғы міндеттерін атқарып тыныш өмір сүре бастады: торғай азық тасыды, тышқан ағаш жарды, ал құймақ сорпа жасады, ботқа пісірді.

Міне, олар осылайша тұрып жатыр, ауыздарынан ақ май ағады, бізді естеріне алады.

ТҮЛКІ МЕН ТЕКЕ



Жолмен жортып келе жатқан түлкі төбесінен ұшып өткен қарғаларға қараймын деп құдыққа түсіп кетті. Құдықтың суы тайыз екен, батып та кетпейсің, бірақ терең құдықтан шыға да алмайсың.

Түлкі қайғырып отыр. Не істей алмақ?

Міне, жаңағы жолмен теке келе жатыр, басын шайқап, сақалын желпілдетеді, жан-жағына қарайды. Ерігіп келе жатқан теке құдыққа үңіледі. Құдықтағы түлкіні көріп тіл қатады:

— Аманбысың, түлкіжан? Мұнда не істеп отырсың?

— Демалып отырғаным ғой. Сыртта күн ыстық, ал мұнда әрі салқын, әрі суық суды қанша ішем десен де еркің.

Теке болса, бағанадан шөлдеп келе жатқан-ды.

— Суы жақсы ма екен?

— Жақсы болғанда қандай,— деді түлкі.— Сен секіріп түс, сонда ішіп көресің. Екеумізге де орын жетеді.

Құдыққа секіріп түскен теке суды лайлап, түлкіні таптап кете жаздады.

Түлкі ашуланып ұрса бастады:

— Сақалың селтіп секіре де алмайсың, суды да әбден шашыраттың ғой, түге!

Түлкі текенің арқасына секіріп шықты, арқасынан мүйізіне секіреді, одан әрі құдықтың сыртына бір-ақ ұрғыды. Теке оны жөндеп көре де алмай қалды.

Теке сыртқа қалай шығарын білмей, құдықта күн батқанша отырды.

Текесі көрінбеген соң, иесі іздеу салды. Іздеп-іздеп зорға тапты. Арқан әкеліп текені құдықтан тартып шығарды.

КҮН, АЙ ЖӘНЕ ҚАРҒА



Баяғыда бір шал мен кемпірдің үш қызы болыпты. Бір күні шал жарма алуға қамбаға барған-ды. Жарманы қапқа толтырып салды да, арқалап үйге беттеді. Қап тесік еді, одан жарма жолшыбай төгіле берді, төгіле берді.

Шал үйіне жетті. Кемпірі:

— Жармаң қайда?— деп сұрады.

Қараса, жарма жоқ, бәрі төгіліп қалыпты.

Шал жарманы жинап алмақ болып кейін қайтты. Жинай-жинай әбден қалжырады, содан кейін қамығып:

— Шіркін-ай, қазір Күн қыздырып жылынсам, Ай туып сәулесін шашса, Қарға жарма теруіме көмектесе ғой, сонда мен Күнге — үлкен қызымды, Айға — ортаншы қызымды, Қарғаға — кіші қызымды берер едім,— деді.

Міне, Күн қызуын төгіп шалды жылытты. Ай жап-

жарық болып сәулесін түсірді, ал Қарға жарманы жинауына көмектесті.

Шал үйіне қайтып келіп үлкен қызына:

— Жақсылап киін де, есік алдына шық,— деді.

Қызы киініп есік алдына шыққан еді, Күн оны алды да кетті.

Шал ортаншы қызына да жақсылап киініп, есік алдына шығуын сұрады. Қызы киініп сыртқа шықты. Ай оны іліп алып кете барды.

Енді шал кіші қызына қарап:

— Жақсылап киін де, есік алдына шық,— деді.

Қызы киініп есік алдына шықты. Қарға оны шап беріп ұстай алып ертіп кетті.

Сөйтіп шал мен кемпір екеуден-екеу қалды.

Бір жолы шал қыздарын сағынып:

— Қыздарымды барып көріп келейін!— деді.

Ең әуелі Күнге барды.

Күн оны қарсы алып, тіл қатты:

— Төрлетіңіз, атай, сізді қандай дәммен сыйласам екен?

— Құймақ болса жер едім!

Күн әйеліне құймақ құй деді. Әйелі ұн былғай бастады. Күн еденнің ортасына отыра қалды, әйелі оның үстіне таба қойды, құймақ лезде пісіп дайын болды. Шал тойғанынша жеді.

Шал үйіне қайтып келген соң, кемпіріне құймақ құй деп бұйырды. Кемпірі ұн былғап болып, енді пеш жақпақшы еді, сол кезде шал еденге отыра қалып, табаны мына менің төбеме қой деп өзінің шашы түсіп, жалтырап қалған басын көрсетті.

— Ойбай-ау, сенің басыңа құймақ пісуші ме еді!— деді кемпірі безектеп.

— Саспа,— деді шал,— піскенде қандай!

Кемпірі табаны шалдың жалтыраған төбесіне қойды. Қанша тұрса да табадағы құймақ піспеді. Күдерін үзген кемпір пеш жағып, құймақты отқа пісірді. Шал тойып жеп алды.

Келесі күні шал екінші қызына қонаққа барды.

Ай атасының келгеніне қуанып:

— Төрлетіңіз, атай, сізді қандай дәммен сыйласам екен?— деді.

— Мен ештеңе де ішпеймін,— деді шал.— Мына жолдың шаңынан кейін моншаға түссем!

Ай атасына арнап монша жақты.

Шал тұрып:

— Моншаның іші қараңғы ғой!— деді.

Ал Ай бұған былайша жауап берді:

— Саспаңыз, кіре беріңіз, жарық болады!

Шал моншаға кірген, ал ай саңылаудан бір саусағын ғана тыққан еді, содан моншаның іші жап-жарық болып кетті.

Рақаттанып моншаға түсіп алған шал үйіне қайтып оралды. Кешкісін қараңғы болысымен кемпіріне монша жақ деп бұйырды. Кемпірі монша жақты, шал кемпіріне:

— Бар, енді моншаға түсіп шық,— деді, ал кемпірі:

— Мен қалай түспекші екенмін? Іші қап-қараңғы ғой!— деді.

— Бар, бар, жарық болады!

Кемпірі амалсыз моншаға кіреді, ал шал өзіне Айдың қалай жарық түсіргенін көрген, енді сол тесікке саусағын тықты. Ал мұнысынан моншаның іші жарық бола қойған жоқ. Басқа лажы қалмаған кемпірі үйден шам алып келіп, содан кейін ғана жуынды.

Үшінші күні шал Қарғаға қонаққа барған-ды.

— Қандай дәм татқыңыз келеді?— деді қарға.

— Ештеңенің де қажеті жоқ,— деді шал.

— Олай болса бақанға барып ұйқтайық.

Қарға саты әкеліп қойды, шал сатымен бақанға шықты. Қарға оны өзінің қанатының астына отырғызды. Шал осылайша түнеп шықты.

Үйіне қайтып келген соң, күннің кешкіруін күтті де, қас қарайған соң кемпіріне:

— Бүгін тауықтармен бірге бақанда ұйқтаймыз,— деді.

Екеуі тауық қораға келіп бақанға шықты. Көздері ілігіп кеткені сол еді, шал мен кемпір топ етіп жерге құлап түсті. Кемпірі шалына ұрсып-ұрсып алды да, үйге барып ұйқтады.

АЛТЫН АЙДАРЛЫ ӘТЕШ ПЕН ҒАЖАЙЫП ДИІРМЕН



Баяғыда бір шал мен кемпір болған екен.

Бірде олар бұршақ жеп отырып біреуін еденге түсіріп алады. Бұршақ еденмен домалап барып тақтайдың астына түсіп кетеді.

Бұршақ онда аз жатты ма, көп жатты ма, әйтеуір, бір күні өне бастады. Биіктей-биіктей еденге жетіп тірелді. Мұны көрген кемпір былай деді:

— Шалым, еденнен тесік шығару керек, мына бұршақ көктеп өссін. Өсіп жетілген соң, үйдің ішінде бұршақ үзіп алатын боламыз.

Шал еденнен тесік ойды, ал бұршақ биіктеп өсе берді де, үйдің төбесіне жетті.

Шал үйдің төбесінен де тесік шығарды, ал бұршақ сол биіктеп өсе берген қалпы сонау көк аспанға дейін жетті...

Шал мен кемпірдің бұршақ жегісі келген. Шал қолына қап алды да, бұршақ өсімдігіне өрмеледі, бұтақтан-бұтаққа өрмелей-өрмелей бұлтқа дейін жетті. Қараса, бұлтқа қонақтап алтын айдарлы әтеш отыр, ал

оның жанында көгілдір-сарғыш құйттай диірмен жатыр.

Шал көп ойланып тұрмай диірмен мен әтешті қолына алды да, төмен түсіп үйіне кірді.

— Кемпірім, мінекей, саған сыйлық әкелдім: алтын айдарлы әтеш, оған қоса диірменді де ал!— деді ол. Кемпірі:

— Кәне, неғылған диірмен екенін көрейінші!— деді.

Диірменді қолына алып бір рет айналдырып қалғанда — құймақ пен самса столға топ ете түсті. Тағы бір айналдырып көріп еді — қайтадан құймақ пен самса түсті.

Айналдырып қалса-ақ болды, құймақ пен самса үсті-үстіне топырлай берді.

Шал мен кемпір қатты қуанды, енді қарындары ашпайтын болды.

Бір жолы олардың үйінің жанынан бір бай мырза өтіп бара жатқан. Ол есіктің алдына жете беріп атын тоқтатты да:

— Әй, қариялар, жүрек жалғайтын бірдеңелерің бар ма? Жол жүріп қарным ашты,— деді.

— Мырза, саған қандай тағам берейін? Құймақ пен самса ғана бар еді,— деді кемпір.

Осылай деп диірменді қолына алып айналдырып-айналдырып жіберді. Сол-ақ екен, құймақ пен самса топырлап түсе бастады. Мұны көрген мырза есі шыға таң қалды.

Алдына қойған тамақты жеп болып ол:

— Мына диірменді маған сат, кемпір,— деді.

— Жоқ, мырза, сатпаймын, өзімізге керек.

Мырза кемпір мен шалдың сыртқа шығуын аңдып отырды да, диірменді ұрлап алды. Пәуескеге секіріп мініп, атын айдай жөнелді.

Кемпір мен шал кешке естеріне түсіп іздесе, диірмен жоқ! Екеуі отыра қалып жылайды.

Осы кезде алтын айдарлы әтеш тіл қатты:

— Атай, әжей, жыламаңдар! Мен мырзаның соңынан ұшып барамын да, диірменді тартып аламын!

Әтеш қанатын қомдады да, жазық даланың, өзендердің, ну ормандардың үстімен ұша жөнелді. Мырзаның үйіне ұшып жеткен ол қақпаның маңдайына қонақтап қатты-қатты шақырды:

— Ку-ка-ре-ку! Мырза, мырза, біздің көгілдір-сарғыш диірменді бер маған! Мырза, мырза, біздің көгілдір-сарғыш диірменді бер маған!

Бұл сөзді естіген мырза ашуланып малайларына бұйрық берді:

— Әй, малайлар, ана әтешті ұстап алып суға батырыңдар!

Малайлар әтешті ұстап алды да, құдыққа тастады.

Ал әтеш құдықта су ішіп отырып былай деді:

— Тұмсығым, тұмсығым, іш суды! Тұмсығым, тұмсығым, іш суды!— Сөйтіп барлық суды ішіп тауысты.

Барлық суды ішіп алып, құдықтан ұшып шықты да, мырзаның үйіне ұшып келді. Қонақтай қалып тағы шақырды:

— Ку-ка-ре-ку! Мырза, мырза, біздің көгілдір-сарғыш диірменді бер маған! Мырза, мырза, біздің көгілдір-сарғыш диірменді бер маған!

Мырза бағанағыдан бетер ашуланды да, малайларына мына әтешті пештегі отқа тастаңдар деп бұйырды.

Әтешті ұстап алып, оты лаулап жанып жатқан пештің ішіне тастады.

Ал әтеш пеште отырып былай деді:

— Тұмсығым, тұмсығым, төк суды! Тұмсығым, тұмсығым, төк суды!— Сөйтіп пештегі отқа су сеуіп өшіріп тастады.

Әтеш пештің ішінен шықты да, тұп-тура мырзаның үйіне ұшып келді, терезенің жақтауына қонақтай қалып тағы да шақырды:

— Ку-ка-ре-ку! Мырза, мырза, біздің көгілдір-

сарғыш диірменді бер маған! Мырза, мырза, біздің көгілдір-сарғыш диірменді бер маған! Бергің келмейді екен, төбеңді шоқимын!

Мырза айғайлап жан-жақтан малайларын жинады:

— Әй, малайлар! Әтешті ұстаңдар! Оны қылышпен шауып тастаңдар!

Малайлар қылыш қайрауға жүгіріп кетті, ал әтеш мырзаға маза бермеді: оның басына қонақтай қалып төбесін шоқи бастады.

Мырза олай қашты, былай қашты, ал әтеш соңынан қалар емес — басын мүлде шоқып тастады! Сонан соң диірменді тауып алды да, шал мен кемпірге қарай ұша жөнелді. Ұшып келіп былай деп шақырды:

— Ку-ка-ре-ку! Біздің көгілдір-сарғыш диірменді алып келдім!

Кемпір мен шал қатты қуанды. Олар диірменге ие болып, қарындары ашпай рақат күн кешті, жұрттың бәріне құймақ пен самса үлестірді.

ҚАЗДАР



Бір шал мен кемпірдің қызы мен кішкентай ұлы болыпты. Қариялар қалаға бармақшы болады да, қызына былай деп ақыл айтады:

• — Қызым, біз қалаға барамыз: саған тоқаш әкелеміз, орамал сатып аламыз, ал сен ақылды бол, ініңе бас-көз бол, ауылдан ұзап кетпе.

Қариялар жол жүріп кеткесін, қыз інісін терезенің



түбіндегі шөптесінге отырғызып қояды да, өзі жүгіріп көшеге шығады, содан ойынға айналып қалады. Сол шақта қаздар ұшып келеді де, баланы іліп алып қанатына отырғызып әкетеді.

Қыз жүгіріп үйге келсе: інісі жоқ! Олай іздейді, былай іздейді, көрінбейді. Інісін шақырып қанша дауыстаса да «әу» деген жауап естілмейді. Далаға ұзап жүгіріп шықса, көз ұшында бір топ қаз ұшып бара жатыр екен, олар көп кешікпей орманның тасысынан көрінбей кетеді. «Інімді қаздар алып кеткен екен!»— дейді де, қыз қаздардың соңынан қуа жөнеледі.

Қыз жүгіріп келе жатып алдында тұрған пешті көреді.

— Пеш, пеш, айтшы, қаздар қалай қарай ұшып кетті?

— Арпа ұнынан мен пісірген самсаны же, сосын айтам.

Ал қыз:

— Біз ата-бабамыздан бері бидай ұнынан пісірген самсаны да жемейміз!— дейді.

Осылай деп қыз әрі қарай жүгіре жөнеледі.

Ол келе жатып алма ағашын көреді.

— Алма ағашы, әй, алма ағашы! Қаздар қалай қарай ұшып кетті?

— Орманда өскен менің алмамды же, сосын айтамын.

— Біз ата-бабамыздан бері бақта өскен алманы да жемейміз!— деп қыз ілгері жүгіріп кетеді.

Қыз жүгіріп келе жатып сарқырай аққан сүт өзенін көреді.

— Сүт өзені! Қаздар қалай қарай ұшып кетті, айтшы?

— Менің сүтімнен іш, сосын айтамын.

— Біз ата-бабамыздан бері қаймақты да жемейміз!

Қыз осылай деп онан әрі жүгіріп кетеді.

Қыз сол қалпында ұзақ жүгірген болар еді, бірақ оның алдынан кірпікшешен кездеседі. Кірпікшешенді итеріп жіберуге инесі қадалар деп қорыққан қыз:

— Кірпікшешен, әй, кірпікшешен, қаздар қалай қарай ұшып кетті?— деп сұрайды.

Кірпікшешен қызға жол көрсетеді. Қыз жолмен жүгіріп келе жатыр еді: тауықтың аяғына орнатылған үйшікті көреді, үйшік зырылдап айналып тұр, ішінде мыстан кемпір отыр, аяғы қу сүйек, бет әлпеті балшықтан соғылғандай сұп-сұр; інісі де осы үйде екен, терезенің түбіндегі сәкіде екі қолына екі алтын алма ұстап ойнап отыр. Қыз терезенің түбіне бұғып келеді де, інісін көтеріп алып, үйіне қарай қаша жөнеледі. Ал мыстан кемпір бажылдап қаздарды шақырады да, оларды қыздың соңынан қуындар деп жұмсайды.

Қыз жан ұшырып жүгіріп келеді, ал қаздар жетуге таяп қалған. Қайда барып тығылмақ? Қыз сүт өзеніне жетті.

— Айналайын, өзенім, жасыра гөр мені!

— Менің сүтімді ішемісің?

Қыз сүт ішеді. Осыдан соң өзен қызды тік жарқабақтың астына жасырады, ал қаздар оны көрмей жанынан ұшып өтіп кетеді.

Қыз жағалаудан шығады да, әрі қарай жүгіре жөнеледі, ал оны көріп қалған қаздар тағы да соңына түседі. Қыз енді қайтпекші? Ол жүгірген бойы алма ағашына барады:

— Алма ағашы, айналайын, жасыра гөр мені!

— Орманда өскен менің алмамды же, сосын жасырамын.

Қыздың басқа істер лажы жоқ, ол орманда өскен алманы жеп алады. Алма ағашы қызды бұталардың астына жасырады. Қаздар оны көрмей жанынан ұшып өтіп кетеді.

Қыз алма ағашының тасасынан шығады да, үйіне қарай жүгіре жөнеледі. Жүгіріп бара жатқан оны қаздар тағы көріп қалады. Сол-ақ екен, соңынан түсіп

ал кеп қусын! Жетуге шақ қалады, қанаттарының суылы құлағының түбінен естіледі. Қыз әрең дегенде пешке жүгіріп жетеді:

— Уа, пеш, айналайын, жасыра гөр мені!

— Арпа ұнынан мен пісірген самсаны же, сосын жасырамын.

Қыз самсаны тез-тез жеп тауысады да, пешке кіріп жасырынады. Қаздар оны көрмей жанынан ұшып өтіп кетеді.

Қыз пештен шығады да, жан дәрмен үйіне қарай жүгіреді. Қаздар тағы да қызды көріп қалып соңына түседі. Жетіп те қалды, қанаттары қыздың бетін сабалайды, енді сәл болса інісін қолынан жұлып әкететіндей, осы кезде үйге де келіп жетті-ау. Қыз үйге жүгіріп кіреді де, есік-терезені тез-тез жауып алады. Қаздар қиқулап үйдің төбесінде біраз айналып ұшады да, ақыры түк бітіре алмай, мыстан кемпірге қарай қайтадан ұшып кетеді.

Шал мен кемпір қаладан қайтып оралса, бала аман-есен үйде отыр екен. Олар қызға тоқаш пен орамал сыйлайды.

«БІРЕУГЕ ОР ҚАЗБА — ӨЗІҢ ТҮСЕРСІҢ»



Баяғыда бір шал мен кемпір өмір сүрген екен. Шалдың бұрынғы әйелінен бір қызы, кемпірдің де бұрынғы күйеуінен бір қызы болады. Кемпір нағыз мейірімсіз көк долының өзі екен, оның қызы да шешесіне тартқан ашушаң болыпты. Атай момын жан екен, оның қызы Машенька да әкесіне тартқан момын, еңбекқор, әрі сұлу болады.

Өгей шеше Машеньканы жек көреді, сондықтан долданып атайға бірде былай дейді:

— Машенькамен бірге тұрғым келмейді! Оны ормандағы жер үйге апарып таста, сонда жіп иіріп отырсын. Ол жерде қайта жіпті көп иіретін болады.

Қатыгез кемпір шалының күнде құлағының құрт етін жеп маза бермей қояды. Басқа істер лажы қалмаған соң шал атын жегеді де, Машеньканы арбаға отырғызып орманға алып кетеді. Екеуі біраз жол жүріп, ормандағы жер үйді тауып алады. Шал қызын қимайды, бірақ басқа амалы жоқ. Ол қызына шақпақ тас, білте және бір дорба жарма береді, сосын былай дейді:

— Маша, отты босқа ысырап қылма, ботқа пісір, есікті жауып ал, өзің ешқайда шықпай жіп иір, ертең келіп халіңді біліп кетемін.

Шал қызымен қоштасып, үйіне жүріп кетеді.

Маша жалғыз қалады, күні бойы жіп иіреді, күн батқан соң пеш жағып, ботқа пісіреді. Ботқаның қайнап пісе бастағаны сол еді, еденнің астынан тышқан жылт етіп шыға келіп:

— Әй, сұлу бикеш, маған бір қасық ботқа берші,— дейді.

Машенька тышқанға тойғанынша ботқа береді, ал тышқан оған алғыс айтып, қайтадан ініне кіріп кетеді.

Маша кешкі тамағын ішіп болып, тағы да жіп иіруге отырады. Кенет түн ортасында үйге баса-көктеп аю кіріп келеді де, Машаға былай дейді:

— Кәнекей, қыз, отты сөндірі, соқыртеке ойнаймыз! Міне, мына күміс қоңырауды қолыңа ал: қашып жүріп қоңыраулат, ал мен сені ұстамақ болып қуамын.

Маша қорқып кетеді, не істерін білмейді, осы кезде еденнің астынан тышқан көрінеді, ол қыздың иығына өрмелеп шығады да, құлағына сыбырлайды:

— Қорықпа, Маша, отты сөндірі, өзің пештің үстіне шық, ал қоңырауды маған бер.

Машенька оның айтқанын істейді.

Соқыртеке ойнай бастаған аю тышқанды ұстай алмай-ақ қояды, ал тышқан болса қоңырауды сыңғырлатып шапқылап жүр. Қуа-қуа ұстай алмай ашуы келген аю ызалана ақырады-ай келіп, сонсын бұрыш-бұрышты көздеп шәркейлерді лақтыра бастайды: үйдегі барлық құмыралар мен шыны аяқтарды қиратып бітірді, бірақ бәрібір тышқанға тигізе алмайды. Әбден қалжыраған аю ақыры былай дейді:

— Сен қыз, соқыртеке ойнауға шебер екенсің! Осының үшін ертең таңертең саған арнап бір үйір жылқы және бір арбаға толтыра тиелген асыл бұйым жіберемін.

Осылай деп аю кетіп қалады. Ертеңіне елең-алаңнан кемпір шалын орманға жұмсайды:

— Бар, сенің Машутқаң қанша жіп иірді екен, көріп кел!

Шал жүріп кетеді, ал кемпір терезенің түбінде оны күтіп отырады. Қазір өліп қалған Машутканың сүйегін саудырлатып қапқа салып алып келеді деп үміттенген еді. Ол бір сағат отырады, екі сағат отырады, бір уақытта орман жақтағы жолмен келе жатқан әлдененің дүрсілін естиді, осы кезде үйдің іргесіндегі ит тіл катады:

— Ап-ап-ап! Шалмен бірге қыз да келе жатыр, бір үйір жылқы айдап келеді, бір арба асыл бұйым әкеле жатыр.

Кемпір долданып итке дүрсе қоя береді:

— Сен өтірік айтасың! Бұл салдырлап келе жатқан қораптағы Машутканың қу сүйегі!

Бірақ осы кезде сықырлап қақпа ашылады да, бір үйір жылқы аулаға келіп кіреді, ал Маша әкесімен бірге арбаның үстінде отыр, арбада үйілген асыл бұйым! Мұны көрген долы кемпір ызадан жарылардай болып түтігіп кетеді. Сөйтеді де, былай дейді:

— Қарай гөр мұны, мақтана қалыпты! Апар менің қызымды орманға. Сенің Машқаң менің Наташкама қайдан тең келсін: екі үйір жылқы айдап келеді, екі арба құміс әкеледі ол.

Келесі күні атай кемпірдің қызын жер үйге алып барады, мұны да алаламай, бар керек-жарақпен қамтамасыз етеді. Наташа от жағып, ботқа пісіреді. Тышқан еденнің астынан жылт ете қалып:

— Әй, сұлу бикеш, маған бір қасық ботқа берші, — дейді.

Ал Наташа оған жекіреді-ай келіп:

— Тәйт әрі, сұмпайы неме! Ботқа жемекші ойы бар өзінің! — Осылай деп тышқанға шөрке лақтырады.

Тышқан қашып кетеді, ал Наташа ботқаны түгел өзі соғып алады да, ұйқтауға жатады.

Түн ортасында үйге баса-көктеп аю кіріп келеді:

— Кәнекей, қыз, кел, соқыртеке ойнайық! Міне, мына қоңырауды қолыңа ал, қашып жүріп қоңыраулат, ал мен сені ұстамақ болып қуамын.

Наташа қоңырауды алып жүгірмек болады, жүгіру қайда, тізесі дірілдеп, қолы қалтырап, қоңырау дамылсыз сыңғырлай берген, ал тышқан болса еденнің астында қарғап тұр:

— Мейірімсіз Наташа, сазайыңды тарт!

Ертеңінде елең-алаңнан кемпір шалды орманға жұмсайды.

— Бар тез, — дейді, — жылқыны алдына салып айдап, күмісті арбаға тиеп алып кел.

Шал жүріп кетеді, ал кемпір қақпаның түбінде күтіп отырады. Міне, бір кезде орман жақтан салдырлаған дыбыс естіледі, ал қақпаның түбінен ит тіл қатады:

— Ап-ап-ап! Кемпірдің қызы келе жатыр, сарнап жылап келеді, ал бос арба салдыр-гүлдір етеді.

Кемпір итке шөркені лақтырып қалады:

— Сен, ит, өтірік айтасың! Салдырлаған сандықтағы күмістің сыңғыры бұл.

Наташа мен шал да келіп жетеді, Наташаны бос арбадан әрең сүйемелдеп түсіреді.

Мұны көріп долы кемпір ойбайын салып жылады-ай кеп, бірақ жылағанмен не пайда, ал Машенька болса, көп кешікпей бір тамаша жігітке ерге шықты.

ХАВРОШЕЧКА



Бұл жарық дүниеде жақсы адамдар көп қой, жаман адамдар да жеткілікті, ар-ұяттан безгендер де баршылық.

Құрттай Хаврошечка, міне, нақ осындай жаман адамдардың қолына түскен еді. Ол жетім қалған-ды, содан жаңағы адамдар қолына алып асырады, бірақ оның есесіне күні-түні жұмыс істетті: ол әрі тоқиды, әрі жіп иіреді, әрі үйді жинайды.

Ал оны асырап алған әйелдің үш қызы бар еді. Үлкен қызының есімі — Жалғызкөз, ортаншысының есімі — Қоскөз, кішісінің есімі — Үшкөз.

Бұл үшеуінің бар бітіретіні — қақпаның алдына жайғасып отырып көшеге қарау, ал Хаврошечка солардың малайы іспетті: олардың киімдерін тігеді, жіп иіреді, мата тоқиды, сонда да бір ауыз жылы сөз естімейді.

Кей күндері Хаврошечка далаға шығып кетеді, өзінің ала сиырын барып сипалап, мойнынан құшақтайды да, өмірден көріп жүрген ауыртпалығын айтып мұңын шағады:

— Сиырым-әукешім! Мені ұрады, ұрсады, нан бермейді, жылайын десем, жылатпайды. Маған ертең бес пұт жіпті иіресің, тоқисың, бояйсың деп бұйырды.



Ал сиыр оған былайша тіл қатады:

— Сұлу бикеш, менің бір құлағымнан кір де, екіншісінен шық, бәрі де орындалады.

Хаврошечка сиырдың бір құлағынан кірді де, екіншісінен шықты, сол шақ бәрі дап-дайын бола қалды: жіп иіріліп те, тоқылып та, боялып та, оралып та үлгерді

Қыз дайын кенепті үй иесі әйелге апарып берді. Ол аударып-төңкеріп қарады да, сандыққа салып қойды, ал Хаврошечкаға жұмысты бұрынғыдан да бетер көп берді.

Хаврошечка тағы да сиырға барды, оны құшақтады, сипалады, бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шықты, содан соң дайын болған кенепті алып келіп үй иесі әйелге берді.

Үй иесі әйел өзінің қызы Жалғызкөзді шақырып алып:

— Айналайын, жақсы қызым, айналайын, әсем қызым, ана жетімге жіпті әрі иіріп, әрі тоқып, әрі бояп, әрі орап беріп көмектесіп жүрген кім екен, соны аңдып біліп келші, — деді.

Жалғызкөз Хаврошечкаға еріп орманға барды, оған еріп даланы шарлады, сөйтіп шешесінің тапсырмасын ұмытты, көк шөпке қисая кетіп, күншуақта маужырап жата берді. Ал Хаврошечка ақырын әлдилей бастады:


— Ұйқтай ғой, ұйқта!

Жалғызкөздің сыңар көзі жұмылып ұйқыға шомды. Ол ұйқтап жатқанда, сиыр кенепті түгел тоқып та, бояп та, орап та болды.

Үй иесі әйел ештеңе біле алмай қалды да, енді екінші қызын — Қоскөзді жұмсады:

— Айналайын, жақсы қызым, айналайын, әсем қызым, жетімге көмектесіп жүрген кім екенін аңдып біліп келші.

Қоскөз Хаврошечкаға еріп бірге кетті, шешесінің тапсырмасын ұмытып, ол да көк шөпке қисая кетіп,



күншуақта маужырап жатып алды. Ал Хаврошечка әлдилеп қояды:

— Ұйқтай ғой, сен де ұйқта!

Қоскөздің екі көзі де жұмылып ұйқыға шомды. Со кезде сиыр кенепті тоқып, бояп та үлгерді.

Кемпір қатты ашуланып, үшінші күні үшінші қызын — Үшкөзді ертіп жіберді, ал жетім қызға бұрынғыдан да көп жұмыс жүктеді.

Үшкөз көп жүгіріп, күннің ыстығынан әбден қалжырап қалды да, көк шөпке құлай кетті.

Хаврошечка әңдетіп отыр:

— Ұйқтай ғой, сен де ұйқта!

Үшкөздің екі көзі жұмылып ұйқыға шомды, ал үшінші көзі ашық жатқан күйі Хаврошечканың сиырдың бір құлағынан кіріп, екіншісінен шыққанын, сөйтіп дайын кенепті жинап алғанын көріп қойды.

Үшкөз үйге келген соң, бәрін шешесіне айтып берді.

Кемпір қуанып қалды. Ертеңінде күйеуіне келді де:

— Ала сиырды сой! — деді.

Шал олай да, былай да үгіттей бастады:

— Қой, кемпірім, есіңнен алжасқанбысың? Сиыр әлі жас, өзі сүтті!

— Сөзді қой да, сой!

Амал не, пышақ қайрауға кірісті. Хаврошечка істің жайын сезе қойды да, далада жайылып жүрген сиырға жүгірді, ала сиырды мойнынан құшақтап тұрып былай деді:

— Сиырым-әукешім! Сені сояйын деп жатыр.

Сиыр оған былай деп тіл қатты:

— Ал сен, сұлу бикеш, менің етімді жеме, сүйегімді түгел жинап ал да, орамалға түй, сонсын баққа апарып көм және мені ешқашан ұмытпа: күнде таңертең қабіріме су құй.

Шал сиырды сойып та тастады.

Хаврошечка сиырдың өзіне айтқан өсиетін түгел орындады: аштан бұралып отырса да, оның етінен бір жапырақ та жеген жоқ, жерді қазып сүйегін көмді және баққа барып күнде оған су құйып жүрді.

Күндердің бір күнінде сүйекті көмген жерден алма ағашы өсіп шықты және қандай болып өсті десеңші! Алмалары қып-қызыл болып пісіп жайнап тұр, жапырақтары сары алтындай судыр қағады, бұтақтары күмістей жалтырап иіле қалған. Біраз қашықтау жерден өткен жолаушы қызыға қарап атының басын тоқтатады, ал жанынан өткен адам қанша қараса да көзі тоймай, кетпей тұрып алады.

Содан көп күн өтті ме, аз күн өтті ме, кім білсін, Жалғызкөз, Қоскоз және Үшкөз бір жолы бақта қыдырып жүрген-ді. Нақ осы шақта бір күшті адам — өзі бай, өзі жас, бұйра шаш жігіт атын желдіртіп өтіп бара жатқан. Ол бақтағы пісіп тұрған алманы көрді де, қыздарға әзілдей сөйлеп былай деді:

— Уа, сұлу бикештер, қайсың алма үзіп әкеліп берсеңдер, сол маған ерге шығады.

Апалы-сіңлілі үшеуі алма ағашына жарыса жүгірді.

Алмалар бұған дейін төмен өсіп тұрған-ды, қолыңды созсаң жететін еді, ал енді адамның бойынан аса жоғары көтеріліп, тым биіктеп кетті.

Апалы-сіңлілі үшеуі қағып түсірмек болып еді, жапырақтары көздерін жауып түк көрсетпей қойды, үзіп алмақшы болып еді, бұталары шашына оралып бөгет жасады. Қалай талпынып, қанша әлек болса да, білектерін бұта жырып, еңбектері зая кетті.

Хаврошечка келіп еді, бұталар алдына иіле қалды, алмалар алақанына келіп түсе қалды. Ол жаңағы адамға алма апарып берді, жігіт оған үйленді. Бұдан соң Хаврошечка уайым-қайғысыз, бақытты өмір сүрді.

АПАСЫ АЛЕНУШКА МЕН ІНІСІ ИВАНУШКА



Баяғыда бір хан мен ханшаның Аленушка деген қызы және Иванушка атты ұлы болыпты. Хан мен ханша қайтыс болады. Аленушка мен Иванушка екеуден-екеу қалады.

Аленушка жер-дүниеге саяхат жасауға бел буады, інісін жанына ертіп алады. Олар кең даламен ұзақ жол жүреді.

— Апашым Аленушка, шөлдедім, — дейді Иванушка.

— Сәл шыда, бауырым, құдыққа жетейік.

Жүріп келеді, жүріп келеді, күннің көзі күйдіріп шыдатар емес, құдық көрінер емес. Шөлден қаталап барады, тер саулап ағады. Сиырдың тұяғының ізіне су тола іркіліп қалған екен.

— Апашым Аленушка, мына суды ішемін!

— Іште, бауырым, бұзау болып кетесің.

Інісі тілін алады, екеуі ілгері аяндайды.

Күннің көзі күйдіріп шыдатар емес, құдық көрінер емес, шөлден қаталап барады, тер саулап ағады. Аттың тұяғының ізіне су тола іркіліп қалған екен.

— Апашым Аленушка, мына суды ішемін!

— Іште, бауырым, құлын болып кетесің.

Иванушка күрсінеді де, екеуі ілгері аяндайды.

Иванушка жүріп келеді, күннің көзі күйдіріп шыдатар емес, құдық көрінер емес, шөлден қаталап барады, тер саулап ағады. Ешкінің тұяғының ізіне су тола іркіліп қалған екен.

Иванушка:

— Апашым Аленушка, шыдай алатын емеспін, мына суды ішемін! — дейді.

— Ішпе, бауырым, лақ болып кетесің.

Иванушка айтқанды тыңдамай ешкінің тұяғының ізіне іркілген суды ішіп қояды.

Ішеді де, лақ болып шыға келеді...

Аленушка дауыстап інісін шақырады, ал Иванушканың орнына ақ лақ соңынан қалмай жүгіріп келеді.

Аленушка еңіреп жылап қоя береді, бір шөмеле шөптің түбіне отырып алып ал жыла, ақ лақ жанында ойнақтап секіріп жүр.

Осы кезде жандарынан бір ат жеккен көпес өтіп бара жатқан-ды.

— Ей, сұлу бикеш, неге жылап отырсың?

Аленушка өзінің басына түскен қайғыны айтып береді. Көпес оған былай дейді:

— Маған күйеуге шық. Сені үлде мен бүлдеге орайын, лақ та бізбен бірге болады.

Аленушка әрі ойлап, бері ойлап, ақыры көпеске ерге шықты. Олар тату-тәтті өмір сүрді, лақ та бірге болды, тамақты Аленушка екеуі бір ыдыстан ішті.

Бір жолы көпес үйде жоқ еді. Қайдан келгенін кім білсін, мыстан кемпір келе қалды: Аленушканың терезесінің түбіне келіп тұрды да, тілінен бал тама айналып-толғанып Аленушканы өзенге барып суға түсейік деп шақыра бастады.

Мыстан кемпір Аленушканы өзенге алып келді. Келісімен бас салып Аленушканың мойнына ауыр тас байлады да, өзенге батырып жіберді.

Ал өзі Аленушканың кейпіне еніп, оның киімдерін киіп алып, сонсын оның орнына үйге келді. Мыстан кемпірден ешкім сезіктенген жоқ. Қайтып оралған көпес те оны өз әйелім деп ойлады.

Тек жалғыз лақ қана бар сырды білетін. Ол қатты уайымдап, от оттап, су ішуден қалды. Таңертең де,

кешке де өзен жағасына барып, екі көзі жасқа толып, апасын шақыратын болды:

Аленушка, апашым менің!
Шықсаңшы судан жағаға, шықшы, кәне...

Мыстан кемпір бұны біліп алды да, күйеуіне лақты сой деп қақсап отырып алды.

Көпес лақты қимады, оған үйреніп кеткен еді. Ал мыстан кемпір қоярда-қоймай құлағының құрт етін жеп барады, амалы не, көпес көнеді.

— Сойсаңшы шапшаң...

Мыстан кемпір отынды тау қылып үйіп жағуды, шойын қазанды қыздыруды, болат пышақты өткір етіп қайрауды бұйырды...

Лақ ғұмырының аз қалғанын сезді де, өзін асырап алған қожасына келіп тіл қатты:

— Өлер алдында өзенге барып келуіме рұқсат ет, су ішейін, ішек-қарнымды тазалап шаяйын.

— Бар, барып кел.

Лақ өзенге жүгіріп келіп жағаға тоқтады да, сондай бір аянышты, зарлы дауыспен тіл қатты:

Аленушка, апашым менің!
Шықсаңшы судан жағаға, шықшы, кәне...
От үйіліп жанып жатыр,
Шойын қазан қайнап жатыр,
Болат пышақ қайрап жатыр,
Мені соймақ ойлары!

Аленушка өзеннен оған жауап қатты:

Уа, бауырым Иванушка!
Зілдей тас мені төмен тартты,
Шырмауық шөп аяғыма оралды,
Сусылдап құм кеудемді басты.

Бұл кезде мыстан кемпір лақты іздеп жүрген, таба алмай малайды жұмсады:

— Бар, лақты тауып, маған алып кел.
Өзенге келген малай жағада зар қағып жүгіріп жүрген лақты көреді, ал лақ былай деп зарлайды:

Аленушка, апашым менің!
Шықсаңшы судан жағаға, шықшы, кәне,
От үйіліп жанып жатыр,
Шойын қазан қайнап жатыр,
Болат пышақ қайрап жатыр,
Мені соймақ ойлары!

Ал өзеннен оған былайша жауап қатады:

Уа, бауырым Иванушка!
Зілдей тас мені төмен тартты,
Шырмауық шөп аяғыма оралды,
Сусылдап құм кеудемді басты.

Малай үйге жүгіріп қайтып келіп, жағадан естіген-білгенін көпеске айтып берді.

Адамдар жиналып өзенге барып, жібек ауды суға тастап жіберді де, Аленушканы жағаға алып шықты. Мойнындағы тастың жібін кесіп лақтырып тастады, Аленушканы бұлақ суына шомылдырды да, жаңадан жібек көйлек кигізді. Аленушка тіріліп, бұрынғысынан да сұлуланып кетті.

Ал қуанышы қойнына сыймаған лақ үш рет төбесімен аунап түсіп еді, қайтадан Иванушка бала болып шыға келді.

Мыстан кемпірді бір асау аттың құйрығына байлап, айдалаға қоя берді.

БАҚА-ХАНЫМ



Баяғы өткен заманда бір елде әйелі мен патша болған екен. Патшаның үш ұлы болыпты — бәрі де жас, бойдақ, үшеуі де айтып тіл жетпейтін жігіттің сабазы екен. Кішісінің есімі Иван болыпты.

Бір күні патша әңгіме қозғап былай дейді:

— Айналайын, балаларым! Қолдарыңа бір-бір жебе алыңдар, садақтың адырнасын шірене тартыңдар, сөйтіндер де жебені жан-жаққа зуылдата жіберіңдер: жебе қай үйдің ауласына барып түссе, сол үйдің қызына құда түсіңдер.

Ұлдың ең үлкені садағын тартып қалған еді, жебесі байдың үйінің ауласына, тұп-тура қыз отауының есігінің алдына барып түсті. Ортаншы ұлы тартқан еді, жебе көпестің ауласына ұшып барып, қызыл қақпаның түбіне тоқтады, ал қақпаның алдында тал шыбықтай бұралып көпестің қызы тұрған-ды. Үшеудің ең кішісі садағын тартқан еді, жебе шалшыққа барып шолп етті, оны бақылдауық бақа тістеп алып кетті. Патша баласы Иван тұрып:

— Бақылдауық бақаны қайтіп әйел етпекпін? Бақа менің теңім бе екен? — деп қамығады.

— Әйел етіп ал, — дейді патша, — тағдырдың саған жазғаны сол шығар.

Міне, сөйтіп патшаның балалары үйленген-ді: Ең үлкені — байдың қызын, ортаншысы — көпестің қызын алды, ал патша баласы Иван — бақылдауық бақаға үйленеді.

Патша ұлдарын шақырып алып бұйрық береді:

— Сендердің әйелдерің маған ертеңге бір-бір жұмсақ ақ нан пісірсін!

Патша баласы өз шатырына ренжіп келеді, тәкаппар басы салбырап, иығы түсіп кетеді.

— Бақ-бақ, патша баласы Иван! Осынша салың суға кетуі қалай? — деп сұрайды одан бақа. — Әлде әкеңнен ренжитіндей сөз естідің бе?

— Салым суға кетпей қайтейін? Падиша әкем саған ертеңге жұмсақ ақ нан пісірсін деп бұйырды!

— Қамықпа, патша баласы! Одан да жатып ұйқта: ертеңгі істің бір жөні бола жатар!

Бақа патша баласының төсегін салып жатқызады, сонсын өзінің үстінен бақа терісін сыпырып тастайды да, ай мен күндей сұлу қыз — Дана Василиса болып шыға келеді. Ол қызыл қақпаның алдына шығып айғайлап тіл қатады:

— Мені баққан шешелерім! Жиналындар, қамданындар, туған әкемнің үйінде қандай ақ нан жеген болсам, нақ сондай етіп жұмсақ ақ нан пісіріңдер.

Ертеңінде ертемен патша баласы Иван оянса, бақа нанды әлдеқашан пісіріп те қойыпты, тіпті ертегіде айтылатыны болмаса, өмірінде жеп көрмеген тамаша нан тұр.

Үлкен дөңгелек ақ бөлке неше түрлі өрнекпен әлеміштелген, айнала бүйірінен күзетшілері қарауыл қарап тұрған патша қалалары көрінеді.

Патша осындай нан пісіртіп әкелгені үшін баласы Иванға алғыс айтады және сол арада үш баласына бұйрық береді:

— Сендердің әйелдерің маған бір түнде бір-бір кілем тоқып беретін болсын.

Патша баласы Иван ренжіп келеді, тәкаппар басы салбырап, иығы түсіп кетеді.

— Бақ-бақ, патша баласы Иван! Салың суға кетуі қалай? Әлде әкеңнен ренжитіндей сөз естідің бе?

— Салым суға кетпей қайтейін! Патша әкем өзіне бір түнде жібек кілем тоқып беруді бұйырды.

— Қамықпа, патша баласы! Одан да жатып ұйқта: ертеңгі істің бір жөні бола жатар.

Бақа патша баласының төсегін салып жатқызады, сонан өзінің үстінен бақа терісін сыпырып тастайды да, ай мен күндей Дана Василиса деген қыз болып шыға келеді. Ол қызыл қақпаның алдына шығып айғайлап тіл қатады:

— Мені баққан шешелерім! Жиналыңдар, жібек кілем тоқуға қамданыңдар, туған әкемнің үйінде қандай кілемге отырған болсам, нақ сондай болсын.

Айтқаны орындалады.

Ертеңінде ертемен патша баласы Иван оянса, бақа кілемді әлдеқашан тоқып қойыпты, тек ертегіде айтылатыны болмаса, мұндай ғажап кілемді өмірінде көрген емес.

Кілемге алтын-күміс араластыра зер төгілген, неше түрлі әдемі өрнектері көздің жауын алады.

Патша осындай кілем тоқытып әкелгені үшін баласы Иванға алғыс айтады және сол арада жаңа бұйрық береді. Үш баласына да әйелдеріңді ертіп келіп маған көрінетін боласыңдар дейді. Патша баласы Иван тағы да ренжіп келеді, тәкаппар басы салбырап, иығы түсіп кетеді.

— Бақ-бақ, патша баласы Иван! Салың суға кетуі қалай? Әлде әкеңнен ренжитіндей сөз естідің бе?

— Салым суға кетпей қайтейін? Падиша әкем сені ертіп барып өзіне көрінуімді бұйырды: сені жұртқа не деп көрсетпекпін?

— Қамықпа, патша баласы! Патшаға қонаққа жалғыз өзің бар, ал мен сенің артыңнан барайын; дүрсілдеген, күркіреген дауыс естісімен, бұл күймемен келе жатқан менің бақам ғой де.

Міне, екі ағасы үлде мен бұлдеге оранып, тотыдайын сылана қалған әйелдерін ертіп келіп жұртқа көрінеді; өздері жай тұрмай патша баласы Иванды келеке етіседі:

— Уа, інішек, әйелінді ертпей жалғыз келуің қа-

лай? Сондай сұлуды қайдан іздеп тапқансың? Бүкіл батпақты кешіп шыққансың ғой, тегі?

Кенет құлақ жара дүрсілдеген, гүрілдеген дауыс естіледі, бүкіл патша сарайы селкілдеп кетеді.

Қонақтары үрейлері ұшып орындарынан атып-атып тұрады, қайда барарын білмей сасады, осы кезде патша баласы Иван былай дейді:

— Қорықпаңдар, қымбатты қонақтар! Бұл күймен келген менің бақам ғой!

Алты ат жеккен алтын күйме патша қақпасының алдына зымырап келіп тоқтай қалады, күймеден сылаң қағып Дана Василиса шыға келеді — ай десе аузы, күн десе көзі бар дегендейін, тек ертегіде айтылатыны болмаса, бұл өмірде кездесе қоймайтын асқан сұлу жан екен! Ол патша баласы Иванның қолтығынан ұстайды да, неше түрлі тағам толы дастарқан жайылған емен столға қарай бастап жүреді.

Қонақтар ішіп-жеп көңіл көтере бастайды. Дана Василиса стақандағы шараптан бір ұрттайды да, қалғанын өзінің сол жақ жеңіне құяды, аққудың етін жейді де, сүйегін оң жақ жеңіне тығады.

Патшаның үлкен ұлдарының әйелдері оның бұл қулығын көріп қалып, өздері де соны істейді. Дана Василиса патша баласы Иванмен биге шығады, сол қолын сермеп қалып еді, көл пайда бола кетеді, оң қолын сермеп қалып еді, суда аққулар жүзе жөнеледі. Патша мен қонақтар таң қалып, таңдай қағысады.

Ал үлкен келіндер биге шығып, сол қолдарын сермеп қалғанда — қонақтардың үсті-басына шарап шашырайды, оң қолдарын сермеп қалғанда — сүйек ұшып барып тура патшаның көзіне тиеді. Патша ашуланып екеуің көзіме көрінбендер деп қуып шығады.

Осы арада патша баласы Иван ебін тауып үйіне қарай жүгіреді. Ол үйінен бақаның терісін тауып алады да, отты қыздыра жағып, өртеп жібереді. Дана Василиса қайтып келіп іздесе, бақаның терісі жоқ; уайымдап,

қатты қайғырады, сонсын патша баласына былай дейді:

— Беу, патша баласы Иван-ай! Мұның не қылғаның? Сәл күте тұрғаныңда ғой, мен мәңгі-бақи сендік болар едім, ал енді қош! Мені тоғыз қат елден әрі асып, он қат қатшалыққа жетсең ғана табасың, Өлмес Кощейден сұрағайсың.

Осы сөзді айтып аппақ аққу болады да, терезеден ұшып кетеді.

Патша баласы көзінің жасын көл қылып жылайды, сонсын төрт құбылаға кезек қарап құдайға сиынады да, басы ауған жаққа жүріп кетеді.

Ол аз жүрді ме, көп жүрді ме, әйтеуір, бір күні алдынан әбден қартайған шал кездеседі.

— Аманбысың, ер жігіт! — дейді шал. — Жол болсын, нендей жоғыңды іздеп шығып едің?

Патша баласы өз басының қайғысын оған түгел айтып береді.

— Қап, патша баласы Иван-ай! Бақаның терісін өртеп нең бар еді? Оны кигізген сен емес едің ғой, ендеше, шешетін де сен емес ең? Дана Василиса өз әкесінен де айлалы әрі ақылды болып туған-ды; әкесі сол үшін ашуланып, оны үш жыл бақа бол деп қарғағанды. Міне, мына шүйке жіпті ал, бұл қайда домаласа, тартынбай соңынан ере бер.

Патша баласы Иван шалға алғыс айтып, домалаған шүйке жіптің артынан ереді.

Айдаламамен келе жатса, алдынан аю кездеседі.

«Мына аюды өлтірейін», — деп ойлайды патша баласы Иван.

Ал аю оған былай деп тіл қатады:

— Маған тиме, патша баласы Иван! Менің де саған бір пайдам тиер.

Патша баласы Иван аюға тимейді.

Онан әрі жүріп келе жатып, бір уақытта аспанға қараса үйрек ұшып барады; патша баласы садақпен құсты атып алмақшы болады, кенет үйрек адамша сөйлеп қоя береді:

— Маған тиме, патша баласы Иван! Сенің бір қажетіңе жарармын.

Патша баласы құсты атпай, әрі қарай жүре береді.

Зымырап бара жатқан қоянды көріп, патша баласы тағы да садағына жармасады, осы кезде қоян оған адамша тіл қатады:

— Маған тиме, патша баласы Иван! Сенің бір қажетіңе жарармын.

Патша баласы Иван қоянды атпай, әрі қарай жүре береді, бір кезде көкпеңбек теңізге келіп жетеді.

Қараса, жағада құмның үстінде шортан балық жатыр, өлуге сәл қалыпты.

— Уа, патша баласы Иван!— дейді шортан.— Маған аяушылық ет, мені теңізге тасташы!

Патша баласы шортанды теңізге тастайды да, жағаны бойлап жүріп кетеді.

Ұзақ домалады ма, аз уақыт домалады ма — шүйке жіп домалап отырып бір үйшікке келіп тірелді; үйшік тауықтың аяғына орнатылған екен, зырылдап айналып тұр. Патша баласы Иван былай дейді:

— Үйшік, әй, үйшік! Бұрынғыша маған бетіңді бұрып, теңізге арқанды беріп тұршы!

Үйшік теңізге арқасын беріп, патша баласы Иванға бетін бұрып тұра қалады. Патша баласы үйшікке кіреді, қараса: пештің үстінде астына тоғыз кірпішті жастанып мыстан кемпір жатыр, аяғы қу сүйек, мұрны сорайып төбені тірейді, өзі тісін қарш-қарш қайрап жатыр.

— Е-е, бәтшағар, ер жігіт! Маған жай келдің бе?— дейді мыстан кемпір Иванға.

— Ә...кәрі қақпас,— дейді патша баласы Иван,— сен мен секілді ер жігітті тамақ беріп тойдырмаймысың, моншаға түсіріп рақаттандырмаймысың, содан кейін барып жөн сұрамаймысың.

Мыстан кемпір оған тойдыра тамақ береді, рақаттандырып моншаға түсіреді, осыдан кейін патша баласы өзінің әйелі Дана Василисаны іздеп жүргенін айтып береді.

— Ә, білем, білем!— дейді мыстан кемпір.— Ол қазір Өлмес Кошейдің қолында; оны құтқару қиын, Кошейді жеңу оңай емес; оның жаны иненің ұшында, ал ине жұмыртқаның сарысында, ал жұмыртқа — үйректің жемсауында, ал үйрек — қоянның құрсағында, ал қоян — сандықтың ішінде, ал сандық — биік еменнің басына қойылған, ал еменді Кошей көзінің қарашығындай қорғайды.

Мыстан кемпір еменнің қай жерде өсіп тұрғанын айтады.

Патша баласы Иван еменнің түбіне келіп, сандықты қалай аларын білмей аңырып тұрып қалады. Күтпеген жерден қорбаңдап аю келеді де, ағашты тамырымен қопарып тастайды; сандық құлап түсіп құлпарша болады.

Сандықтан бір қоян атып шығып, бар пәрменімен қаша жөнеледі; қараса, оны екінші бір қоян қуып барады, қуып жетіп алып ұрады да, түте-түтесін шығарады.

Қоянның құрсағынан үйрек ұшып шығып, аспанға шырқап кетеді, ал баяғы ата үйрек оның соңынан шүйіледі, бір бүйірден соғып өткенде, үйрек жұмыртқаны тастап жібереді, ал жұмыртқа теңізге барып түседі.

Патша баласы Иван енді сорым қайнайтын болды-ау деп еңіреп жылап қоя береді. Кенет теңізден жағаға бір шортан жүзіп шығады, аузында тістеген жұмыртқа бар; Иван жұмыртқаны алып жарады, ішіндегі инені ұстап тұрып сындырады. Кошей қанша бұлқынса да, қанша жанталасып аласұрса да өліп қалады.

Иван Кошейдің үйіне кіріп барып, Дана Василисаны алып шығады да, еліне қайтып оралады. Осыдан соң екеуі ұзақ жылдар бойы тату-тәтті, бақытты өмір сүреді.

ҚҰЛАГЕР



Баяғыда бір шал болған екен, оның үш ұлы болыпты. Кенжесін жұрттың бәрі Иванушка-ақымақ деп атап кетіпті.

Шал бір жолы жер жыртып, бидай егеді. Егін бітік шыққан, бірақ әлдекім қайта-қайта егінді таптап, жапырып кетіп маза бермей қояды.

Осыдан соң шал ұлдарына былай дейді:

— Айналайын, балаларым! Егінді түн сайын кезектесіп күзетіңдер де, ұрыны ұстандар!

Бірінші түні егінді күзетуге үлкен ұлы шыққан екен, ұйқысы келіп кірпігі айқаса беріпті. Сонсоң пішен сарайға барады да, таң атқанша ұйқтайды.

Таңертең үйге келіп өтірік айтады:

— Түні бойы көз ілмей егінді күзеттім! Қатты жаурадым, ал ұрыны көре алмадым.

Екінші түні ортаншы ұлы күзетке шыққан. Ол да түні бойы пішен сарайда ұйқы соғады.

Үшінші түні Иванушка-ақымақтың кезегі келгенді.

Ол қойнына самса тығып, қолына арқан алады да, күзетке кетеді. Егінжайға келіп тастың үстіне отырады. Самсаны шетінен ғана тістеп асықпай жеп, ұйқтамай ұрының келуін күтеді.

Түн ортасы болғанда егінге бір құлагер ат шауып келеді. Бір түгі күміс, бір түгі алтын; шабысынан тұяғының астындағы жер солқылдайды, құлағынан будақтап түтін шығады, танауынан жалын шарпиды.

Ат келеді де, бидайға ауыз салады. Жегенінен бұрын тұяғымен таптап тастайды.



Иванушка білдірмей ғана атқа таяу келіп, арқанды тұзақтап мойнына лақтырып жібереді.

Ат аспанға шапшып, қалай жұлқынса да орнынан тырп ете алмайды. Иванушка аттың үстіне ырғып мініп, жалынан мықтап ұстай алады.

Ат айдалаға алып кетіп қалай құйғытса да, бауырын ішіне алып қанша туласа да, үстіндегі адамды түсіре алмайды.

Содан кейін ол Иванушкаға жалына бастайды:

— Сен, Иванушка, мені босат! Сөйтсең саған үлкен жақсылық істеймін.

— Жақсы,— дейді Иванушка,— босатайын, сонда сені қалай тауып аламын?

— Сен жазық далаға, кең алқапқа шық та, үш рет ысқыр, батырларша саңқылдай сөйлеп: «Жүйрік ат, құйындат, көреген құлагер, алдыма келе гөр!»— де, сонда мен жетіп келемін.

«Егінге енді қайтып түспеймін, бидайды таптамаймын» деген уәдесін алып, Иванушка атты босатып қоя береді.

Таңертең Иванушка үйге келеді:

— Кәне, көрген-білгеніңді айт,— деп оны екі ағасы ортаға алады.

— Ұстадым, — дейді Иванушка, — ат екен, бір түгі күміс, бір түгі алтын.

— Ол ат қайда?

— Ол енді егінге түспеймін деп уәде берген соң, босатып қоя бердім.

Ағалары Иванушканың сөзіне сенбейді, оны әбден айыздары қанғанша мазақтайды. Бірақ сол түннен бастап егінге ешкім тимейді.

Осы оқиғадан кейін көп кешікпей патша жан-жаққа шабармандарын шаптырады, олар барлық қыстақты, барлық қаланы шарлап жар салады:

— Уа, жарандар: байлар мен дворяндар, көпестер мен қарапайым шаруалар, патшаның сарайына жиналындар. Патша қызы Елена ару өзінің биік отауында, терезе түбінде отыр. Кімде-кім атпен құйғытып келіп патша қызының алдынан секіртіп өтсе және оның саусағындағы алтын жүзікті суырып алып кете алса, қыз сол адамға күйеуге шығады!

Айтылған күні Иванушканың екі ағасы патша сарайына баруға қамданады. Өздері бақ сынау үшін емес, тым болмаса өзгелердің атпен шабатынын көру үшін бармақшы. Ал Иванушка оларға мені де ала барындар дейді.

— Ағатайларым, маған қандай да болсын бір ат тауып беріңдер, мен де барып Елена аруды көрейін!

— Тәйт әрі, ақымақ неме! Жұрттың мазағына қалмақсың ба? Одан да тыныш қана пештің үстінде отыр, ішің пысып бара жатса күлді аударыстыр!

Ағалары жүріп те кеткен, ал Иванушка-ақымақ жеңгелерінің алдына келеді:

— Маған себет беріңдерші, тым болмаса орманға барып саңырауқұлақ терейін!

Қолына себетті алады да, саңырауқұлақ тергісі келген кісі боп үйінен шығып кетеді.

Иванушка жазық далаға кең алқапқа келіп жеткен соң, себетті талдың түбіне лақтырып тастайды да, үш рет ысқырады, батырларша даусы саңқ етеді:

— Жүйрік ат, құйындат, көреген құлагер, алдыма келе гөр!

Ат құйындатып келеді, тұяғының астындағы жер солқылдайды, танауынан жалын шарпиды. Құйғытқан бойы Иванушканың алдына жетіп келіп тұра қалады.

— Не бұйырасыз, Иванушка?

— Патша қызы Елена аруды көргім келеді,— дейді Иванушка.

— Олай болса менің оң құлағымнан кір де, сол құлағымнан шық!

Иванушка аттың оң құлағынан кіріп, сол құлағынан шыққан еді, көріп көз тоймайтын, айтып тіл жетпейтін бозбала болып шыға келеді! Құлагер атқа мінеді де, қаланы бетке ұстап құйғыта жөнеледі.

Жолшыбай екі ағасын қуып жетіп, оларды құлагердің тұяғынан ұшқан жолдың шаңына көміп жандарынан ағызып өте шығады.

Иванушка алаңға, түп-тура патша сарайының алдына шауып жетеді. Қараса, қаптаған халық иін тіреседі, ал биік отаудағы терезенің түбінде патша қызы Елена ару отыр. Қолындағы алтын жүзік күнге шағылысып жалт-жұлт етеді.

Жұрттың бәрінің көзі Елена аруда, ал атын секіртіп оның алдынан өтуге ешкімнің батылы жетер емес: бәрі де мұнша биіктен секіре алмай аттан құлап мойнымыз үзілер деп қорқады.

Иванушка көп тұрмай құлагердің қоян жон сауырына қамшы басады... Аты әуелі пысқырады, сосын кісінейді де, секіріп кеп кетеді. Патша қызына үш бөрене ғана жетпей қалады.

Көріп тұрған халық таң қалысады, ал Иванушка құлагердің басын бұрады да, шауып кетіп қалады. Жұрт:

— Бұл кім болды екен? Бұл кім?— деп білгісі келіп, даурығысады.

Ал Иванушка көзден ғайып болады. Қай жақтан

шауып келгенін көрген жұрт оның қалай қарай кеткенін көре алмай қалады.

Иванушка жазық далаға шауып жетеді, аттан секіріп түседі де, оның сол құлағынан кіріп, оң құлағынан шығып бұрынғы Иванушка-ақымақ күйіне түседі.

Құлагер атты қоя береді, улы саңырауқұлақтан себетті толтыра теріп үйге алып келеді.

— Уа, жеңгейлер, сендерге, міне, қандай тамаша саңырауқұлақ әкелдім!

Жеңгелері Иванушкаға ашуланып ұрса бастайды:

— Ақымақ неме, әкелгенің қандай саңырауқұлақ? Өзің-ақ же оныңды!

Иванушка мырс етеді де, сол үндемеген қалпы пештің үстіне шығып отырады.

Үйге қайтып оралған ағалары қалада көрген-білгендерін әйелдеріне айта бастайды:

— Уа, бибілер, патшаға қандай керемет жігіттің келгенін білемісіңдер! Ондай сабазды біз өмірі көрмеген едік. Астындағы арғымағы қарғығанда патша қызына тек үш бөрене ғана жете алмады-ау!

Ал пештің үстінде жатқан Иванушка келекелей сөйлейді:

— Уа, ағатайларым, сол көрген сабаздарың мына мен емеспін бе?

— Сендей ақымақ ондай жерге бара алушы ма еді? Одан да пештің үстінен түспей отыра бер, шыбын аула!

Келесі күні ағалары тағы да қалаға кетеді, ал Иванушка себет алып, саңырауқұлақ теруге шығады.

Жазық далаға, кең алқапқа келіп жеткен соң, себетті лақтырып тастайды да, үш рет ысқырады, батырларша даусы саңқ етеді:

— Жүйрік ат, құйындат, көреген құлагер, алдыма келе гөр!

Ат құйғытып келеді, тұяғының астындағы жер сол-

қылдайды, құлағынан түтін будақтайды, танауынан жалын шарпиды.

Құйғытқан бойы Иванушканың алдына жетіп келіп, қалт тұра қалады.

Иванушка аттың оң құлағынан кіріп, сол құлағынан шыққан еді — әп-әдемі бозбала болып шыға келеді. Атқа қарғып мінеді де, патша сарайына қарай шаба жөнеледі.

Қараса, алаңда халық өткен жолғыдан да көп екен. Бәрі патша қызына қызыға қарап қалған, ал аттарын қарғытып өтуді ойламайды да: мойнымызды үзіп алармыз деп қорқады.

Иванушка көп тұрмай атының қоян жон сауырына қамшы басады. Құлагер кісінеп қоя береді де, секіріп келіп кетеді. Патша қызының терезесіне екі бөрене ғана жетпей қалады. Иванушка құлагер аттың басын бұрады да, шауып кетіп қалады. Оның қай жақтан шауып келгенін көрген жұрт, қалай қарай кеткенін көре алмай қалады.

Ал Иванушка жазық далаға да келіп жетеді.

Құлагерді қоя береді де, өзі үйге келеді. Пештің үстіне шығып алып ағаларының келуін күтеді.

Ағалары үйге келісімен көрген-білгендерін айта бастайды:

— Уа, бибілер, кешегі сабаз бүгін тағы келді! Патша қызына бар болғаны екі-ақ бөрене жете алмады.

Иванушка ағаларына:

— Ағалар, сол көрген сабаздарың мына мен емес-пін бе?— дейді.

— Тәйт, ақымақ, өшір үніңді!

Үшінші күні ағалары тағы жолға әзірленеді, ал Иванушка оларға тағы жалынады.

— Маған жаман да болса бір ат беріңдерші, сендермен бірге барайын.

— Отыр үйде, ақымақ! Сенің ғана баруың қалыпты!

Осылай деп ағалары кетіп қалады.

Иванушка жазық далаға, кең алқапқа келеді де, үш рет ысқырады, батырларша даусы саңқ етеді:

— Жүйрік ат, көреген құлагер, алдыма келе гөр!

Ат құйғытып келеді, тұяғының астындағы жер солқылдайды, құлағынан түтін будақтайды, танауынан жалын шарпиды. Құйғытқан бойы Иванушканың алдына жетіп келіп, қалт тұра қалады.

Иванушка аттың оң құлағынан кіріп, сол құлағынан шығады. Әп-әдемі бозбала болып шыға келеді де, патша сарайына қарай шаба жөнеледі.

Иванушка биік отауға шауып жете бере құлагерге қамшыны басып-басып жібереді... Ат кісінеп қоя береді, тұяғымен жер тарпып қалады да, секіріп кеп кетеді, терезеге барып жетеді!

Иванушка Елена арудың бал тамған ернінен шөп еткізіп бір сүйеді де, оның саусағындағы асыл жүзiктi суырып алып, құйындата жөнеледі. Жұрт артындағы шаңын ғана көріп қалады.

Есін жиған ел енді ғана даурығып, қолдарын бұлғап айғайлай бастайды:

— Токтатындар ананы! Ұстандар ананы!

Ал Иванушка көзден ғайып болады.

Ол құлагерді қоя береді де, үйге келеді. Бір қолын шүберекпен орап алады.

— Қолыңа не болған?— деп сұрайды жеңгелері.

— Жай әшейін, саңырауқұлақ іздеп жүргенімде бұта жырып кетті...— Осылай деп пештің үстіне шығады.

Қайта оралған ағалары көрген-білгендерін айтты:

— Уа, бибілер, сол баяғы сабаз бұл жолы атын бір-ақ қарғытып, патша қызына барып жетті, қыздың саусағындағы жүзiктi де суырып алды!

Пештің үстінде отырған Иванушка баяғы әуеніне басады:

— Ағалар, сол көрген сабаздарың мына мен емес-пін бе?

— Отыр, ақымақ неме, бет алды былшылдама!
Осы арада Иванушканың патша қызының жүзігіне қарағысы келіп кетеді.

Ол қолын ораған шүберекті алып тастап еді, алтын жүзік бүкіл үйдің ішін жарқыратып жіберді.

— Әй, ақымақ, отпен ойнамай жай отыр!— деп айғайлайды ағалары.— Үйді өртейін деп пе едің. Сені үйден қуып жіберу керек екен!

Иванушка оларға ештеңе демей, саусағындағы жүзікті қайтадан шүберекпен орап тастайды.

Патша үш күннен соң тағы да былай деп жар салады: патшалықтағы бүкіл халық кәрі-жасы бірі қалмастан түгел маған тойға келсін, ешкім де үйінде отырып қалмайтын болсын, ал кімде-кім патшаның тойына келмесе, сол адамның басы шабылады!

Амал не, екі ағасы тойға бармақ болады, Иванушка-ақымақты да ертіп баруға тура келеді.

Жиналған жұрт емен столды айнала отырып, гүлді дастарқанның үстіндегі неше түрлі тағамды ішіп-жеп, әңгіме соғады.

Ал Иванушка пештің түбіндегі бұрышқа барып, сол жерде сүмірейіп отырады.

Елена ару столды жағалай жүріп қонақтарға қызмет көрсетеді. Әркімге шарап, бал сыра әкеп ұсынады, ал өзі оның саусағына қарайды, менің асыл жүзігім осы кісіден табылмас па екен деп ойлайды. Жүзік кімнің қолында болса — сол болашақ күйеуі.

Бірақ жүзік ешкімнен көрінер емес...

Қыз жұрттың бәрін көріп болып, ең соңында қалған Иванушкаға келеді. Ал Иванушка пештің түбінде отыр, киімі жамау-жасқау, аяғындағы шабатасының жұлығы шыққан жыртық, бір қолын ескі шүберекпен орап алыпты.

Көріп отырған екі ағасы: «Мына патша қызының Иванушкаға да шарап ұсынғанын қарашы!»— деп ойлайды.

Ал Елена ару Иванушкаға стақанмен шарап беріп тұрып:

— Қолыңды неге орап алғансың, жас жігіт?— деп сұрайды.

— Орманға саңырауқұлақ теруге барғанымда бұта жырып кетті.

— Кәне, шешіп көрсетші!

Иванушка қолындағы шүберекті шешкен еді, сау-сағындағы патша қызының асыл жүзігі жарқ-жүрк етіп жайнап қоя береді.

Қуанып кеткен Елена ару Иванушканы қолынан жетектеп, әкесінің алдына алып келіп былай дейді:

— Міне, әке, менің болашақ күйеуім табылды!

Иванушканы жуындырады, шашын әдемілеп тарайды, үстіне жақсы киім кигізеді, содан соң ол Иванушка-ақымақ емес, әп-әдемі бозбала болып шыға келеді, тіпті танымастай болып өзгеріп кетеді.

Бұдан әрі ойланып-толғануға жол қалған жоқ, жұрттың жай ғана жиналған тойы енді үйлену тойына ұласты.

Сол тойда мен де болдым, бал сыра іштім, осы күнге дейін дәмі аузымнан кетер емес.

ҮЛЕС



Бір күні орманда барлық аңдарға құйрық үлестірілетін болыпты деген хабар дүңк ете түседі. Мұны естіген ала қанат сауысқандар шықылық қағып:

— Ертең барлық аң біткен құйрық алу үшін, үлкен алаңға жиналсын!— деп орман-дала, сай-саланы түгел кезіп, жар салады.

«Құйрық дейді?» «Қандай құйрық?» «Құйрықтың керегі не?» десіп, аңдар абыр-сабыр болып қалады.

— Оу, қандай дейтін не бар? Береді екен, алу керек, оның неге қажет екенін соңынан көре жатармыз!— деп түлкі жылмаң қағады.

Ертеңінде жүгіргені жүгіріп, секіргені секіріп, жортқаны жортып аңдар таң сәриден үлкен алаңға қарай ағыла бастайды. Қай-қайсысының да құйрықтан құр қалғысы жоқ.

Құйрық үлесіне қоян да бармақшы болып, інінен басын қылтитып қараса, нөсерлете төккен қатты жаңбыр тура тұмсыққа ұрып тұр екен. «Қой, мына жаңбыр менің түгімді қалдырмас»,— деп, ол қорыққанынан ініне қайта тығылады.

Бір уақытта інінде отырған қоянға тарп-тұрп еткен дыбыс естіледі. Жер қозғалып, ағаштар шатырлайды. Бұл кетіп бара жатқан аю екені белгілі еді. Қоян іннен басын қылтитып:

— Аю ата, егер онда құйрық үлестіріп жатса, маған да бір кішкене құйрықша ала келші!— дейді.

— Жарайды, ұмытып кетпесем, ала келейін,— дейді де аю жөніне кете барады. «Шынында да,

қартайған аю мені ұмытып кетер-ау! Қой, онан да тағы біреуге тапсырайын»,— деп ойлайды қоян. Осы кезде жортып бара жатқан қасқырды көріп:

— Қасқыр ағай, өзіңе құйрық таңдағанда, маған да біреуін ала салшы,— дейді қоян.

— Жарайды, жетпей қалмаса, алып келермін,— деп қасқыр жөнеледі.

Енді бір кезде інінде отырған қоян шөптің сыбдырлағанын естиді. Сөйтсе, түлкі жортып барады екен. «О, бұған да тапсырып жіберейін!»— деп ойлады да:

— Түлкі апай, құйрық үлесінен маған да бір құйрық ала келші!— дейді.

— Мақұл, әкелейін, сұр көжегім!— деп түлкі де жөнөп береді.

Алаңға жиналған аңдардың көптігіне сан жетпейді. Ағаштың үлкен-үлкен бұтақтарына неше түрлі құйрықтар ілініп тасталған. Тарақ құйрық, күлте құйрық, сабау құйрық, ширатпа құйрық, ұзыны бар, қысқасы бар, қойшы, әйтеуір, алуан түрлі құйрықтар самсап тұр екен.

Алаңға аңдардың бәрінен бұрын жеткен түлкі өзіне таңдап алған мамықтай жұмсақ ұзын құйрығын бұлғаңдатып, сәндене басып, көңілдене үйіне қайтады.

Одан соң ат шауып келіп, өзіне қылшықтары ұзын-ұзын, шашақты құйрықты таңдап алады. Құйрық десе дегендей-ақ! Желпісе құлағына дейін жетеді. Шыбын қағуға тамаша-ақ! Риза болып ол да кетеді. Бір кезде сиыр жетеді. Оған ең ұшында ғана желпігіш шашақтары бар, сабау тәрізді құйрық тиеді. Ол да разы, екі жағына кезек бұлғап, сауырына қонған соналарды соғып мәз болады.

Тиін бастан-басқа, иықтан-иыққа секіріп жүріп, әп-әдемі, кіп-кішкене күлте құйрықты алып, ол да зытады.

Піл тарп-тарп басып, біреудің аяғын мыжып, біреудің тұяғын таптап жүріп, енді жеттім-ау дегенде, оған қалғаны — ең ұшында ғана қылтанағы бар, белдік

сияқты бірдеңе болып шығады. Пілге құйрық ұнаған жоқ, бірақ басқа құйрық қалмаған соң амалы нешік!

Енді шошқа келеді. Ол тұмсығымен жер сүзген күйі төменгі бұтақта ілулі тұрған жұмыр жіп тәрізді біреуін ала салады.

Әуелінде ол да құйрығын ұнатпайды. Сонан соң оны сақина сияқтандырып иіп байқап еді, әлгі құйрығы бәрінен де керемет әсем болып кеткендей көрінеді шошқаға. Көңілі толып, ол да жөнеледі. Ал аю байғұс жол-жөнекей араның ұясына соға кетем деп жүріп, кешігіп қалады. Келсе, құйрық түгіл дәнеңе де жоқ, бітіп кеткен. Әйтеуір, бір түкті терінің пұшпағын тауып, түсінің қара болғанына да шүкіршілік айтып, өзіне құйрық етіп алады.

Қоян іннің ішінде отырып, «маған қашан құйрық әкелер екен?» деп тағатсыздана күтумен болады. Бір уақытта келе жатқан аюды көреді.

— Аю ата, маған құйрықша әкелдің бе?— дейді оған қоян.

— Неткен құйрықша далада жатқан! Сен түгіл, өзіме де мына бір пұшпақ қана тиді!— дейді де, аю кете барады.

Енді бір қараса, қасқыр жүгіріп келеді екен.

— Қасқыр аға, маған құйрықша әкелдің бе?

— Ойбай, қыли көзім-ай, сенен басқалар да жетеді онда! Әуелі менің өзім мынау жуан мамық құйрықты зорлықпен әрең алдым,— деп қасқыр жорта жөнеледі. Жүгіріп түлкі жетеді.

— Түлкі апай, маған құйрықша әкелдің бе?

— Өйбүй, ұмытып кетіппін... Менің өзіме таңдап алғанымды қарашы!— дейді түлкі керіліп. Осылай деп ол құйрығын олай, бұлай бұлғандатып қояды. Қоян ызаға булығып, жылап жібере жаздайды.

Осы кезде аяқ астынан айқай-шу шығып, үрген, ысылдаған дыбыстар естіледі. Қоян бұл не шу деп қараса, әрқайсысы өз құйрықтарын мақтасып, ит пен мысық жанжалға басқан екен. Екеуі дауласа-дауласа,

ақыры айкаса келіп түседі. Ит мысықтың құйрығының ұшын тістеп жұлып алып тастайды. Сол-ақ екен, қоян оны бас салып ала қашады да, өзіне құйрық етіп жапсырып алады. Осылайша қоянның көңілі жай табады. Мейлі, кішкене болса да, құйрықтың аты құйрық қой!

МАҚТАНШАҚ ҚОЯН



Баяғыда орманды мекен етіп бір қоян тұрыпты. Жазда рақат, орманда бәрі бар, ал қыс түсе ол әрдайым азықтан тапшылық көреді. Ондай сәттерде қоян шаруалардың астық қоймаларына түсіп, сұлы ұрлауға мәжбүр болады. Сөйтіп ол бірде астық қоймасына келсе, қоян біткеннің бәрі жиналған екен. Сонда әлгі қоян тұрып:

— Мұртым менің мойылдай, табандарым күректей, тістерім болат қанжардай — мен ешкімнен де қорықпаймын! — деп жатып кеп мақтанады.

Мақтаншақтың бұл жәйін қояндар қарғаға келіп баян етеді. Қарға мақтаншақ қоянды іздеп жүріп, бір ағаштың түбінде бұғып жатқан жерінен тауып алады.

— Қарға апатай, мен мұнан былай мақтанбайын, тиісе көрмеңізші! — деп жалбарынады зәресі ұшқан қоян.

— Иә, сен не деп мақтанып едің?

— Мұртым менің мойылдай, табандарым күректей, тістерім болат қанжардай — мен ешкімнен де қорықпаймын!— деген едім.

Қарға қоянды бас салып, біраз мыжғылайды. Сонан соң:

— Ендігәрі мақтанушы болма!— деп ескертеді де, жөніне кетеді.

Бірде қашаның үстінде отырған қарғаны иттер қағып түсіріп, жұлмайды-ай келіп. Мұны көзі шалған қоян:

«Япыр-ай, қарғаға қалай көмек етсем екен?»— деп ойлайды. Сөйтеді де, қарғып бір төмпешіктің үстіне шығып, шоқиып отыра қалады. Иттер қоянды көре сала қарғаны тастай беріп, оны қуып ала жөнеледі. Қарға қайтадан қашаға барып қонады, ал қоян иттерден қашып құтылып кетеді. Осыдан біраз уақыт өткен соң, қоянды қайта кездестірген қарға:

— Жарайсың, қояным, сен мақтаншақ емес, асқан ер екенсің!— деп оған қатты риза болыпты.

ШАРУА МЕН АЮ



Шаруа шалқан екпекші болып, орманға келіп жер жыртып жүрсе, оған аю жолыға кетеді.

— Ей, шаруа, мен сені құртам!— дейді аю.

— Мені құрта көрмеші, аюжан, онан да бірігіп шалқан егейік. Шыққан егіннің сабағын түгелдей сен ал, маған түбірін берсең де болады,— дейді шаруа.

— Жарайды, келістік. Бірақ осыдан алдап кететін

болсаң, сені орманның маңына жолатпаймын,— деп ескертеді де, аю орманға кіріп жоқ болады.

Шалқан кереметтей ірі болып өседі. Күз түсе шаруа шалқанды қазуға барады. Мұны сезген аю орманнан шыға келіп:

— Кәне, шалқанды бөліске салайық, менің үлесімді бер,— дейді. Шаруа қарсылық көрсетпей: «Мақұл, аюжан, бөлсек бөлейік; сабағын сен ал, маған түбірі де болады»,— дейді. Сөйтіп шаруа жапырақ, сабақтарының бәрін аюға жинап беріп, өзіне тиесілі шалқандарды арбаға тиеп, қалаға сатуға алып келе жатады. Осы кезде аю жолығып:

— Қайда кетіп барасың?— деп сұрайды шаруадан.

— Түбірлерімді сатайын деп қалаға кетіп барамын,— дейді ол.

— Кәне, түбірдің дәмін татып көрейінші,— дейді аю. Шаруа шалқан ұсынады. Аю оны апыл-ғұпыл жеп алып:

— А-а! Сен мені алдап соққан екенсің! Түбірдің тәтті екенін айтпадың, енді отын аламын деп орманға жолаушы болма! Маңыма келсең, жарып тастаймын!— деп салады-ай кеп айқайды.

Келесі жылы шаруа дәл сол жерге бидай егеді. Бидай піскен кезде шаруа оруға келсе, дер сәтін күткен аю оны тосып отыр екен.

— Ә-ә... енді алдауыңа көне қоймаспын, кәнеки, менің үлесімді бер,— дейді аю.

— Дегенің-ақ болсын, аюжан, түбірін сен ал, маған сабағы да жетеді,— дейді шаруа.

Сөйтіп олар бидайды түгел жинап болады. Шаруа түбірдің бәрін аюға беріп, өзі бидай сабақтарын арбаға тиеп алып, үйіне қайтады. Аю ары әуреленіп, бері әуреленіп түбірден еш нәрсе шығара алмай, шаруаға қатты ыза болады.

Міне, содан бері қарай шаруа мен аю араз болып кеткен екен деседі.

ТҮЛКІ МЕН ШЫМШЫҚ



Шымшық бір ағаштың бұтағына ұя салып, оған жұмыртқалап, жұмыртқадан балапан басып шығарады. Мұны түлкі сезе қояды да, табанда жетіп келеді. Ол келе-ақ ағашты құйрығымен сабалап, тоқылдата жөнеледі.

— Оу, мұның не?— дейді шымшық ұясынан жерге үңіліп.

— Мен қазір мына ағашты құйрығыммен қырқып түсіріп, сонан соң сені де, балапандарыңды да жеймін!— дейді түлкі оны қорқытып.

Зәресі ұшқан шымшық:

— Түлкі апатай-ай, ағашты құлата көрмеші, балапандарымды аяшы! Мен сені самса мен балға тойдырайын,— деп жалбарынып, зар еңірейді.

— Жарайды, самса мен балға тойдырар болсаң, ағашты құлатпай-ақ қояйын!— дейді түлкі қуланып.

— Кеттік, ендеше, ер соңымнан!— деп шымшық ұша жөнеледі. Осылайша шымшық ұшып отырады, түлкі оның соңынан желе-жортып еріп отырады.

Шымшық жол үстіне барлап қараса, кішкене немере қызын ерткен кемпір келе жатыр екен. Қолдарында бір себет самса мен бір құмыра балы бар.

Түлкі дереу жасырына қалады. Ал шымшық жол үстіне барып қонады да, жерден көтеріле беріп, қайта құлап, секіріп-далбаңдап ұша алмаған болады.

Сонда кішкене қыз шымшыққа қызығып кетіп, әжесіне:

— Әже, мынау торғайды ұстап алайықшы!— дейді.

— Қой, шырағым, ол бізге ұстатпайды!— дейді әжесі.

— Торғайдың қанаты жаралы-ау деймін. Ұша алмай жүр ғой. Қандай әсем құс! Бірдеңе етіп ұстайықшы!— деп болмайды немересі. Немересі айтқанына көнбеген соң, әжесі себет пен құмыраны қоя салып, екеуі шымшықты қуып береді.

Шымшық оларды алысқа ұзатып алып кетеді. Түлкі самса мен балға сылқия тойып, қарық болады да қалады.

Шымшық ұшып кеп қайта ұясына қонады. Дәндеген түлкі тағы да жетіп келіп:

— Ағашты құйрығыммен қырқып құлатам, сонан соң өзінді де, балапандарыңды да жеймін!— деп қорқытады.

— Түлкі апатай-ай, ағашты құлата көрмеші, балапандарымды аяшы! Мен сені сыраға қандырайын,— деп жалбарынады шымшық тағы да.

— Майлы самса мен тәтті бал шөлдетіп барады. Жүр ендеше тезірек!— дейді түлкі.

Шымшық ұша жөнеледі, түлкі желе-жортып соңынан еріп отырады. Шымшық жол үстін барлап қараса, бір күбі сырасы бар шаруа келе жатыр екен. Шымшық ұшып барып, шаруаның біресе атына, біресе күбісіне қонып, әбден әурелейді. Ыза болған шаруа шымшықты ұрып өлтірмекші болады. Шымшық күбінің бүйіріндегі тығынына барып қонады. Шаруа оны ұрмақ боп балтамен қойып қалғанда, күбінің тығыны бір-ақ атылады. Шаруа онан сайын ашуланып, шымшықты қуып ала жөнеледі.

Сыра күбіден жолға ақтарылып, төгіле береді. Түлкі сыраны қалағанынша ішіп, қанып алады да, әндетіп кете барады.

Шымшық ұшып барып, қайта ұясына қонады. Түлкі тағы да жетіп келіп, ағашты тоқылдатып шымшықпен былайша тіл қатысады.

— Шымшық-ау, шымшық, сен мені тойдырдың ба?

— Тойдырдым!

— Шөлімді қандырдың ба?

— Қандырдым!

— Олай болса, енді сен мені жақсылап тұрып бір күлдір. Әйтпесе ағашты құлатып, өзіңді де, балапандарыңды да жеймін!

Шымшық түлкіге тағы да жалбарынып, сонан соң оны жақын деревняға ертіп келеді. Келсе, бір кемпір сиыр сауып отыр да, шалы оның жанында шоқай тігіп отыр екен. Шымшық ұшып барып, кемпірдің иығына қонады.

— Кемпір, кемпір, қозғалмай отыр. Мен иығындағы шымшықты ұрып алайын!— дейді шал. Сөйтіп шал желке тұстан келіп қойып қалғанда, шымшық ұшып кетеді де, кемпір жалпасына түседі. Қолындағы шелегі ұшып кетеді, сүті ақтарылып қалады. Кемпір жалма-жан ұшып тұрып, ал кеп ұрыссын шалына. Мұны көріп тұрған түлкі ішек-сілесі қата күледі.

Шымшық ұясына барып қонады. Ол балапандарын тамақтандырып үлгермей-ақ, түлкі тағы жетіп келіп, былай дейді:

— Шымшық, а шымшық, сен мені тойдырдың ба?

— Тойдырдым!

— Шөлімді қандырдың ба?

— Қандырдым!

— Күлдірдің бе мені?

— Күлдірдім!

— Енді мені жақсылап бір қорқыт,— дейді.

Шымшық оған ашуланып:

— Ендеше, көзіңді жұм да, менің соңымнан жүгіре бер!— дейді.

Шымшық дыбыстап белгі беріп ұшып отырады, түлкі көзін жұмған күйі соңынан қалмай жүгіріп отырады. Өстіп шымшық оны тура аңшылардың алдынан шығарады да:

— Ал, кәне, аш көзіңді!— дейді. Түлкі көзін ашып кеп жіберсе, жанына иттерін ерткен аңшылар

тақап келіп қалған екен. Түлкі тұра қашады, иттер қуып береді. Түлкі иттерден әзер дегенде құтылып, ініне келіп кіріп кетеді.

Ініне енген соң ол біраз ентігін басып, сонан кейін өзінің он екі мүшелеріне сұрақ қоя бастады.

— Көзім, көзім, сендер не істедіңдер?— дейді.

— Біз сені иттер жеп қоймасын деп жан-жағымызды шолумен болдық.

— Құлағым, құлағым, сендер не істедіңдер?

— Біз сені иттер талауына ұрынбасын деп тың тыңдаумен болдық.

— Аяғым, аяғым, сендер не істедіңдер?

— Біз сені иттердің аузына түспесін деп олардан алып қаштық.

— Ал, құйрығым, сен не бітірдің?

— Мен бұтадан-бұтаға, түбірден-түбірге ілініп, сенің қашуыңа бөгет жасадым,— деп жауап береді құйрығы.

Түлкі оған қатты ыза болып:

— Мә, иттер, мә, жеңдер менің құйрығымды!— деп, өз құйрығын өзі інінен тысқа қарай шығарып тастайды.

Иттер оны бас салып, түлкіні құйрығынан сүйреп, інінен суырып алады.



Баяғыда бір әскер басының үш қызы болыпты. Қаншама жасқа келіп, зарыға күтсе де ұл көрмепті. Содан бірде ертемен оянған ол терең күрсініп:

— Ех, кәрілік, кәрілік! Осы ма еді келгенің, қажытып мені жеңгенің?! Алда жорық күтіп тұр, орнымды басар тұяқ жоқ. Ұлсыз қалған тұлдырмын!— деп налиды.

Мұны естіген үлкен қызы әкесіне:

— Налымашы, әкешім! Батырға лайық ер-тұрман сайла, астыма асау тұлпар бер. Мен барамын ұрысқа!— дейді.

Әкесі қызының сөзіне қатты қуанады. Сөйтіп оған барлық жол жабдығын әзірлеп беріп, өзі жасырын қақпа арқылы тысқа шығады да, қасқырға айнала қалады.

Қыз орманға енді жақындап келе бергенде, алдынан қасқыр шығып арс ете түседі. Зәресі ұшқан қыз атының басын кері бұрып, үйіне қарай зытады.

— Неге қайтып келдің қызым?— деп сұрайды, алдынан шыққан әкесі.

— Мен орманға енді ғана жақындағанымда, маған бір қасқыр тап берді. Астымдағы атым жалт бұрылғанда, құлап қала жаздадым,— дейді қызы.

— Онда сенен жөні түзу жауынгер шықпайды екен,— дейді әкесі. Келесі күні таңертең ұрысқа өзі аттанбақшы болып дайындалған әскер басы:

— Ех, кәрілік, кәрілік! Осы ма еді келгенің, қажытып мені жеңгенің?! Алда жорық күтіп тұр, орнымды басар тұяқ жоқ!— дейді тағы да күрсініп.

Сонда ортаншы қызы тұрып:

— Налымашы, әкешім! Батырға лайық ер-тұрман сайла, астыма асау тұлпар бер. Сәт сапар тіле жолыма! Мен барамын ұрысқа!— дейді әкесіне. Әскер басы оған да батасын беріп, сапарға аттандырады. Өзі тағы қасқырға айнала қалып, орманнан қарсы жолығады.

Қасқырдан ортаншы қыздың да зәресі ұшады. Астындағы аты жалт бергенде, ол да ерден түсіп қала жаздап, үйіне қайтып оралады.

— Қызым, саған не болды?— деп сұрайды әскер басы. Қызы болған жайды баян етеді.

— Онда сенің де жауынгерлігің шамалы екен.

Үшінші күні әскер басы тағы да жолға өзі жиналып жатқанда, оған ең кіші қызы Дана Василиса келіп:

— Әке, маған батырға лайық ер-тұрман, астыма асау тұлпар бер. Мен барамын ұрысқа!— дейді

Әкесі батасын беріп, сәт сапар тілеп, кіші қызын да жолға шығарып салады.

Қыз орманға таяу келе бергенде, алдынан бір көкжал қасқыр атып шығады. Дана Василиса абыржымас-тан иығындағы мылтығын алып, атып кеп қалады. Оғы қасқырдың дәл көзіне тиеді. Қасқыр қаша жөнеледі. Ал Дана Василиса әрі қарай кете барады.

Оған риза болған әкесі үйіне келіп, Василисадан нағыз жауынгер шығады, деп мақтайды үлкен қыздарына.

Василиса бір қалаға келіп, солдатша киінеді де, әскери қызметке тұрады. Сонда жүріп ол Василий Васильевич дейтін солдатпен достасады. Солдаттар әскери міндеттерінен босап, үйді-үйіне қайтады.

Василиса Василий Васильевичпен бірге оның туған қаласына келеді.

— Үйге жүр, құрметті қонағым бол. Жақсылап дем алып, сонан соң қайтарсың,— дейді Василий. Василиса оның айтқанын құп алады.

Василий Васильевичтің шешесі барып тұрған залым екен. Василиса шай ішкенде, кемпір одан көз



алмай қадала қарап отырады. Василиса үйіне қайтады. Ол кеткен соң кемпір:

— Сен жақсы-ақ дос тапқан екенсің. Солдат емес, қыз ғой әлгің!— деп ұлын келемеж етеді.

Біз әскери қызметті үш жыл бірге өткіздік, қаншама қиындықтарды да бастан бірге кештік, бірақ мен оның қыз екенін еш уақытта байқаған емеспін. Ал егер сенің айтып отырғаның рас болса, мен одан шын-ақ айрылған екем ғой, енді қайттім?— деп солдат уайымдайды.

— Сен босқа қайғырма,— дейді шешесі. —Егер қызды ұнатқан болсаң, қиналмай-ақ қой. Ол қалайда сенің әйелің болады! —Сөйтеді де, кемпір Дана Василисаның соңынан өзінің көгершіндерін жібереді.

Кемпірдің көгершіндері ұшқан бойы әскер басы үйінің ашық тұрған есігінен ішке еніп, аспа ағашта отырған Василисаның көгершіндерінің қасына қонады да:

Гур-ру, гур-ру, көгершіндер,
Көкшіл түсті құрбылар!
Көктің жүзін құшамыз,
Василиса Дананы
Василий Васильевичке
Алып біздер ұшамыз!

деп гүрлеп ала жөнеледі.

Дана Василиса өзінің апайларымен бірге шай ішіп, оларға көрген-білгендерін әңгімелеп, қызықтап отыра береді. Ал Василисаның көгершіндері кемпірдің көгершіндеріне:

Гур-ру, гур-ру, көгершіндер,
Көкшіл түсті құрбылар!
Көкті кезіп шарлайсыңдар,
Василиса Дананы
Василий Васильевичке
Біз бермейміз, алмайсыңдар!—

деп жауап қатады.

Осыдан соң кемпірдің көгершіндері ұшып кетеді де, қайта келіп қонады.

Гур-ру, гур-ру, көгершіндер,
Көкшіл түсті құрбылар!
Көктің жүзін құшамыз,
Василиса Дананы
Василий Васильевичке
Алып біздер ұшамыз!—

дейді олар тағы да гүрлеп.

Василиса өз көгершіндерін тамақтандыруды ұмытып, аспалы төсекте ұйқтап кетеді. Ал ашыққан көгершіндер гүрлеуге шамалары келмей, тұмсықтарын қанаттарына тыққан бойы бұйығып отыра берді.

Осыны күткен кемпірдің көгершіндері Дана Василисаны қолтықтай көтеріп алып, ұша жөнеледі.

Василиса ұйқысынан оянған соң, Василий Васильевичке қатты ренжиді.

Ол белінен жібек белдігін шешіп, саусағынан сақинасын суырып табалдырықтың астына қояды да:

— Белдік белінен үзілгенше, сақина ортасынан омырылғанша, сен менен ешбір жауап ести алмайсың!— дейді Василийге.

— Бәрібір сен енді бізден ешқайда құтылып кете алмайсың. Онан да барып қойларды қырқып кел!— деп бұйырады кемпір Василисаға.

Василиса қырықтық-қайшыларын, қапшықтарын алып жөнөп береді. Оның соңынан іле-шала шыққан Василий Васильевич:

— Василиса Васильевна, жүрегім сені қалайды, бір тіл қатшы, қалқашым!— дейді күбірлеп. Сонан соң тағы да соңынан ере түсіп:

— Менің шешемнің қой дегені — көкжал қасқырлар. Алаңға шығып шақырар болсаң, олар сені жұлып жейді, сондықтан сен қырықтықтарыңды қапшыққа сал да, өзің ағаштың басына шығып алып:

Қошақаным, қойларым!
Жиналыңдар, шұрқырандар,

Қапшықты жүнге толтырып,
Жан-жаққа қайта бытыраңдар!—

десең болды, өздері қырқылады,— деп ақыл айтады.

Василиса орманға келіп, қапшығын қойып, өзі ағаштың басында отырып:

Қошақаным, қойларым!
Жиналыңдар, шұрқыраңдар,
Қапшыққа жүнді толтырып,
Жан-жаққа қайта бытыраңдар!—

деп дауыстайды.

Сөйткенше болмай-ақ, қасқырлар тұс-тұстан жиналып келіп, өздерінің жүндерін өздері жұла бастайды. Олар қапшықты жүнге толтырған соң, жан-жаққа бытырай тарап кетеді.

Василиса ағаштың басынан түсіп, жүн толы қапшықты кемпірге апарып береді.

Кемпір жүнді иіре түсіп:

Жүнді иіріп жіп етеміз,
Жіптен мата тоқимыз,
Оны тігіп, киім етеміз!..—

деп күбірлей әндетіп отырады. Бір кезде кемпірдің көзі Василисаны шалып қалып:

— Бар табынға, менің сиырларымды сауып кел!— деп бұйырады. Василиса шелегін алып, сиыр саууға кетеді. Оның соңынан ізінше Василий Васильевич те шығады.

— Жүрегім сені қалайды, бір тіл қатшы, қалқашым!— дейді ақырын ғана. Соңынан ере түсіп:

— Менің шешемнің сиыр дегені — аюлар. Алаңға шығып, шақырар болсаң олар сені жарып тастайды. Сондықтан сен ағаштың басына шық та:

Маң-маң маңғаз сиырларым!
Жиналып бір қараңдар,
Бәрің келіп сауылыңдар,
Сауылған соң тараңдар!—

деп ақыл айтады тағы да.

Василиса орманға келіп, шелегін алаңға қояды да, өзі ағаштың басына шығып алып:

Маң-маң маңғаз сиырларым!
Жиналып бір қараңдар,
Бәрің келіп сауылыңдар,
Сауылған соң тараңдар!—

деп дауыстайды.

Сөйткенше болмай-ақ, аюлар жиналып, шелекті сүтке толтырып, өздері тұс-тұсқа тарап кетеді.

Василиса сүтті алып келеді. Кемпір оған таңдана қарап:

— Жүн иірілді, енді оны тоқу керек, ал тоқуға өрмектің талқы-тарағы жоқ. Жақын жерде менің сіңлім тұрады. Соған бар да, талқы-тарақ алып кел!— деп бұйырады.

Ертеңінде Василиса жолға шығады, ал Василий Васильевич оның соңынан ере түсіп тағы да:

— Жүрегім сені қалайды, бір тіл қатшы, қалқашым... Менің шешемнің сіңлім деп отырғаны нағыз Түкті Жалмауыз. Ол барған бойда сені жалмап жұтып қояды! Одан құтылу үшін айла-тәсіл керек. Мына қапшықтың ішінде — білік-ұршық, тарақша және шүйке бар. Бұларға қоса ет, май, сұлы да салдым. Осылар сенің керегіңе жарайды, — дейді.

Василиса Түкті Жалмауызға келіп, онымен амағ дасқан соң:

— Мені тарақ алып кел деп сенің апайың жіберді, — дейді.

— Кел, сұлуым, кел, отыр. Сен тоқыма тоқи бер, мен монша жағып келейін!— деп Түкті Жалмауыз шығып кетеді.

Василиса талқы-тарақты алып, тоқылып жатқан матаға түкіріп қалады да:

— Тоқып жатырмын, апатай... тоқып жатырмын!— деп, өзі қашуға бет алады. Әлгі түкірігі Василисаның сөзін қайталап ала жөнеледі.

Сөйтіп енді шығайын десе, есік ашылмай қояды.

Василиса есіктің топсасына май құяды да, одан босап шығады.

Енді ауызғы үйден оны қаздар шығармай тұрып алады. Василиса оларға сұлы шашып, құтылып кетеді.

Есік алдына шыққанда, ит арсылдап жібермейді. Василиса оған ет береді.

Көшеге шыға берем дегенде, қақпа босатпайды. Василиса оған да май құяды.

Көшеде қайың шашақтарымен сабалап тұрып алады. Василиса оны белдігімен белбеулеп кете барады.

Сөйтіп ол жолға түсіп алып зыта береді. Түкті Жалмауыз мұны сезбейді. Өйткені манағы түкірік өзі әбден кеуіп біткенше:

— Тоқып жатырмын, апатай... тоқып жатырмын!— деп айқайлай қайталап тұрады.

Бір уақытта Түкті Жалмауыз үйге кірсе, Дана Василиса жоқ.

— Қызды неге босатып жібердің?— деп есікке дүрсе қоя береді.

— Сен мені күнде шикылдатып ашып-жабасың, бірақ бір рет те майлап көрген жоқсың. Ал Дана Василиса менің топсама май құйды!— деп жауап береді есік.

Түкті Жалмауыз ауызғы үйге жүгіріп шығып, қаздарды сабап ала жөнеледі.

— Неше жыл сенің қарауыңда жүрсек те, бізге бір түйір дән тастап көрген емессің. Ал Дана Василиса бізге қаншама сұлы шашып кетті!— дейді қаздар қаңқылдап.

Түкті Жалмауыз есік алдындағы итті төпеп ала жөнеледі.

— Мен саған қанша жыл бойына қызмет етіп келсем де, алдыма бір түйір нан тастап көрмедің. Ал Дана Василиса мені етке тойғызды,— дейді ит қыңсылап.

Түкті Жалмауыз қақпаға тап береді.

— Неше жыл бойы сен мені тарсылдатып ашып-

жапқаннан басқа, сумен шылап көріп пе ең? Ал Дана Василиса мені маймен сылады,— дейді қақпа.

Түкті Жалмауыз көшеге шығып қайыңды шықпыртып ұра бастайды.

— Саған қаншама жыл қызмет етсем де, үстіме бір үзік жіп ілмедің. Ал Дана Василиса мені жібек белдікпен орады,— деп жауап береді қайың.

Түкті Жалмауыз келіге отырып алып, келсаппен оны түйіп-түйіп қалады да:

Келі, келі, шап алға,
Келсап, келсап, сабала,
Талқы-тарақ қолында
Василиса қара бет
Қашып кетті, қуып жет.
Қуып жет!—

деп күбірлейді.

Василиса бұл кезде алысқа ұзап кеткен еді. Бір кезде соңына бұрылып қараса, Түкті Жалмауыз таяп келіп қалған екен. Василиса тарақшаны иығынан асыра лақтырып жібергенде, тарақша түскен жерге ит тұмсығы өтпейтін қалың орман пайда бола қалады.

Түкті Жалмауыз келіден түсе салып, ағаштарды кеміре бастайды. Осылайша ол эзер дегенде жол салып алып, келіге мінеді де, келсаппен түйгілеп:

Келі, келі, шап алға,
Келсап, келсап, сабала,
Талқы-тарақ қолында
Василиса қара бет
Қашып кетті, қуып жет,
Қуып жет!—

деп күбірлейді.

Василиса жүгіріп келе жатып, соңына қараса, Түкті Жалмауыз тағы қуып жетіп қалған екен. Ол дереу білік ұршықты лақтырады. Ұршық түскен жерге төбесі көкті тіреген үлкен тау пайда бола қалады.

Түкті Жалмауыз тауға ұмтыла өрмелей беріп,

қайта етекке сырғанап, тырмыса түсіп, қайта құлап әуреленіп қала береді.

Ал Василиса болса, алға жосып кете барады. Шаршаған соң сәл дем алып, нан жеп ауқаттанып, тағы жүгіре жөнеледі. Бір кезде артына бұрылып қараса, Түкті Жалмауыз тағы да жақындап қалған екен. Ол жалма-жан шүйкені лақтырып жібереді. Шүйке түскен жерге арасы ат шаптырым үлкен өзен пайда бола қалады!

Түкті Жалмауыз келісімен жүзіп өте алмай, жата қап өзен суын ұрттап жұта бастайды. Ақыры ол суды жұта-жұта іші кеуіп, жарылып өледі.

Василиса Васильевна аман-есен үйге келіп жетеді де:

— Мінеки, шешей, алыңыз!— деп әкелген талқы-тарақты кемпірге ұсынады.

Василиса Васильевнаның есен-аман оралғанына Василий Васильевич қатты қуанады. Осындай қуанышты қауышудан соң Дана Василиса табалдырық астына қараса, баяғыда өзі қойған белдігі бөлініп, жүзігі ортасынан морт сынған екен. Сөйтіп Дана Василиса мен Василий Васильевич ақыры үйлену тойларын жасап, мұраттарына жетіпті.

Мен сол тойдың үстінен түстім, бал-шарап іштім. Астыма мұздан ат міндім де, үйге жүрдім. Жақындап келсем, үйімді өрт алған екен. Мен жанаса бердім, атым аласара берді. Мен оттың ішіне ендім, атым еріп кетті.

Міне, енді сол жерде біз ертегі айтып отырмыз.

ҚАЙЫҢ МЕН ҮШ СҰҢҚАР



Бір солдат өзінің әскери борышын өтеп, еліне қайтады. Ол өз жөнімен, өз жолымен келе жатса, алдынан бір жын кездеседі.

— Тоқта, солдат! Қайда барасың?

— Үйге барамын.

— Үйіңнен не бітіресің! Онсыз да туған-туысың жоқ, өзің жалғыз бастысың. Онан да сен маған қызметші болып жалдан; мен саған үлкен жалақы төлейін.

— Сонда қызметім не?

— Ең жеңіл қызмет; көк дарияның арғы жағындағы қызымның ұзатылу тойына баруым керек еді, ал мұнда менің үш сұңқарым бар; қайтып келгенімше соларға қарай тұр.

Солдат келіседі. «Ақшасыз,— деп ойлайды,— өмір — өмір ме; жын-шайтаннан болса да, өйтіп-бүйтіп ақша табайын!»

Жын оны сарайына ертіп келеді де, өзі көк дарияның арғы бетіне сапар шегеді.

Солдат сарайдың бар бөлмесін аралап жүріп-жүріп, ақыры жалыққан соң, бақты аралап көргісі келеді, шығып қараса бір қайың өсіп тұр екен. Және қайың оған адамша сөйлеп, былай дейді:

— Солдат! Сен пәлен деген селодағы шіркеуге барып, сондағы қасиетті әкейге жолығып, бүгін түнде түсіне не енсе, соны саған беріп жіберсін деп айтшы.



Солдат жұмсаған жерге барады, қасиетті әкей сол бойда оған:

— Мә, саған, ал!— деп, бір кітапты ұсынады. Солдат оны алып, қайтып оралады.

— Рақмет, қайырымды жігіт!— дейді қайың.— Енді тұра қалып, оқы!

Ол бұл кітапты оқи бастайды; бір түн бойы оқиды — ай десе аузы, күн десе көзі, көркемдігін айтып жеткізуге болмайтын бір сұлу шығады. Бірінші түні қыз кеудесіне дейін қайыңнан шығады; екінші түні оқиды — мықындығына дейін шығады; үшінші түн оқиды — түгел шығады. Солдатты өбіп, былай дейді:

— Мен — патшаның қызымын; жын мені алып қашып, қайыңға айналдырып жіберді. Ал мына үш сұңқар — менің туған бауырларым; олар мені құтқарғысы келіп еді, бірақ өздері қолға түсіп қалды!

Ханша осы сөзді айтып жатқанда, үш сұңқар ұшып келіп, дымқыл жерге бір-бір аунап түседі де, ер жүрек жас жігіттерге айналады. Сол сәтте бәрі жиналып, өздерімен бірге солдатты да ертіп, әке-шешесіне келеді.

Патша мен әйелі өлердей қуанып, солдатқа сыйсыяпат көрсетеді, оған қызын күйеуге беріп, өздерімен бірге тұруға рұқсат етеді.

ЕКІ ТҮРЛІ ТАҒДЫР



Ертеде бір мұжық өмір сүріпті, екі балалы болып, өзі дүниеден өтіпті. Ағалы-інілі екеуі: үлкені кедей қызына, ал кішісі байдың қызына үйленеді, еншісін бөліспей бәрі бірге тұра беріпті.

Бара-бара әйелдері өзара ұрысып-керісе бастады; бірде біреуі тұрып былай дейді:

— Мен туған қайнағанның әйелімін — абысыныңмын, сондықтан менің жолым үлкен!

Ал екіншісі:

— Жоқ, менің жолым үлкен! Мен сендей емес, байдың қызымын!— дейді.

Ағайынды екі жігіт ақыры әйелдерінің тату-тәтті бірігіп өмір сүре алмайтындарына көздері жетеді де, әкеден қалған мұраны тең бөлісіп, әрқайсы бөлек тұрады.

Үлкенінің семьясына жыл сайын бір бала қосылды, бірақ шаруашылығы барған сайын кері кетіп, нашарлай береді, ақыры тақыр кедейленіп, жұтап қалады. Астығы мен ақшасы барда балаларына қарап қуанатын, ал кедейлік басына түскеннен кейін балаларының өздері бір тауқымет болады!

Інісіне келіп:

— Кедейліктен құтқар!— дейді.

Анау үзілді-кесілді қарсылық білдіреді:

— Өз бетіңше өмір сүре бер! Менің өз балаларым да өсіп келе жатыр.

Біраз уақыт өткеннен кейін, кедей байға тағы да келеді.

— Ең болмаса,— деп жалынады,— бір күнге аттарыңды бере тұр; жер жырта алмай отырмын!

— Егістікке барып, бір күнге ғана ал; байқа, зорықтырып алып жүрме!

Кедей егістікке келсе, әлдекімдер інісінің аттарымен жер жыртып жүр екен.

— Тоқта!— деп айқайлады.— Кім боласыздар, айтыңыздаршы?

— Ал сенің не жұмысың бар?

— Жұмысым сол, мына аттар менің інімдікі!

— Сен не, көрмей тұрсың ба,— деді соқашылардың бірі,— мен сенің ініңнің Бақытымын; ол ішіп-жеп, қыдырып жүреді, ештеңе білмейді, ал біз болсақ, ол үшін жұмыс істейміз.

— Ал сонда менің Бақытым қайда кеткен?

— Сенің Бақытың әне, анау бұтаның түбіндегі қызыл жейдемен жатқан сол, күндіз де, түнде де ештеңе істемейді, тек ұйқтауды ғана біледі!

«Жарайды,— деп ойлайды мұжық,— мен көресісін көрсетейін оған».

Жуан бір таяқты кесіп алып, өзінің Бақытына бұқпантайлап барады да, оның бүйірінен құлаштап салып жібереді. Бақыт ұйқысынан оянып:

— Сен неге ұрасың?— деп сұрайды.

— Бұл әлі саған аз! Қайырымды жандар жер жыртып жүр, ал сен болсаң ұйқыдан бас көтермейсің!

— Сонда мені өзің үшін жер жыртқыздырғың келеді ғой? Ол ойыңа да кірмесін!

— Сонда не? Осы бұтаның түбінде жата бермексің бе? Мені осылай аштан өлсін дейсің бе?

— Жә, егер менің көмегім керек болса, онда диканшылықты таста да, саудамен айналыс. Сенің қазіргі кәсібіңе менің мүлдем икемім жоқ, ал сауда ісінің бәрін де білемін.

— Саудамен айналыс дейсің!.. Немен сауда жасаймын! Саудаға салу түгіл, ішіп-жейтін түгім жоқ.

— Тіпті өз қатыныңның ескі көйлегін сатсаң да

мейлің; сол ақшаға жаңасын сатып ал, және оны қайтадан сат! Ал менің саған көмектесетініме қам жеме: қасыңнан бір елі кетпеймін.

— Жақсы!

Таңертең кедей әйеліне былай дейді:

— Кәне, қатын, жинал, қалаға кетеміз.

— Неге?

— Қалада тұрғым келеді, сауда-саттықпен айналысамын.

— Ақылыңнан алжастың ба? Балаларды тамақтандыратын түгіміз жоқ, ал бұл болса қалаға барам деп құлшынады!

— Онда сенің шаруаң болмасын! Барлық дүниемүлікті жинастыр, содан соң балаларды алып кетеміз.

Міне, сөйтіп жолға жиналып та үлгереді. Тіршілігіне тәубе етіп, өз құжырасының есігін мықтап жаба бастағанында, оның ішінен біреудің еңіреп жылаған даусы естіледі. Үйдің қожасы:

— Анда жылап жатқан кім?— деп сұрайды.

— Бұл мен — Қайғымын!

— Сен неге жылайсың?

— Қалайша жыламайын? Сен мені мұнда қалдырып, өзің кетіп бара жатырсың.

— Жоқ, сүйіктім! Мен сені өзіммен бірге алып кетемін, сені мұнда тастап кетпеймін. Әй, қатын, сандықтағы жүгінді шығар.

Әйелі сандықты босатады.

— Кәне, Қайғы, сандыққа кіре ғой!

Қайғы кіреді; оны сыртынан жауып, үш құлыппен құлыптайды; сандықты жерге көміп, былай дейді:

— Қарғыс атқыр, құры сен осылай! Ғұмыр бойы көрмегенім сен болсын!

Кедей, әйелі, балалары — бәрі қалаға келеді, бір бөлме жалдап, сауда жасаумен айналыса бастайды: әйелінің ескі көйлегін алып, базарға келеді де, оны бір сомға сатады; сол ақшаға жаңа бір көйлек сатып алады және оны екі сомға сатып жібереді. Осылай-

ша саудасын сәтті жүргізу арқасында, әрбір затты екі есе бағасына сатып, қысқа мерзім ішінде байып, атақты көпестердің біріне айналады.

Мұны естіген інісі оған қонаққа келіп, былай деп сұрайды:

— Айтшы, кәне, қалайша қайыршыдан бірден бай болудың амалын таптың?

— Мұның жолы оп-оңай,— деп жауап береді көпес,— мен өзімнің Қайғымды сандыққа салып кілттеп, жерге көміп тастадым.

— Қай жерге көмдің?

— Деревнядағы өзіміздің ескі мекенжайда.

Інісі қызғаныштан тіптен жылай жаздайды, сол бойда деревняға келіп, сандықты қазып алады да, одан қайғыны шығарып қоя береді.

— Менің ағама барып, көк сабақ жібін қалдырмай жұтататын бол,— дейді.

— Жоқ!— деп жауап береді Қайғы.— Мен онан да саған жұғысамын, оған бармаймын, сен — қайырымды адамсың, сен мені жарық дүниеге шығардың! Ал анау бұзық — мені жерге көмді!

Арада аз ғана уақыт өтеді — қызғаншақ інісі жұтап, ауқатты кісіден тақыр кедейге айналады.

ДАНА ҚЫЗ



Бірі кедей, екіншісі атақты бай ағалы-інілі екі жігіт келе жатады, екеуінің де бір-бір жылқысы бар; біреуінікі бие, екіншісінікі айғыр. Олар тоқтап, қоналқыға қатар жайғасады. Түнде кедейдің биесі құлындайды да, байдың арбасының астына құлыны домалап кетеді. Таңертең ол кедейді оятады:

— Тұр, аға, түнде менің арбам құлын туыпты. Ағасы орнынан тұрып:

— Арба қалайша құлын туа алады! Бұл құлындаған менің бием, — дейді.

— Егер сенің биен туса, онда құлыны қасында жатар еді ғой! — деп, бай қарсылық білдіреді.

Екеуі айтысып ұлықтарға барады: атақты бай соттарға ақша береді, ал кедей құр сөзбен ақталады.

Дау олардан бітім таппай, патшаға дейін жетеді. Патша екі ағайынды жігітті өзіне шақырып, оларға төрт жұмбақ айтады:

— Дүниеде ең жүйрік не, дүниеде ең семіз не, ең жұмсақ және ең тәтті не? — дейді де, үш күн уақыт береді: — Төртінші күні келіп, жауабын беріңіздер!

Бай ойлап-ойлап, өзінің бір көңілдес әйелін есіне түсіріп, содан ақыл сұрауға келеді. Әйел оны қонақ қылады; содан соң одан өзі былай деп сұрайды:

— Соншама неге қайғыландың?

— Тақсыр маған төрт жұмбақ айтты, ал шешуіне үш күн уақыт берді.

— Ол не? Айтшы, маған.

— Міне, ол мынадай: бірінші жұмбақ — дүниеде ең жүйрік не?

— Осы да жұмбақ па! Менің күйеуімнің бір қоңыр биесі бар; одан өткен жүйрік жоқ! Қамшымен бір тартсаң, қоянды да қуып жетеді.

— Екінші жұмбақ: дүниедегі ең семіз не?

— Біздің үйдің шұбар қабаны екінші жыл бордақыланды; семіргені сонша, аяқтарын баса алмайды.

— Үшінші жұмбақ: дүниедегі ең жұмсақ не?

— Белгілі нәрсе емес пе — мамықтан жұмсақ не ойлап табарсың!

— Төртінші жұмбақ: дүниеде ең тәтті не?

— Бәрінен тәттісі немерем Иванушка ғой?

— Рақмет саған! Қиын кезде ақыл бердің, ғұмыр бойы ұмытпаспын.

Ал кедей ағасы зар жылап, үйіне келеді; оның алдынан жеті жасар жалғыз қызы шығады.

— Әке, неге осыншама қайғырып, көз жасыңды төгесің?

— Қалайша мен қайғырмайын, қалай мен көз жасымды төкпейін? Патша маған төрт жұмбақ айтты, ал оларды мен өмір бойы ойласам да шеше алмаймын.

— Маған айтшы, қандай жұмбақтар?

— Міне, олар мынадай, қызым: дүниедегі ең күшті және ең жүйрік не, ең семіз не, ең жұмсақ не және ең тәтті не?

— Онда, әке, патшаға бар да, былай деп айт: ең жүйрік бұл — жел; бәрінен де семізі жер: не өссе де, не өмір сүрсе де — соның бәрін қоректендіретін жер! Бәрінен жұмсағы қол: адам ненің үстіне жатса да, бәрібір қолын басының астына қойып жатады, ал ұйқыдан тәтті дүниеде ештеңе жоқ!

Екі ағайынды: бай да, кедей де патшаға келеді. Олардың айтқандарын тыңдап, патша кедейден былай деп сұрады:

— Мұны сен өз ақылыңмен ойлап таптың ба, әлде біреу айтты ма?

Кедей жауап қайырады:

— Мәртебеңізге құлдық, ақ патшам! Менің жеті жасар қызым бар, айтқан — сол.

— Ендеше, сенің қызың дана екен, міне, оған жібек жіп; таң атқанша маған өрнек салып, сүлгі тоқып беретін болсын.

Мұжық жібек жіпті алып, қайғырып, қапаланып үйіне келеді.

— Сорладық!— дейді қызына.— Патша мына жіптен сүлгі тоқуға әмір етті.

— Қайғырып, қапаланба, әке!— деп, тіл қатады жеті жасар қызы.

Сыпырғыштың бір шыбығын сындырып алып, әкесіне береді де, былай деп тапсырады:

— Патшаға барып, мына шыбықтан тоқыма стано-

ғын жасайтын шебер тапсын: әйтпесе сүлгі немен тоқылады деп айт.

Мұжық мұны патшаға мәлімдейді. Патша оған жүз елу жұмыртқа береді:

— Қызыңа алып бар,— дейді ол,— ертеңге дейін маған жүз елу балапан басып шығарып беретін болсын.

Мұжық бұрынғыдан да бетер қайғырып, қапаланып үйіне оралады:

— Ой, қызым! Бір пәледен құтылсақ, екіншісі жабысты!

— Қайғырып, қапаланба, әке!— деп, жауап береді жеті жасар қызы.

Жұмыртқаларды пісіріп, біразын және кешкі тамаққа алып қалып, әкесін патшаға жұмсайды:

— Балапандарды жемдеуге бір күнгі тарының сөгі керек деп айт оған: бір күнде жер жыртылып, бір күнде тары себіліп, орылып және бастырылған болсын, біздің балапандар басқа тарыға пысқырып та қарамайды!

Патша тыңдап болып, былай дейді:

— Ендеше қызың дана екен, таңертең өзі жаяу да емес, атпен де емес, жалаңаш та емес, киімшең де емес, базарлықпен де емес, сыйлықсыз да емес маған келетін болсын.

«Иә,— деп, ойлайды мұжық,— мұндай қитұрқы тапсырманы қызым атқара алмайды екен: мүлдем құритын жеріміз осы болды!»

— Қайғыланып, қапаланба, әке!— деді оған жеті жасар қызы.— Сен аңшыларға барып, маған тірі бір қоян мен бір бөдене сатып алып кел.

Әкесі барып, бір қоян мен бір бөдене сатып алып келеді.

Келесі күні ертемен жеті жасар қыз үстіндегі барлық киімін шешіп тастайды да, үстіне тор киіп, қолына бөденені ұстап, қоянға мініп алады да, тура патша сарайына тартып отырады.

Патша оны қақпа сыртынан қарсы алады. Қыз патшаға тағзым етеді:

— Міне, саған тақсыр, аз ғана сыйлығым!— деп, оған бөденені ұсынады.

Патша қолын соза бергенінде: бөдене пыр етіп ұша жөнеледі.

— Жақсы,— дейді патша,— қалай әмір етсем, солай орындапсың. Енді сен маған мынаны айтшы: әкең болса кедей, сонда немен күнелтесіңдер?

— Әкем тор сүзгіні суға салмай құрғақ жағалаудан балық аулайды, ал мен етегіммен балық тасып, оған сорпа пісірем.

— Сен өзің есуаспысың? Құрғақ жағалауда балықтың болатынын қашан көріп едің? Балық суда жүзеді!

— Ал сен ақылдымысың? Арба құлын туғанын қашан көріп едің? Арба емес, бие туады!

Патша құлынды кедей мұжыққа беруге төрелік етеді, ал қызын өзіне айттырады; жеті жасар қыз бойжеткеннен кейін, патша оған үйленеді, сөйтіп қыз ел билеген ханым болыпты.

АҚЫЛ



Ертеде Иван Бақытсыз деген бір кісі өмір сүріпті: қайда жұмысқа бармасын — басқалар бір сом не екі сомнан алса, бұл жиырма тиыннан артық таппайды екен.

— Сонда қалай,— дейді ол,— менің жаратылысым

басқа адамдардан бөлек пе? Патшаға барып сұрап көрейінші: осы мен неліктен бақытсызбын?

Ол сөйтіп патшаға келеді.

— Туысқан, неге келдің?

— Солай да солай, өзіңіз ойлап көріңізші: ешқашан жолым болмай, қайда барсам да, бақытсыздыққа ұшырайтыным неліктен?

Патша өзінің боярлары мен генералдарын шақыртып, олардан сұрай бастайды: олар ойлап-ойлап, бастарын әбден қатырады, бірақ ештеңе ойлап таба алмайды. Сонда патша қызы суырылып шығып, былай дейді:

— Ал, меніңше, әке, егер оны үйлендірсе, онда жаппар ием оған басқаша тағдыр сыйлауы мүмкін деп ойлаймын.

Патша ашу-ызаға булығып, қызына айғайлайды:

— Сен бізден артық біледі екенсің, ендеше оған күйеуге шық!

Сол бойда патша қызы мен Иван Бақытсыздың некесін қиып, олардың қарасын біржола өшіру үшін, екеуін де қаладан қуып жібереді.

Олар теңіз жағалауына келеді. Патша қызы өзінің күйеуіне былай дейді:

— Кәне, Иван Бақытсыз, біз патша болып ел басқара алмаймыз, көпес болып сауда жасай алмаймыз, өзімізге кәсіп іздеуіміз керек. Сен мына жерге жалғыз лашық тұрғыз, сөйтіп екеуіміз адамдар үшін еңбек ететін болайық.

Иван Бақытсыз айдалаға жалғыз лашық салып, онда жас әйелімен бірге тұра береді.

Келесі күні патша қызы оған бір тиын беріп:

— Жібек жіп сатып әкел!— дейді.

Сол жібектен ол әдемі бір кілем тоқып, оны сатып келуге күйеуін жұмсайды.

Қолына кілемін ұстап, Иван Бақытсыз келе жатса, оған бір шал кездеседі:

— Немене, кілем сатамысың?

- Сатамын.
- Не сұрайсың?
- Жүз сом.

— Қойшы, саған ақша неге керек! Алғанмен — жоғалтасың; онан да саған бір ақыл айтайын, сол үшін кілеміңді беріп кет.

— Жоқ, қария! Мен кедей адаммын, маған ақша керек.

Шал жүз сом төлейді; ал Иван Бақытсыз үйіне оралады, келіп жалма-жан жан қалтасын қараса — ақшасы жоқ, жолшыбай түсіріп алыпты.

Патша қызы басқа кілем тоқиды; Иван Бақытсыз оны сатуға алып барса, тағы да сол шал кездеседі.

— Кілем үшін не сұрайсың?

— Екі жүз сом.

— Қойшы, саған ақша неге керек! Алғанмен — жоғалтасың; онан да саған бір ақыл айтайын, сол үшін оны маған бер.

Иван Бақытсыз ойлап-ойлап:

— Солай-ақ болсын, айта ғой! — дейді.

— Қолыңды көтерсең, түсірме, әуелі жүрегіңді сыздат, — деді де шал кілемді алып кете барды.

«Бұл ақылды енді мен қалай пайдаланамын? Құр қол әйеліме қалай көрінемін? — деп ойлайды Иван Бақытсыз. — Онан да бетім ауған жаққа кетейін!»

Жүріп келеді, жүріп келеді, ақыры, алты қырдың арғы жағына жетеді, бұл жерде он екі басты бір айдаһар адамдарды жейтінін естиді; Иван Бақытсыз дем алайын деп, жол жиегіне отырады да, өзіне өзі дауыстап былай дейді:

— Өттең! Менің ақшам болса, бұл айдаһардың түбіне жеткен болар едім, ал енді не істеймін? Ақшасыз ақылың да жетпейді.

Жанынан өтіп бара жатқан бір көпес мұның «ақшасыз ақылың да жетпейді» дегенін естиді. «Шынында да, — деп ойлайды, — солай екен-ау! Кәне, мен оған көмектесейін».

— Саған,—деп сұрайды ол,— қанша ақша керек?
— Бес жүз сом бер.

Көпес оған қарызға бес жүз сом береді, ал Иван Бақытсыз сол бойда айлаққа жүгіріп келіп, қызметшілер жалдап, кеме жасауға кіріседі.

Ақшаның бәрін жұмсап бітіреді, ал іс болса жаңа ғана басталды: не істеу керек? Көпеске келеді:

— Тағы да,— дейді ол,— бес жүз бер; әйтпесе жұмыс тоқтап, ақшаң босқа кетеді.

Көпес оған тағы бес жүз сом береді; ол мұны да кеме жасауға жұмсайды, ал іс болса жартылай бітеді.

Иван Бақытсыз тағы да көпеске келеді:

— Тағы да,— дейді ол,— бір мың бер; жұмыс тоқталып, ақшаң босқа кетеді!

Көпес ақшасын қимаса да, оған бір мың сом береді. Иван Бақытсыз кемесін жасап бітіріп, оған көмір тиеп, өзімен бірге шот, балға, күрек, жұмыс істейтін адамдарын алып, ашық теңізге жүзіп шығады.

Алыс па, жақын ба, кім білсін, ол айдаһар ордасы бар аралға жүзіп жетеді. Айдаһар әлгінде ғана тамаққа тойып, өз ініне барып, ұйқтауға жатқан еді.

Иван Бақытсыз інін айналдыра көмір үйіп, от жағып, көріктерімен үрлей бастайды: мұңкіген сасық иіс бүкіл теңізге жайылады! Айдаһар жарылып өледі... Сонда Иван Бақытсыз қолына өткір семсер алып, оның он екі басын шауып түсірген кезде, айдаһардың әрбір басының ішінен бір-бір қымбат тас шығады.

Жорықтан қайтып оралады, бұл қымбат тастарды есепсіз көп ақшаға сатып байығаны сонша, оны айтып жеткізу мүмкін емес! Көпеске өзінің қарызын төлеп, әйеліне келеді.

Міне, Иван Бақытсыз айдаладағы жалғыз лашығына келіп қараса: әйелінің қасында екі жас жігіт жүр. Олар өзі жоқта туған егіз ұл екен. Оған бір арам ой келеді де, өткір семсерін суырып алып,

әйеліне қол көтереді... Сол сәтте баяғы шал айтқан: «қолыңды көтерсең, түсірме, әуелі жүрегінді сыздат!» деген ақылы есіне түседі. Иван Бақытсыз жүрегін сыздатып, ханшадан бұл жас жігіттердің кім екенін сұрап біледі, сол-сол-ақ екен, той-думан басталады да кетеді.

Сол тойда мен де болдым, шарап-бал ішіп, майлы күлшені тойғанымша жедім.

АҚЫЛДЫ БИКЕШ ПЕН ЖЕТІ ҚАРАҚШЫ



Ертеде бір шаруа өмір сүріпті, оның екі ұлы болыпты: бірде кенжесі жолаушылап кетіп, үлкені үйде қалыпты. Әкесі өлер алдында үйіндегі ұлына барлық жиған-тергенін мұраға қалдырып, ал екіншісіне ештеңе бермепті: ағасы інісін ренжіте қоймас деп ойлайды. Әкесі өлген соң, үлкен ұлы оны жерлейді де, барлық мұраны өзі иемденеді.

Міне, кенже ұлы да сапардан оралып, әкесін тірі кездестіре алмағанына қатты өкініп, зар жылайды. Ағасы оған:

— Әкем дүние-мүліктің барлығын да жалғыз өзіме қалдырды!— дейді.

Ағасының балалары да жоқ еді, ал інісінің ұлы және асырап алған бір қызы болатын.

Сөйтіп ағасы барлық дүние-мүлікті өзі алып, байиды да, қымбат заттармен сауда жасай бастайды;



ал кедей тұратын інісі орманнан отын шауып, базарға таситын. Көршілері оның кедейлігін көріп аяғандықтан, ең болмаса оның ұсақ-түйек сауда жасауы үшін, оған ақша жинап ұсынады. Кедей қорқып, былай дейді:

— Жоқ, қайырымды жандар, мен сіздердің ақшаларыңызды ала алмаймын; саудам жүрмесе — қарызымды немен өтеймін?

Дегенмен екі көршісі өйтіп-бүйтіп қулық жасап, оған ақша беруге келіседі. Кедейдің отынға бара жатқанын аңдып тұрған олардың біреуі жолшыбай оны қуып жетеді де:

— Туысқан, мен бір алыс жолға шыққан жолаушы едім; жолшыбай маған қарыздар адамым кездесіп, үш жүз сом ақшамды қайтарып берді — енді оны не істейтінімді білмеймін! Сол үшін үйге қайтып оралғым келмейді, мүмкін, менің ақшаларымды алып, сақтай тұрарсың, ал бұған сауда жүргізгенің одан да жақсы; мен жуық арада келмеймін; кейін төлей жатарсың, — дейді.

Кедей ақшаны алып, үйіне келеді. Өз-өзінен ақшаны жоғалтып алмасам екен, әйелім оны тауып

алып, жұмсап қоймаса екен деп қорқады. Ойлап-ойлап, ақыры оны күлдіктің астына жасырады да, өзі бір шаруасына кетеді.

Ол жоқта күлді товарға айырбастайтындар келеді. Қатыны оларға күлдікті толайым бере салады. Үйге қайтып оралған күйеуі күлдіктің жоқ екенін көріп:

— Күл қайда?— деп сұрайды.

Әйелі:

— Мен оны товар айырбастаушыларға сатып жібердім,— деп жауап қайтарады.

Сонан соң оның бойын қорқыныш билеп, қайғырып, мұңға батады, әйтсе де тұнжырап, үндемей қояды. Оның қайғырып жүргенін көрген әйелі оған дүрсе қоя береді:

— Сені не қара басып жүр? Неге соншама қайғырасың?

Ол бөтен біреудің ақшасын күлдіктің астына тығып қойғанын айтады.

— Сен маған неге сенбедің? Мен сенен гөрі жақсырақ жасыратын едім ғой!— деп, әйелі шашын жұлып, жер тепкілеп, ағыл-тегіл жылайды.

Мұжық отын әкеліп оны базарға сатып, нан алу үшін тағы да орманға кетеді. Оның артынан басқа бір көршісі атпен қуып жетіп, оған тағы да сол сөздерді айтып, сақтап қоюға бес жүз сом береді. Кедей қарсылық білдіріп, алмайды, ал анау болса оның қолына ақшаны ұстата салып, шаба жөнеледі.

Ақша — қағаз ақша болатын; мұны қайда қойсам екен?— деп, әрі ойлайды, бері ойлайды. Ақшаны алып, бөркінің астарының астына тығады.

Орманға келіп, бөркін шыршаның бұтағына іле салады да, отын шабуға кіріседі. Оның сорына бола, бір құзғын қарға ұшып келіп, бөрікті ақшасымен қоса алады да кетеді.

Мұжық қайғырып, қапаланады, амал не, солай, шығасыға көрінгені ғой, деп ойлайды.

Бұрынғысынша өмір сүре береді, отын мен ұсақ-түйек заттар сатып, әрең-әрең күн көреді. Біраз уақыт өтсе де, кедейдің саудасының өнбей қойғанын көрген көршілері одан былай деп сұрайды:

— Бұл не, ағайын, сауданы нашар жүргізетінің қалай? Әлде біздің ақшамызды жұмсауға қорқасың ба? Егер олай болса, онда пұлымызды кейін қайтар.

Кедей олардың ақшасын қалай жоғалтқанын айтып, жылап жібереді. Бірақ көршілері оның айтқанына сенбей, сотқа шағым етеді.

«Бұл істі қалай шешуге болады?— деп ойлайды сот. — Мұжық дегенің момын, дүние-мүліксіз адам, одан ештеңе де ала алмайсың, ал түрмеге жапсаң — аштан өледі!»

Сот уайымдап, терезе алдында үлкен ойға батып отыр еді. Сол уақытта сыртта балалар ойнап жүрген. Солардың пысықай біреуі тұрып:

— Мен сот боламын: сендерді, балалар, соттаймын, ал сендер маған өтінішпен келіңдер,— дейді.

Қойтастың үстіне барып отырған оған басқа бір балақай келіп, тағзым етіп, былай деп өтінді:

— Мен патшағар мына бір мұжыққа қарызға ақша берген едім, ал ол қайыра емес, сенің төрелігіңе жүгінуге келдім.

— Сен қарызға алдың ба? —деп сұрайды сот күнәкардан.

— Иә, қарызға алдым.

— Онда неге төлемей жүрсің?

— Төлейтін түгім жоқ, тақсыр!

— Тыңда, жүгінушім! Ол ғой сенен ақша алғанын жасырып тұрған жоқ, ал төлейтін ештеңесі болмай отыр, демек, сен оған қарызын төлеуге бес-алты жылға мәулет бер, мүмкін, ол шаруасын түзеп, саған артығымен бере жатар. Келісесіз бе?

Баланың екеуі де сотқа тағзым етеді:

— Рақмет, тақсыр! Келісеміз!

Сот мұның бәрін тыңдап тұрып, қуанғаннан былай дейді:

— Мына бала маған ой салды! Мен де кедейге мәулет беруін өзімнің төрелігіме жүгінушілерге айтайын.

Оның кеңесі бойынша бай көршілері екі-үш жылға күте тұруға келіседі; оған дейін мұжық, мүмкін, шаруа-күйін түзеп алар!

Міне, тағы да кедей отын алып қайту үшін орманға келеді, жарты арбадай отын шапқанша, күн де кешкіріп, төңіректі қараңғылық жабады.

Ертеңгісін арбамды толтырып, үйге қайтармын,— деп, ол түнде орманда қалады: «Қайда түнеп шықсам екен?»— деп ойлайды. Бұл жер меңіреу түкпір болатын. Жыртқыш аңдары да көп: аттың қасына жатса — аңдар жеп қоюы мүмкін. Ол оқшауырақ тоғайға барып, үлкен бір шыршаның басына шығады.

Түнде нақ осы жерге қарақшылар — жеті адам келіп:

— Ашылғырдың есігі, ашыл!— дейді.

Сол бойда әлдебір қойманың есігі айқара ашыла кетті; қарақшылар өздерінің алып келген олжаларын соған тасып жатыр, тасып жатыр, барлығын тасып болған соң:

— Жабылғырдың есігі, жабыл!— деп бұйырады.

Есік жабылып қалады, ал қарақшылар болса тағы да олжа іздеуге аттанады. Мұның бәрін көріп отырған мұжық айналада әбден тыныштық орнаған соң, ағаштан түсіп:

— Кәне, мен де байқап көрейінші — бұл есік маған да ашылар ма екен?— дейді.

«Ашылғырдың есігі, ашыл!»— деп, айтқаны сол еді — есік сол сәтте ашыла кетеді. Ол қоймаға кіріп, жан-жағына қараса — алтын, күміс және басқа көптеген нәрселер үйіліп жатыр екен. Қатты қуанған кедей таң атысымен ақша толы қаптарды тасуға кіріседі, отыны құрысын, оны лақтырып, арбаға күміс пен алтынды тиеп, тез үйіне қайтады.

Оны әйелі қарсы алады:

— Түү, отағасы-ай, осыншама қайда жүрсің? Мен болсам, қайғыдан өле жаздадым; «Қайда жүр екен? Әлде ағаш басып қалды ма, әлде жыртқыш аңдарға жем болды ма»,— деп түнімен ойлап шықтым.

Ал күйеуі болса қуанышы қойнына сыймай тұр.

— Қапаланба, қатын! Құдай жарылқады, мен көмбенің үстінен шықтым; қаптарды түсіруге көмектесіп жібер.

Жұмысын бітірген соң, ол бай ағасына келеді; болған жайдың бәрін айтып, өзімен бірге бақытын сынауға шақырады. Анау бірден келіседі.

Орманға бірге барады, шыршаны іздеп тауып:

— Ашылғырдың есігі, ашыл!— деп, айқайлап жібереді.

Есік ашыла кетеді. Олар ақша толы қаптарды таси бастайды; кедей інісі арбасын толтырған соң — кеткісі келеді, ал бай ағасы болса әлі місе тұтар емес.

— Енді сен, бауырым, кете бер,— дейді бай,— ал мен көп ұзамай артыңнан барармын.

— Мақұл! «Ашылғырдың есігі, ашыл!» деп айтуды ұмыта көрме.

— Жоқ, ұмытпаймын.

Кедей кетіп қалады, ал бай болса айналсоқтап жүреді де қояды, бәрін бірден алып кете алмайды, ал тастап кетуге көзі қимайды. Сөйтіп жүріп ол түнге қалады.

Қарақшылар келіп, оны қоймадан тауып алады да, басын шабады; арбадағы өздерінің қаптарын түсіріп, олардың орнына өлікті салып, атты қамшымен тартып-тартып жіберіп, еркіне қоя береді. Ат орманнан шауып шығып, оны үйіне әкеледі.

Ал қарақшылардың атаманы болса, байды өлтірген қарақшыны балағаттап жатыр:

— Неге оны бірден өлтірдің? Алдын ала оның қайда тұратынын сұрастыру керек еді ғой? Біздің

қазынамыз едәуір азайыпты: шамасы, ол өзіне тасып алса керек! Енді қайдан табамыз?

Жасауыл былай дейді:

— Иә, кім оны өлтірсе, сол қазынаны іздеп табатын болсын!

Көп ұзамай сол кісі өлтіруші жансыз болып келіп, тың тыңдай бастайды; «Алтынның қайда екені табылмас па екен?» Ол айтқандайын әлгі кедей інісінің кішкене дүкеніне келеді; оны-мұныны ұстап көріп, қожайынның көңілі пәс, ойқашты екенін байқайды да:

— Сонша неге көңілсізсің?— деп сұрайды.

Анау болса, былай дейді:

— Менің бір ағам бар еді, қайғылы қазаға ұшырады: біреу оны өлтіріпті, үшінші күн дегенде басы шабылған күйі оны ат арбасымен аулаға алып келді, бүгін жерледік.

Қарақшы ізге түскенін біледі де, дүкеншіден сыр тарта бастайды: өте қатты аяған болып, көлгірсиді. Өлтірілген адамның артында жесір әйелі қалғанын сұрап біледі де:

— Ең болмаса жесірдің өз баспанасы бар ма?— деп сұрайды.

— Бар болғанда қандай — үйдің көкесі!

— Қай жерде? Маған көрсетші.

Мұжық сыртқа шығып, ағасының үйін көрсетеді, қарақшы қолына қызыл бояу кесегін алады да, қақпаның сыртына белгі қояды.

— Бұл не үшін?— деп сұрайды одан мұжық.

Ол былай деп жауап қайтарады:

— Жесір әйелге көмектесейін деп едім, ал үйін оңай табу үшін әдейі белгі соқтым.

— Е-е, бауырым! Менің жеңешем ештеңеге де ділгер емес; құдайға шүкір, бәрі де жетеді.

— Ал, сен қайда тұрасың?

— Әне, менің үйшігім.

Қарақшы мұның үйінің қақпасына да сондай белгі қояды.

— Ал бұл не үшін?

— Сен, — дейді, — маған өте ұнайсың; жолым түскенде, сенің үйіңе келіп, түнеп кетіп тұрармын, туысқан, бұл сенің өз пайдаң үшін!

Қарақшы өз тобына қайтып оралып, бәрін рет-ретімен айтып береді, ал олар түнде аттануға — екі үйдегінің бәрін тонап, барлық адамын өлтіріп, сөйтіп өздерінің алтынын қайтарып алуға келіседі.

Ал кедей үйіне келіп, былай деп әңгімелейді:

— Қазір менімен бір жігіт танысты, менің қақпамды шимайлады — саған дейді, үнемі келіп тұратын боламын. Сондай қайырымды жігіт! Ағамды сондай аяйды, жеңешеме қалай көмектескісі келеді десеңші!

Әйелі мен ұлы ұйып тыңдайды, ал өгей қызы оған былай дейді:

— Әке, қателесіп тұрған жоқсың ба? Бұл солай бола қояр ма екен? Бұл ағатайыңды өлтірген, ал енді өз қазынасының қолды болғанын біліп, бізді іздеп жүрген қарақшылар емес пе? Шамасы, баса-көктеп жетіп келіп, тонайтын шығар, өлтіруден де тайынбайды!

Мұжық қорқып кетеді:

— Бұл не деген сұмдық? Мен оны бұған дейін ешқашан көрген емеспін. Міне, қырсық дегенің! Енді не істесек екен?

Сонда қызы былай дейді:

— Әке, сен қолыңа бояу ал да, осы өңірдегі барлық үйді аралап, қақпаларына дәл сондай белгі қойып кел.

Мұжық барып, осы өңірдегі барлық үйлердің қақпасына белгі соғады. Қарақшылар келіп, ештеңе іздеп таба алмайды; кейін қайтып барып: «Неге дұрыс белгі қоймадың?» — деп, жансызды төмпештейді. «Шамасы, біз бір қуға тап болсақ керек!» — деп, ақыры бір ақылға келеді де, біраздан соң жеті кеспек дайындайды; алты кеспекке бір-бір қарақшыдан отырғызып, жетіншісіне май құяды.

Бұрынғы тыңшы осы кеспектерді алып, тұп-тура кедей жігіттің үйіне тартады, кешке қарай келіп, түнеп шығуға рұқсат сұрайды. Кедей жігіт рұқсат етеді.

Қызы сыртқа шығып, кеспектерді қарай бастайды, біреуін ашады — ішінде май, екіншісін ашпақ болады — жоқ, аша алмайды, құлағын тосып тындап көрсе, бөшкенің ішінде бірдеңе қозғалады әрі дем алады. «Е-е, — деп ойлайды, — мұнда бір қулық болғаны!»

Қызы үйге кіріп, былай дейді:

— Әке! Қонақты немен сыйласақ екен? Мен құжыраға барып, пеш жағып, кешкі асқа бірдеңе даярлай қояйыншы.

— Оның несін сұрайсың, бара бер!

Қызы барып пеш жағады да, ас даярлап, су қайнатады, қайнаған суды әкеліп кеспектерге құя береді; барлық қарақшыларды қайнаған суға күйдіріп өлтіреді. Әкесі қонақпен бірге кешкі ас ішіп отыра береді, ал қызы құжырада отырып: не болар екен? — деп, қарауыл қарайды. Үйдің адамдары ұйқтады-ау деген кезде, қонақ сыртқа шығып, ысқырып кеп қалады — ешкім де жауап қатпайды; кеспектерге таяп келіп, жолдастарына дыбыстайды — жауап жоқ; кеспектердің аузын ашып көрсе — олардан бу бұрқ ете қалады. Қарақшы бір бәленің болғанын сезеді де, аттарын жегіп, кеспектерін арбаға тиіп, ауладан қаша жөнеледі.

Қыз қақпаны жауып, үйдегілерді оятады да, болған жайды айтып береді. Сонда әкесі тұрып:

— Қызым, сен бізді өлімнен құтқардың, енді менің ұлымның заңды әйелі бол, — дейді.

Шағын болса да, үйлену тойы көңілді өтеді.

Жас келін атасына өзінің ескі үйін сатып, жаңадан үй сатып алуын өтінеді. Қарақшылардан қатты қорқады: жаман айтпай жақсы жоқ — тағы да келіп қалса, не істейді.

Біраз уақыт өткеннен кейін, кеспектерді алып келетін сол баяғы қарақшы офицер болып киініп, мұжыққа келеді де, түнеп шығуға рұқсат сұрайды; рұқсат етіледі. Ешкімнің ойында ештеңе жоқ, тек жас келін ғана танып, былай дейді:

— Әке! Бұл сол баяғы қарақшы ғой!

— Жоқ, қызым, ол емес!

Келіні үндемейді; ұяқтар алдында өзінің жанына өткір балта әкеліп қояды; түні бойы көз ілмей, аңдумен болады.

Түнде офицер орнынан тұрып, қылышын алады да, келіншектің күйеуінің басын шабуға оқталады: келіншек тайсалмай, балтаны сілтеп қалады, қарақшының оң қолын шауып түсіреді, тағы бір сілтейді — басын қағып түсіреді.

Міне, сонда ғана әкесінің өгей қызының асқан ақылды екеніне көзі жетеді; оның ақылын тыңдайды, үйін сатып, өзіне үлкен сарай сатып алады. Жаңа орынға көшеді, жақсы тұрмыс құрып, сауда-саттықпен айналысады, сөйтіп байи бастайды.

Бірде оған ақша беріп және кейін оны сот алдында талап еткен көршілері келеді.

— Мәссаған! Сен мұнда қалай келгенсің?

— Бұл менің үйім, жуырда сатып алдым.

— Тамаша үй! Саған ақша айнала бастағаны көрініп тұр! Ал сен неліктен қарызыңды өтемей жүрсің?

Үйдің қожасы тағзым етіп, былай дейді:

— Шүкір! Мен қазына тауып байыдым, сіздерге қарызымды үш есе етіп төлеуге қазір даярмын.

— Жақсы, туысқан! Кәне, енді қоныс тойын өткізейік.

— Жарайды, үйге кіріңіздер!

Сөйтіп көңіл көтеріп, той тойлайды. Оның үйінің жанындағы бағы да сондай тамаша болатын.

— Бақты көруге бола ма?

— Рақым етіңдер, қайырымды мырзалар! Мен өзім-ақ аралатып, көрсетейін.

Бақты аралап жүріп, бір түкпірден үюлі күлдікті табады. Үйдің иесі көре сала таң қалады:

— Қайырымды мырзалар! Бұл менің әйелім сатып жіберген сол күлдіктің дәл өзі ғой!

— Кәнекей, қарайықшы, арасында ақша жоқ па екен?

Аударыстырып қараса, айтқандайын ақша сол күйінде жатыр екен. Көршілері бір кезде мұжықтың шындығын айтқанына сонда ғана сенеді.

— Ағаштарды да көрейікші; бөрікті құзғын қарға алып кетпеді ме — оның ішіне ұя салатыны сөзсіз.

Аралайды, аралайды, ақыры бір ұяны көреді — ұзын ілмекпен тартып қараса — айтқандайын, сол бөріктің өзі болып шығады. Ұяны лақтырып тастап, ішінен ақшаны тауып алады. Үйдің қожасы бұрынғы көршілеріне қарызын өтеп, байлыққа кенеліп өмір сүре беріпті.

ОРМАН ПЕРІСІ



Бір поптың қызы әкесінен де, шешесінен де рұқсатсыз серуендеуге орманға барып, із-тұзсыз жоғалып кетеді. Арада үш жыл өтеді. Оның ата-анасы тұратын сол селода батыр аңшы болатын: құдайдың құтты күні итін ертіп, қолына мылтығын алып, ну орманға бара беретін.

Бірде ол орманды аралап келе жатады; кенет



итінің шабалаңдап үре бастағаны сонша, төбетінің жүні тікірейіп шыға келеді. Аңшы абайлап қараса, оның алдындағы жалғыз аяқ жол бойында бір жаңғырық үстінде шабатасын шұқып бір мұжық отыр; шабатасын шұқиды да, айға қарап:

— Жарқыраған ай ма екен, сәулесіне сай ма екен!— деп, кіжініп қояды.

Аңшы таң қалады. «Бұнысы несі!— деп ойлайды, мұжық әлі жап-жас, бірақ шашы қудай». Осыны ойлағаны сол еді, мұжық құдды бір мұның ішкі ойын оқып қойғандай:

— Себебі,— дейді ол,— мен шайтандардың ата-сымын, шашым қудай сондықтан!

Сол сәтте аңшы оның алдындағы қарапайым мұжық емес, орман перісі екенін түсіне қойды; мылтығын көздеп тұрып бах еткізіп, оның дәл қарнына тигізді. Орман перісі ыңыранып барып, жаңғырықтан асып құлай жаздады да, сол заматта орнынан бүкшендей тұра келіп, тоғайға қарай сүйретіліп қаша жөнелді. Оның ізімен ит жүгірді, ал иттің соңынан аңшы ерді.

Жүріп келеді, жүріп келеді, ақыры бір тауға келіп жетті; тау айрығындағы шатқалда бір құжыра тұр. Құжыраға кіріп қараса: орман перісі сәкінің үстінде дөңбекшіп, мүлдем өлгелі жатыр, ал оның жанында бір бикеш:

— Енді мені кім асырып-бағады?— деп жылап отыр.

— Сәлемат па, сұлу бикеш,— дейді оған аңшы,— айтшы, сен кімнің қызысың және қай жақтан боласың?

— Ой, қайырымды жас жігіт! Өзім де бейхабармын. Мен құдды жарық дүниені көрмей, әрі ата-анамды білмей өскен сияқтымын.

— Кәне, тезірек жинал! Мен сені қасиетті Русьқа жеткізейін.

Оны өзімен бірге орманнан алып шығады; келе жатып, жолшыбай ағаштарға белгі қойып отырады.

Ал бұл бикешті орман перісі алып кеткен болатын, оның қолында бақандай үш жыл тұрады, үстіндегі киімдерінің сау тамтығы қалмай ескіріп, тозған.

Селоға келіп жетеді: «Кімнің қызы жоғалып еді?»— деп, аңшы сұрастыра бастайды. Бір поп: — Бұл менің қызым!— дейді.

Поптың әйелі де жүгіріп келеді.

— Кішкентай ғана балапаным-ау, менің! Осыншама уақыт қайда болдың? Енді сені көрем ғой деп ойламап едім!

Ал қызы қарайды да, тек көздерін жыпылықтата береді — түк те түсінбейді; содан кейін ғана аздап өзіне-өзі келе бастайды...

Поп пен әйелі оны сол аңшыға күйеуге беріп, оған сый-сыяпат көрсетеді. Аңшы орман перісінің баяғы құжырасын іздеп орманды ұзақ шарлайды, іздеп-іздеп бәрібір таба алмайды!

СИҚЫРШЫДАН ӨТКЕН СИҚЫРШЫ



Бір солдат деревняға келіп, бір мұжықтан үйіне түнеп шығуға рұқсат сұрайды.

— Мен рұқсат етер едім, солдат,—дейді мұжық,— бірақ менің үйлену тойым болмақшы, саған ұйқтайтын орын жоқ.

— Оқа етпейді, солдат күй талғамайды!

— Олай болса, төрлет!

Солдат мұжықтың аты шанаға жегілулі тұрғанын көріп, былай деп сұрайды:

— Отағасы, қайда барғалы жатырсыз?

— Бізде бір дәстүр бар: кімнің үйінде той болса, сол сиқыршыға тарту-таралғы апаруы керек! Ең кедей дегеннің өзі жиырма сомсыз жолай алмайды, ал бай болсаң, елу сомың да аздық етеді; ал сыйлық апармасаң, бүкіл тойыңның шырқын бұзады!

— Тыңдашы, отағасы! Апарма, бір амалын табармыз!

Мұжықты әбден сендіреді, ақыры ол айтқанына көніп, сиқыршыға бармайды, оған сый-сыяпат көрсетпейді.

Үйлену тойы басталып, күйеу мен қалыңдық некелерін қидыруға кетіп бара жатады, ал салтанатты той шеруінің алдынан өкіргені сондай сұмдық, мүйізімен топырақ шашып бір бұқа шыға келеді. Той бастаушы игі жақсылардың қорқып, зәрелері ұшады, ал солдат болса селт етпейді; қайдан шыға келгені белгісіз — оның аяғының астынан бір ит атып шығады да, бұқаға тарпа бас салып, оның алқымынан шап берді — бұқа тұрған жерінде гүрс етіп құлап түседі.

Одан әрі жүреді. Салтанатты той шеруінің алдынан бір аю шығады.

— Қорықпаңыздар, — деп айқайлайды солдат, — мен тұрғанда тойдың шырқы бұзылмайды.

Тағы да қайдан келгені белгісіз — оның аяғының астынан бір ит жүгіріп шығып, аюға тап береді де, оны қылғындыра бастайды; аю өкіреді де, өліп қалады.

Бұл қауіптен де өтіп, тағы да ілгері жүреді; алдарынан бір қоян жүгіріп шығып, көсем жегілген алдыңғы аттардың астына түсе жаздап, жолды кесіп өтеді. Аттар тоқтай қалады да, осқырынып, орындарынан тапжылмайды.

— Қалжыңңыңды қой, қоян! — деп айқайлайды оған солдат, — біз сенімен кейін сөйлесе жатармыз! — Сол сәтте салтанатты той шеруі оп-оңай жылжып өте береді.

Шіркеуге аман-есен келіп жетеді; күйеу мен

қалыңдықтың некесі қиылып олар қайтадан өздерінің деревнясына оралады.

Олар аулаға жақындай бергенінде, қақпа үстінде отырған бір құзғын қарға қатты қарқ-қарқ етіп, тағы да аттар тоқтап қалады.

— Қалжыңды қой, құзғын қарға, — деп айқайлайды оған солдат, — біз сенімен кейін сөйлесе жатармыз.

Құзғын қарға ұшып кетеді, ал аттар қақпаға кіреді.

Жас жұбайлар үстел басына отырады; тәртіп бойынша: тиісінше қонақтар мен туысқандары өздерінің орын-орындарына жайғасады, ішіп-жеп, көңілдене бастайды. Ал сиқыршы болса, қатты ашуланады; оған сыйлық берілмеді, үрей туғызғысы келіп еді — онысынан да түк шықпады!

Ақырында оның өзі үйге келіп, ешкімге де ізет көрсетпей, инабатты адамдарға тағзым етпей, тура солдатқа келіп, былай деді:

— Мен саған ренжулімін!

— Маған не үшін өкпелейсің? Мен саған қарыз емеспін, сен де маған қарыздар емессің! Кәне, онан да көңіл көтерелік!

— Жарайды!

Сиқыршы стол үстінен керсен толы сыраны алып, стақанға құйды да, солдатқа ұсынды:

— Ішіп жібер, солдат!

Солдат ішіп салып еді, оның тісінің бәрі саудырап стақанға түсе қалды!

— Қап, туысқан, енді тіссіз қалай өмір сүремін? Қатқан нанды немен қаужаймын?

Тістерін алып, аузына салып кеп жіберіп еді, олар бұрынғысынша өз орындарына барып түсті.

— Кәне, енді мен ұсынайын! Менің қолымнан бір стақан сыра ішіп жібер!

Сиқыршы ішіп салып еді, оның көзі шарасынан адырайып шыға келді. Солдат оның көзін ала салып,

қайда екені белгісіз, бір жаққа лақтырып кеп жіберді.

Сиқыршы су қараңғы соқыр болып қалды да, қорқыныш-үрей туғызамын, адамдарды әуре-сарсаңға саламын деп, өректі; ал мұжықтар мен әйелдер солдатқа алғысын жаудырды.

ҰРЫ



Ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті: олардың Иван атты жалғыз ұлы болыпты. Олар ұлын ер жеткенше бағып-қағады, ал содан соң бір күні:

— Ал, ұлым, осыған дейін біз сені асырадық, енді сен бізді өле-өлгенше асырап, бақ,— дейді.

Иван оларға былай деп жауап қайтарады:

— Мені бұрын жасым жеткенше асырадыңдар, енді мұртым өскенше асыраңдар.

Оны мұрты өскенше баққан соң:

— Ал, ұлым, біз сені мұртың өскенше асырадық, енді сен бізді өле-өлгенше асыра,— дейді.

— Әй, әкетайым, анашым,— деп жауап береді ұлы,— бұрын мені мұртым өскенше асырадыңдар, енді сақалым шыққанша асыраңдар.

Амал жоқ, қариялар оны сақалы шыққанша асырап-бағады да, содан соң:

— Ал, ұлым, біз сені сақалың шыққанша асырадық, енді бізді өлгенімізше асырап, бақ,— дейді.

— Сақалым шыққанша баққан екенсіңдер, қартайғанымша солай баға беріңдер!

Бұл жерде шал шыдай алмай, ұлының үстінен шағым айту үшін, байға келеді.

Бай Иванды шақыртады:

— Әй, арамтамақ, әке-шешенді неге асырамайсың?

— Немен асырайын? Сонда ұрлық жасауға әмір етесіз бе? Жұмыс істей алмаймын, енді үйренуге кеш қалдым.

— Мен анау-мынауды білмеймін,— дейді оған бай,— сенің үстіңнен шағым айтылмайтындай етіп, тіпті ұрлық істесең де әке-шешенді асырайтын бол!

Сол арада монша даяр болып, бай ыстық бумен шабынуға кетеді; ал мезгіл кешғұрым болатын. Бай жуынып-шайынып, сыртқа шығады да:

— Әй, анда кім бар? Менің кебісімді әперіп жібер!— дейді.

Ал Иван болса, лып етіп жетіп барып, оның аяғындағы етігін тартып шешеді де, кебісін ұсынады; етікті қолтығына қыса салып, сол заматта үйіне тартып отырады.

— Мә, әке,— дейді ол әкесіне,— шабатаңды шешіп, байдың көк сауыр етігін киіп ал.

Ертеңгісін бай санын бір-ақ соғады — етігі жоқ; Иванды шақыртады:

— Менің етігімді алып кеткен сенсің бе?

— Білуін білгенім жоқ, көруін көргенім жоқ, бірақ бұл іс менікі!

— Аһ, сен мүттайым, бұзық неме! Ұрлауға қалай батылың жетті?

— Ұрлық істесең де, әке-шешенді асырап-бақ деген өзің емес пе, мырзам. Сенің мәртебелі бұйрығыңды орындамауға дәтім шыдамады.

— Олай болса,— дейді байбатша,— міне, саған беретін бұйрығым: менің соқаға жегулі қара өгізімді ұрлап көрші; ұрлай алсаң — жүз сом берем, ұрлай алмайды екенсің — жүз рет дүрелеймін.

— Құп болады!— деп, жауап қайтарады Иван.

Сол бойда ол деревняға жетіп келіп, бір жерден әтеш ұстап алады да, оның қауырсындарын қызылшақа етіп жұлып, айдалып жатқан жерге қарай жүгіре жөнеледі; шеткі бораздаға еңбектеп келіп, бір дәу кесекті сәл көтеріп, астына әтешті қойып, өзі бұтаның түбіне жасырынып қалады.

Соқашылар жаңадан боразда тартып жүріп, сол дәу кесекті іліп алып, төңкеріп тастайды; жүні жұлынған әтеш кесектің астынан атып шығып, шоқалақ, жырамен безеді-ай келіп.

— Жерден шыққан не деген ғаламат!— деп, соқашылар да даңғазаланып, әтештің соңынан тұра жүгіреді.

Иван олардың табандарына шоқ басқандай жүгіріп бара жатқандарын көріп, сол бойда соқаға тұра ұмтылады, бірінші өгіздің құйрығын шауып алып, екіншісінің аузына тығып, ал үшіншісін доғарып, үйіне жетектеп алып кетеді.

Соқашылар әтешті қуа-қуа, ақыры ұстай алмай, кейін қайтып келсе, қара өгіз жоқ, ал шұбар өгіз құйрықсыз қалыпты.

— Ой, туысқандар, біз жаңағы ғаламатты қуып жүргенімізде, өгіз өгізді жеп қойыпты; қараны мүлдем жұтып жіберіпті, ал шұбардың құйрығын жұлып жепті.

Ұнжырғалары түсіп, байға келеді:

— Кешіре гөр, әкеміз, өгіз өгізді жеп қойды.

— Аһ, ақымақ милау немелер,— деп, айқайлайды оған бай,— өгізді өгіз жегенді қайдан көріп, қайдан естіп едіңдер? Маған Иванды шақырыңдар!

Шақырады.

— Өгізді ұрлаған сен бе?

— Менмін, мырза.

— Ал сен оны не істедің?

— Сойдым; терісін базарға апардым; ал етімен әке-шешемді тамақтандыратын боламын.

— Жарайсың,— дейді бай,— міне, саған жүз сом.

Бірақ енді сен үш есікпен жабылып, алты құлыппен кілттеулі тұрған менің ең жақсы көретін айғырымды ұрлашы; ұрлап алып кетсең — екі жүз сом төлеймін, ал ұрлап алып кете алмасаң — екі жүз дүре соғамын!

— Жарайды, мырза, ұрлайын.

Кешкісін ымырт үйірілген соң, Иван байдың үйіне келеді; ауызғы үйге кірсе, ешкім жоқ екен, жан-жағына қарайды — киім ілгіште мырзаның киімі ілулі тұр; байдың шапаны мен бас киімін үстіне киіп алады да, есік алдына жүгіріп шығып, көшірлер мен атбегілерге дауыстап айқайлайды:

— Ей, жігіттер! Менің сүйікті айғырымды тезірек ерттеп, есік алдына әкеліңдер!

Көшірлер мен атбегілер оны байдың өзі екен деп ойлап, ат қораға тұра жүгіреді, алты құлыпты кілтпен ашып, үш есікті айқара ашады, қас қаққанша барлық істі бітіріп, айғырды ерттеп, есік алдына көлденең тартады. Ұры қарғып мініп, атты шыбықпен бір ұрады — «әйт, шүү, қарақұйрық!» — деп тартып отырады!

Келесі күні бай:

— Менің сүйікті айғырымның жайы қалай? — деп сұрайды қызметшілерінен.

Ал айғыр болса, кешелі бері қолды болған еді. Иванға адам жіберуге тура келеді.

— Айғырды сен ұрладың ба?

— Мен ұрладым, мырза.

— Ол қайда?

— Көпестерге сатып жібердім.

— Ұрлауға әмір еткен өзім едім, бақытың бар екен! Уәделі мына екі жүз сомды ала ғой. Кәне, енді Кержан монастырінің бастығын ұрлап көрші.

— Ал, сонда, мырза, бәске не тігесің?

— Үш жүз сом алғың келе ме?

— Жарайды, ұрлайын!

— Ал, ұрлай алмасаң ше?

— Өз еркің: білгеніңді істей бер.

Бай монастырь бастығын шақыртады.

— Сақ бол,— дейді,— түні бойы дұға оқып, тікеңнен тік тұр, ұйқтаушы болма! Ванька ұрлықшы сені алдап соққысы келеді.

Қарттың қорыққаны сонша, ұйқыны ойлауға мұршасы жоқ, шіркеуде отырып, дұғасын пысықтай түседі.

Дәл түн ортасы болғанда қолында жөкеден тоқылған қапшығы бар ұрлықшы Иван келіп, терезе қағады.

— Бұл қай пендесің?

— Көктен түскен періштемін, сені тірілей жұмаққа алып кеткелі келдім; мына қапшыққа кір.

Монастырь бастығы аңқаулықтан қапшыққа кіреді, ұры қапшықтың аузын буып, оны арқасына салады да, шіркеу мұнарасына алып жүреді. Арқалап келеді, арқалап келеді.

— Жақындадың ба?— деп, сұрайды монастырь бастығы.

— А, міне, қазір көресің! Әуел баста жол ұзақ болғанымен, біркелкі теп-тегіс, ал соңына таман қысқарады, бірақ ойлы-қырлы соқтықпалы болады.

Оны жоғарыға көтеріп шығарады да, баспалдақ бойымен төмен қарай домалатып қоя береді; байғұс монастырь бастығына ауыр тиді, басқышпен домалап жерге түседі.

— Ой,— дейді,— періште дұрыс айтқан екен: алдыңғы жол ұзақ болса да, тегіс еді, ал соңғысы қысқа, бірақ соқтықпалы болып шықты. Мен тіпті о дүниеде де мұндай қорлық көрмеспін!

— Шыда, азат боласың!— деп, жауап береді Иван, содан соң қапшықты көтеріп, қақпа жанындағы шарбаққа іліп, жанына жуандығы бармақтай екі шыбықты қояды да, қақпаға: «Кім де кім қасынан өтіп бара жатып қапшықты үш рет ұрмаса, сол адам малғұн аталып, қарғысқа ұшырайды»,— деп жазады.

Айтқандай жанынан өткеннің бәрі де, міндетті түрде шыбықпен үш рет тартып өтеді.

Бай келе жатып:

— Глүлі тұрған қапшық не?— деп таңданады.

Қапшықты жерге түсіртіп, аузын шешуге әмір етеді. Бұған аузын шешсе, одан Кержан монастырінің бастығы шығады.

— Сен мұнда қалай түстің? Мен саған: сақ бол, деп ескерткен едім ғой! Сені шыбықпен дүрелегені ештеңе емес, сен үшін үш жүз сомымның босқа кеткені өкінішті.

СОЛДАТ ЖҰМБАҒЫ



Жолшыбай өтіп бара жатып, сәл тынығып алу үшін солдаттар бір кемпірдің үйіне аялдайды. Олар ішетін су және жейтін оны-мұны табылмас па екен деп сұрайды, сонда кемпір:

— Балақандарым-ай, мен сендерді немен сыйласам екен? Менде ештеңе жоқ,— деп тіл қатады.

Ал пештің ішінде табаның астындағы қыш құмырада пісірілген әтеш еті болатын. Солдаттар мұны байқап қалған еді; біреуі жылпостау болатын, сыртқа шығып, арбадағы баулаулы шөптерді қобырсытып шашады да, лашыққа қайта кіріп:

— Әже, а, әже! Қараңызшы, мал бау шөпті жеп жатыр ғой,— дейді. Кемпір сыртқа шығады, сол сәтте



солдаттар пештің аузын ашып, қыш құмырадағы пісірілген әтеш етін алып дорбаға тығады да, оның орнына көр-жер ескі-құсқыны салады.

Кемпір келеді:

— Қарақтарым, балақандар. Малды аулаға кіргізіп жіберген сендер емессіңдер ме? Балақандар, не үшін зияндарыңды тигізесіңдер? Бұларың жарамайды, қарақтарым!

Солдаттар үн-түнсіз отырып-отырып, тағы да:

— Әже, бізге жүрек жалғайтын бірдеңе берші!— деп сұрайды.

— Квас пен нан алыңдар, балақандар, сендерге со да жарайды!

Оларды алдадым ғой деп, кемпір мақтанғысы келді де, оларға бір жұмбақ айтты:

— Ал, сендер ғой, балақандар, көп жерді аралап, көпті көрген адамсыңдар: маған айта қойыңдаршы: қазір табалықтың түбіндегі Пешкент, Құмкенттегі Тауықбай Тауықбаевич есен-сау жүріп жатыр ма екен?

— Жок, әже!

— Ал, сонда, қарақтарым-ау, оның орнында кім болғаны?

— Суайт Судырахметович деген біреу.
— Сонда Тауықбай Тауықбаевич қайда кеткен?
— Айтпақшы, ол Дорбаабад деген қалаға ауыстырылды, әже.

Содан соң солдаттар өз жөндеріне кетеді. Егістіктен оралған ұлы келіп, кемпірден тамақ сұрайды, ал кемпір оған:

— Келе ғой, ұлым! Біздің үйде солдаттар болып, тамақ сұрады, ал мен оларға, балақаным, біздің пештегі әтеш жайлы жұмбақ айттым, олар жұмбағымды шеше алмады.

— Сонда сен, апа, оларға қандай жұмбақ айтып едің?

— Міне, мынадай: Табалықтың түбінде Пешкент, Құмкенттегі Тауықбай Тауықбаевич есен-сау жүріп жатыр ма екен?— Олар жауабын таба алмады. Ал, менің қыш құмырамда... не барын білмеді!

Пешке үңіліп қарап еді, амал не, әтеші бар болғыр ұшып кетіпті: тек жыртық шабатаны суырып алады.

— Ойбай, балақан, мені алдап соғыпты, әлгі қарғыс атқырлар!

— Әне-әне, солай, апатайым! Солдаттарды алдай алмайсың, олар көпті көрген ғой.

ИВАНУШКА-АҚЫМАҚ



Баяғыда бір шал мен кемпір өмір сүріпті; олардың үш ұлы болыпты: екеуі — ақылды, үшіншісі — Иванушка-ақымақ екен. Ақылдылары өрісте қой жаяды, ал ақымағы ештеңе істемейді, күні бойы пештің үстінде отырып шыбын аулайды.

Бірде кемпір қара бидай ұнынан кеспе пісіреді де ақымаққа былай дейді:

— Мә, мына кеспені ағаларыңа апар, тамақ ішсін.

Қыш құмыраны толтырып, оның қолына ұстатады; ол ағаларына қарай келе жатады. Күн шуақты болатын; Иванушка деревняның шетіне шыға берісімен бүйір жағынан өз көлеңкесін көреді: «Менімен қатар жүріп келе жатқан бұл неғылған адам, бір қадам кейін қалар емес? Түсінікті, кеспе жегісі келген екен ғой?» — деп ойлайды.

Сөйтеді де, ол көлеңкесіне кеспе лақтыра бастайды, дәл солай ең соңғы түйіріне дейін бір-бірлеп бәрін қалдырмай лақтырады; енді қараса, көлеңкесі әлі жанында келеді.

— Мынау тойымсыз мес қарын неме ғой, — деп шын көңілімен ренжіген ақымақ оған қыш құмыраны жіберіп кеп қалады — құмыра быт-шыт боп сынады.

Міне, сөйтіп ағаларына құр қол келеді; ағалары одан:

— Сен, ақымақ, неге келдің? — деп сұрады.

— Сендерге түскі ас әкелдім.

— Әкелген түскі асың қайда? Кәне, тезірек бер.



— Айтпақшы, ағатайлар, жолшыбай маған бір бейтаныс адам ұшырасып, бәрін жеп қойғаны!

— Ол қандай адам?

— Міне, ол! Қазір де менімен қатар тұр!

Ағалары ұрсып, оны ұрып-соғып, түйгіштейді; ұрып-ұрып қой бағуға қалдырады да, өздері деревняға түскі ас ішуге кетеді.

Ақымақ қой бағуға кіріседі: қараса, саулықтар бытырап жайылып жүр екен, оларды ұстап алып, барлығының да көздерін ояды, қойларды иіріп бір қотанға жинайды да, құдды бір іс тындырғандай, өз өзінен қуанып отырады.

Ағалары түскі астарын ішіп, өріске қайтып оралады.

— Ақымақ, сен не істегенсің? Қойдың бәрі неліктен соқыр болған?

— Көздің оларға керегі не? Сендер кеткен бойда, ағатайлар, саулықтар бөлініп-бөлініп бытырап кетті; мен бір айла таптым: бәрін ұстап бір жерге жинадым да, көздерін оя бастадым; сондай қатты шаршадым!

— Тоқтай тұр, бәлем, сен бұдан бетер шаршайтын боласың әлі! — дейді де ағалары оны төмпештің астына алады; ақымақ жақсылап сазайын тартады.

Бұдан соң біршама уақыт өтеді; мейрамға қарсы қариялар үй шаруашылығына керек оны-мұны сатып алып келуге Иванушканы қалаға жұмсайды. Иванушка үстел де, ыдыс-аяқ та, тұз да сатып алып, көр-жермен бір арбаны толтыра тиейді.

Үйіне қайтады, ал кішкене мәстегі ілбіп келеді. «Осы ғой, — деп ойлайды Иванушка өзінен өзі, — аттың төрт аяғы болғанда, үстелдің де төрт аяғы бар емес пе; демек, үстелдің өзі де жүгіріп келе жатар». Үстелді жолға тастап кетеді.

Алыс па, жақын ба, жүріп келеді, жүріп келеді, кім білсін, ал құзғын қарғалар төбесінен қалықтап

ұшып, қарқ-қарқ етеді. «Осынша шулауларына қарағанда, әпкетайлардың ас ішкісі келген-ау!»— деп ойлайды ақымақ. Тамақ салынған ыдыстарды жерге түсіріп:

— Әпкетайлар-сәулетайлар, жеңіздер, жегендеріңіз бойларыңызға жұғым болсын!— деп, сыйлай бастайды.

Ал, өзі болса алға, тек алға қарай жүре береді.

Иванушка тоғай ішімен келе жатады. Жолшыбай кілең күйген томарлар кездеседі. «Е-е,— деп ойлайды,— балақандар-ай, жалаңбас қой; жаурайды ғой, байғұстар!» Қыш және ағаш құмыраларын оларға кигізе салады. Міне, Иванушка өзенге де жетеді, атын суармақ болады, бірақ аты су ішпейді. «Демек, тұзсыз ішкісі келмейді екен ғой!» дейді де, суға тұз салады. Қап толы тұзды түгел төгеді, ат бәрібір ішпейді.

— Сен неге ішпейсің, жамандатқыр! Сонда мен бір қап тұзды бекерден-бекер төкті дейсің бе?

Жерде жатқан шөркені ала салып, оның қақ басына салып қалады, ат сеспей қатады.

Иванушканың қасық салған жалғыз дорбасы қалады, оны өзімен бірге алып жүрді. Келе жатады; арқасындағы қасықтары сарт-сұрт, сарт-сұрт етеді! Ал ол болса қасықтар: «Иванушка-ақымақ!»— деп, айтқан екен деп ойлады да, сол бойда жерге тастай салып, үстінен тепкілеп:

— Міне, сендерге Иванушка-ақымақ! Міне, сендерге Иванушка-ақымақ! Мені келемеждегілерің келеді ә!— деп, өзінен-өзі сөйлеп қояды.

Үйге қайтып оралған соң, ағаларына былай дейді:

— Бәрін де сатып алдым, ағатайлар!

— Рақмет, ақымақ, ал сатып алған заттарың қайда?

— Үстелдің өзі жүгіріп келеді, кейінде қалды, ыдыс-аяқтардан әпкелерім тамақ ішіп жатыр, қыш және ағаш құмыраларды ормандағы балалардың

бастарына кигізіп кеттім, тұзды ат суаратын суға салдым, ал қасықтар мені мазақтап жүргізбеді, сондықтан оларды жолшыбай лақтырып кеттім.

— Тезірек бар да, ақымақ, жолшыбай шашып кеткендерінің бәрін жинап ал.

Иванушка орманға келеді, күйген томарлардың бастарынан ағаш құмыраларын алады, олардың түптерін тесіп, үлкен-кішісі бар — әр түрлі қыш құмыраның он шақтысын таяққа тізіп алады да, үйіне әкеледі. Оны ағалары сабап тастайды: өздері керек-жарағын сатып алу үшін қалаға кетеді де, ал ақымақты үйді күзетуге қалдырады. Ақымақ тыңдап қараса, кеспектегі сыра ашып, быжылдай береді, быжылдай береді.

— Сыра, ашыма, ақымақты келеке етіп тасыма, — дейді Иванушка.

Жоқ, сыра айтқанын тыңдамайды; содан соң ол кеспектегі сыраны ағытып жібереді де, өзі астауға отырып алып, үйді шыр айнала әнге басады.

Ағалары келеді, қатты ашуланады. Иванушканы үлкен қанарға салып тігеді де, өзенге сүйретіп алып барады. Қанарды жағаға қойып, өздері ойықты қарауға кетеді. Сол кезде жанынан үш қоңыр атты көсем жеккен бір мырза өтіп бара жатады; Иванушка жатып келіп айқай салады:

— Мені дуан басына төрелікке отырғызғалы жатыр, ал мен болсам, төбе би болып төрелігін, аға би болып ақылын айта алмаймын.

— Тоқта, ақымақ, — дейді мырза, — мен төрелігін де беремін, ақыл да айта аламын, қанардан шық!

Иванушка қанардан шығып, оған мырзаны отырғызып, қанардың аузын тігеді де, өзі оның шанасына мініп, көзден ғайып болады. Ағалары келеді, қанарды мұздың астына түсіріп, өздері тың тыңдайды, ал судың астынан күңгірлеген дыбыс естіледі.

— Демек, жан тәсілім еткені, — деп, сөйлесіп ағалары үйге қайтады.

Олардың қарсы алдынан қайдан келгені белгісіз

көсем жеккен үш атпен Иванушка шығып, құйғытып келе жатып, мақтанып қояды:

— Міне-е, менің қандай арғымақтарды ұстағанымды көрдіңдер ме. Ал онда ақ боз ат қалды — сондай көсем ат!

Ағаларының қызғаныштан іштері жарыла жаздайды; жалма-жан ақымаққа былай дейді:

— Енді бізді қанарға салып тік те, тезірек үкіге таста! Ақ боз ат бізден құтылмайды...

Иванушка-ақымақ оларды үкіге тастайды да, қалған сырасын ішіп, ағаларын еске түсіру үшін үйіне тартып отырады. Иванушканың бір құдығы болатын, оған шүпірлеп балық толатын, талай жұрт оның сорпасын ішіп, дәмін алды, ал менің ертегім осымен тәмамдалды.

АҚЫМАҚ ПЕН ҚАЙЫҢ



Өзінің туған елінде, алыстағы патшалықтардың бірінде бір шал өмір сүріпті, оның үш ұлы болыпты: екеуі — ақылды, үшіншісі — ақымақ екен. Шал өледі, ұлдары жеребе бойынша қалған мұрасын өзара бөліседі: ақылдыларына әр түрлі көптеген дүниемүлік, ал ақымаққа жалғыз өгіз тиеді — оның өзі көтерем болып шығады.

Жәрмеңкенің кезі келеді: ақылды ағалары сауда жасауға жиналады. Ақымақ оларды көріп:

— Мен де, ағатайлар, өз өгізімді сатуға апарам! — дейді.

Өгіздің мүйізіне жіп іліп алып, қалаға қарай жетектейді. Оның жолы орман арқылы өтетін, ал орманда

бір қураған қайың тұратын, жел тұрса болды — қайың да сықырлап қоя беретін.

«Неліктен қайың сықырлайды?— деп ойлайды ақымақ.— Осы менің өгізімді саудалап тұрған жоқ па?»

— Кәне,— дейді,— егер сатып алғың келеді екен — сатып ал; мен сатуға қарсы емеспін! Өгіз жиырма теңге тұрады; одан кем түсуге болмайды... Ақшаңды шығара ғой!

Қайың оған ешқандай жауап қайтармайды, тек сықыр-сықыр етеді, ал ақымақ болса, өгізді қарызға сұрап тұрған екен ғой деп түсінеді.

— Мақұл, мен ертеңге дейін күте тұрайын!

Өгізді қайыңға байлап, онымен қоштасады да, үйіне кетеді. Үйге келгесін ақылды ағалары ақымақты әңгімеге тартады.

— Сонымен, ақымақ, өгізді саттың ба?

— Саттым.

— Қымбатқа ма?

— Жиырма теңгеге бердім.

— Ал ақшаң қайда?

— Ақшаны әлі алғаным жоқ; «ертең келерсің» — деді.

— Әй, ашық ауыз миғұла!

Келесі күні таңертең ақымақ жолға қамданып, ақшасын алу үшін қайыңға кетеді. Орманға келсе — қайың желмен теңселіп тұр екен, бірақ өгізі жоқ; түнде қасқырлар жеп қойыпты.

— Кәне, жерлес, ақшаны әкел, сен өзің бүгін төлеймін деп уәде бергенсің.

Жел тұрып еді — қайың сықырлап қоя берді, ал ақымақ болса былай дейді:

— Міне, сен қандай өтірікшісің! Кеше ертең берем деп айтқан едің, ал бүгін тағы да уәде бергелі тұрсың! Жарайды, солай-ақ болсын, тағы да бір күн күтемін, ал одан әрі күте алмаймын — менің өзіме де ақша керек.

Үйіне қайтып оралады. Ағалары тағы да оған тиіседі:

— Немене, ақшанды алдың ба?

— Жоқ, ағатайлар, тағы да бір күн күте тұруға тура келді.

— Сен осы өгізіңді кімге саттың?

— Ормандағы қураған қайыңға саттым.

— Қандай ақымақ едің!

Үшінші күні ақымақ қолына балта алып, орманға жөнеледі. Келеді де, ақшасын талап етеді. Қайың сықыр-сықыр етеді.

— Жоқ, жерлес, егер сен бүйтіп күнде ертең деп алдайтын болсаң, онда сенен ешқашан ақша ала алмайды екенмін. Мен қалжыңды жақсы көрмеймін, қазір-ақ сазайыңды тарттырамын!

Оны балтамен шауып келіп қалады — сол сол-ақ екен, жаңқалары жан-жаққа ұшады. Бұл қайыңның бір қуысы болатын, сол қуысқа қарақшылар бір қазан алтын тыққан еді. Ағаш екіге қақ айырылып түскенде, ақымақ тап-таза алтынды көреді, етегін толтырып алып, үйіне оралады; әкеліп ағаларына көрсетеді.

— Сен, ақымақ, мұның бәрін қайдан таптың?

— Жерлесім өгіз үшін берді, бұл әлі бәрі емес, мен оның жартысын да үйге алып кете алмадым! Ағатайлар, қалғанын алып келуге барайықшы!

Орманға барып, ақшаны алып, үйге қайтып келе жатады.

— Сен байқа, ақымақ, — дейді ақылды ағалары, — біздің осынша алтынымыздың барын ешкімге айтушы болма.

— Оллаһи, айтпаймын!

Кенет олардың алдынан бір кіші поп кездесе кетеді:

— Жігіттер, орманнан не арқалап келе жатырсыңдар?

Ақылдылары:

— Саңырауқұлақ қой, — дейді.

Ал ақымақ олардың сөзін бөліп:

— Өтірік айтады олар! Біз ақша әкеле жатырмыз, міне, қараңыз!

Кіші поп таңданғаны сонша, алтынға тарпа бас салып, уыстап-уыстап жан қалтасына тыға бастайды. Ақымақ ренжігені сонша, оны балтамен ұрып өлтіреді.

— Әй, ақымақ! Сен не істедің?— деп, ағалары айқайлайды.— Өзің құрығаныңмен тұрмай, бізді де құртатын болдың! Енді өліктің денесін қайда жасырамыз?

Ойлап-ойлап, ақыры оны бір бос ұраға сүйреп апарып тастайды.

Ымырт үйірілген соң, үлкен ағасы ортаншысына былай дейді:

— Бұл бір қырсықты іс болды! Кіші попты іздей бастаса, ақымақ бәрін айтып қояды. Онан да бір текені өлтіріп ұраға салайық та, ал өлікті басқа жерге апарып көмейік.

Олар түн қараңғылығына дейін тосып отырады, содан соң бір текені өлтіріп, оны ұраға апарып тастайды да, ал кіші попты басқа жерге апарып жерлейді.

Арада біраз күн өтеді, кіші попты жер-жерден іздей бастайды, жұрттың бәрінен сұрастырады; ақымақ та құлақ түреді:

— Оның сіздерге керегі не? Таяуда ғана мен оны балтамен шауып өлтіргенмін, ағаларым оны ұраға апарып тастады.

Сол бойда ақымақты ұстап алған жұрт:

— Кәне, бізге көрсет!— дейді.

Ақымақ ұраға түсіп, ешкінің басын алып шығып, былай деп сұрайды:

— Сіздердің кіші попыңыз қара ма еді?

— Қара!

— Сақалы бар ма?

— Иә, сақалы болатын.

— Ал, мүйізі де бар ма еді?

— Мүйізі несі, ақымақ!

— Ендеше, міне, көріңдер!— деп, басты лақтырып

жібереді. Кісілер, шынында да, текенің дәл өзі екенін көреді де, ақымақтың бетіне түкіріп, үйді-үйіне тарап кетеді.

Осымен ертегім де аяқталды, сыбағама — бір ожау бал қалды.

МИҒҰЛА



Ертеде бір шал мен кемпір өмір сүріпті, олардың жан дегенде жалғыз ұлы бар екен, бірақ оның өзі ақымақ болыпты. Анасы оған:

— Сен, ұлым, кісілерге жұғысып, аралассаң, ақылың толысар еді, — дейді.

— Жарайды, апа. Қазір барамын.

Деревняны аралап келе жатып, бұршақ тартып жатқан екі шаруаны көреді де, сол бойда олардың жанына жүгіріп барады; біресе біреуіне, біресе екіншісіне барып сүйкенеді.

— Құтырма, — дейді оған шаруалар, — келген жағыңа қайт, жөніңді тап.

Ал ол болса, сүйкеніп кетпей қояды.

Ақырында шаруалардың ызасы келіп, астық бастырғыш тоқпақпен оның сыбағасын береді: күтпеген жерден соққыға жығылғаны сонша, ақымақ үйіне еңбектеп әрең жетеді.

— Балапаным-ау, неге жылайсың? — деп сұрайды кемпір.

Ақымақ болған жайды айтып береді.



— Әй, ұлым-ай, неткен едің! Сен ғой оларға: «Қайырымды жандар, істерің оңалсын! Көтеретіндерің — көтерілмейтіндей көп болсын, таситындарың — таусылмайтындай мол болсын!»— дегенінде ғой, олар саған бұршақ беретін еді; қазір оны пісіріп жеген болар едік.

Келесі күні ақымақ деревняны аралап келе жатады, оның алдынан өлік көтерген кісілер шығады. Көреді де, айқай салады:

— Істерің оңалсын! Көтеретіндерің көтерілмейтіндей көп болсын, таситындарың — таусылмайтындай мол болсын!

Тағы да оны жұрт ұрып тастайды; үйге қайтып оралған соң, мұңын шаға бастайды:

— Міне, апа, сен мені үйретіп ең, ал мен сол үшін таяқ жедім!

— Әй, балам! Егер «Бал мен шырағдан!»— деп бөркінді алып, көзіңе жас алып, тағзым еткеніңде ғой, сонда сені тойғаныңша ішкізіп-жегізетін еді.

Ақымақ деревняны аралап жүріп, бір үйшіктен

той-тойлаған көңілді айқай-шу естиді де, бөркін қолына алып, өз-өзінен егіліп, қатты жылайды.

— Бұл не деген надан неме,— дейді қонақтар,— біздің бәріміз көңіл көтеріп отырсақ, ол құдды жоқтау айтқандай жылағаны несі!

Олар орындарынан ұшып тұрып, ұрып-ұрып, оның жамбасын сындыра жаздайды...

ЛУТОНЮШКА



Бір шал мен кемпір өмір сүріпті; олардың Лутоня атты ұлы болыпты. Бірде шал Лутонямен бірге аулада оны-мұны істеп жүргенде, кемпір лашықтың ішінде болатын. Кемпір үюлі тұрған отыннан бір шөркені қолына ұстай береді де, оны пештің алдына түсіріп алады, сол бойда зар илеп жылайды.

Айқайды естіген қарт асығып-үсігіп лашыққа жүгіріп келіп, кемпірінен неге айқайлағанын сұрайды. Кемпірі егіліп отырып, оған былай дейді:

— Егер біз өзіміздің Лутонюшканы үйлендірген болсақ, егер оның әйелінен ұл туған болса, егер ол ұл мына пештің алдында отырған болса — мен оны шөркемен жарақаттап алар едім ғой!

Шал да кемпіріне қосылып, айқайлай бастайды:

— Солай, солай, кемпір! Сен оны жарадар етіп алған болар едің!— Екеуі де бар даусымен айқайға басады.

Осы сәт ауладан Лутоня жүгіріп келіп:

— Неге айқайлап жатырсыңдар?— деп сұрайды. Олар не туралы екенін айтады:

— Егер біз сені үйлендірсек, сенің ұлың болар еді, ал егер ол әлгінде, міне, мына жерде отырса, кемпір оның басына шөрке түсіріп өлтірер еді: шөрке тұптура мына жерге тарс ете түскені!

— Жарайды,— дейді Лутоня,— сіздерге рақмет! Содан соң өзінің бөркін умаждап тұрып, былай дейді:

— Хош болыңдар! Егер мен сендерден ақыл-есі кем әлдебіреуді тапсам, онда тағы сендерге қайтып оралармын, ал егер таба алмасам — онда мені күтпей-ақ қойыңдар,— деп кетіп қалады.

Жүріп келеді, жүріп келеді, бір жерге келсе, мұжықтар бір сиырды үйшіктің үстіне сүйрелеп шығарғалы жатқанын көреді.

— Сиырды неге сүйрелейсіздер?— деп сұрады Лутоня.

Олар оған былай дейді:

— Міне, мұнда қаншама шөп өсіп тұрғанын көр-місің!

— Әй, миғұла ақымақтар!— деп, Лутоня үйшіктің үстіне шығып, шөпті жұлып-жұлып алып, сиырдың алдына тастай салады.

Мұжықтар бұған сұмдық таң қалады да, Лутонядан өздеріне тағы да біраз нәрсе үйретуін өтінеді.

— Жоқ, менің ақымақтарым мына жарық дүниеде әлі толып жатыр!— деп, Лутоня одан әрі қарай кете барады.

Аздан соң ол бір селоны аралап келе жатып, үйшіктің жанында қораланып тұрған мұжықтарды көреді: олар қақпаға қамытты байлап, атты таяқтап қамытқа кіргізбек болады.

— Не істеп жатырсыздар?— деп сұрайды Лутоня.

— Мына бір атты, мырза, жеккіміз келеді.

— Әй, сіздер неғылған миғұла ақымақ едіңіздер? Жіберіңіздерші, мен сіздерге жегіп берейін.



Қамытты алып, аттың басына кигізеді.

Мына мұжықтар да оған таң-тамаша қалады, оны тоқтатып, ең болмаса, бір апта өздерімен бірге болуын өтіне бастайды. Жоқ, Лутоня одан әрі қарай кетеді.

Жүріп-жүріп, ақыры шаршаған соң, бір керуен сарайға келіп тоқтайды. Бұл жерде ол: керуен сарайды күтуші кемпірдің қоймалжың ботқа пісіріп, оның үстіне сұйық кисель құйып, балаларының алдына қойғанын, өзі қолына қасық ұстап, қаймақ әкелу үшін қайта-қайта ұраға бара бергенін көреді.

— Сен, кемпір, құр бекерге шәркейінді неге тоздырасың?— дейді Лутоня.

— Негесі қалай,— дейді кемпір қарсылық білдіріп,— сен көремісің, мырза, ботқа үстел үстінде, ал қаймақ ұрада емес пе...

— Сен кемпір, қаймақты осында әкеліп қойсаң ғой, өте дұрыс болар еді.

— Солай екен-ау, қарағым!

Қаймақты үйшікке алып келіп, Лутоняны қасына отырғызады. Лутоня тамақты әбден тоя ішеді, содан соң аспалы тақтай төсекке шығып, ұйқтап қалады. Ұйқысынан ояғанда, менің ертегім де одан әрі жалғасады, ал әзірге бары осы.

АЙЫРБАС



Бір мұжық қора күреп жүріп, бір түйір сұлы дәнін тауып алады; әйеліне келсе, ол құжыраға от жағып жатыр екен.

— Кәнеки, бәйбіше, сен күйбендемей, тездет, пештің шоғын шығарып таста да, мына дәнді пештің ішіне сал, содан соң қуырып, жармалап, ұнтақтап, кисель пісіріп, табаққа құй; мен бір табақ кисель алып, патшаға барамын; кім біледі, бәйбіше, патша бізге сыйсыпат көрсетер?

Сөйтіп ол патшаға да келеді, бір табақ кисель береді, патша оған алтын қырғауыл сыйлайды. Патшадан үйіне қайтады; ен далада келе жатады; жолда жайылып жүрген бір үйір жылқыны көреді. Жылқышы оған былай деп тіл қатады:

— Уа, жолаушым, қайдан келесің?

— Патшаға бардым, бір табақ кисель апардым.

— Патша саған не сыйлады?

— Алтын қырғауыл.

— Қырғауылыңды атқа айырбасташы.

Сөйтіп айырбастайды да, атқа мініп алып жүре береді. Ол келе жатса, бір табын сиыр жайылып жүр екен. Бақташысы келіп, былай дейді:

— Уа, жолаушым, қайда болдың?

— Патшаға бардым, бір табақ кисель апардым.

— Патша не сыйлады?

— Алтын қырғауыл.

— Ал қырғауылың қайда?

— Мен оны атқа айырбастадым.

— Бізге атыңды сиырға айырбаста.

Айырбастайды. Сиырын мүйізінен жетектеп келе жатса; жолында бір отар қой жайылып жүреді. Шопан келіп, оған былай дейді:

— Уа, жолаушым, қайда болдың?

— Патшаға бардым, бір табақ кисель апардым.

— Патша саған не сыйлады?

— Алтын қырғауыл.

— Алтын қырғауылың қайда?

— Атқа айырбастадым.

— Атың қайда?

— Сиырға айырбастадым.

— Бізге сиырыңды қойға айырбасташы.

Айырбастап, қой айдап келе жатса, бір қора шошқа жайылып жүр екен. Бақташысы былай дейді:

— Уа, жолаушым, қайда болдың?

— Патшаға бардым, бір табақ кисель апардым.

— Патша саған не сыйлады?

— Алтын қырғауыл.

— Алтын қырғауылың қайда?

— Оны атқа айырбастадым.

— Ат қайда?

— Оны сиырға айырбастадым.

— Сиыр қайда?

— Қойға айырбастадым.

— Қойыңды бізге шошқаға айырбасташы.

Айырбастайды, шошқаны айдап келе жатса, бір топ қаз жайылып жүреді. Бақташысы келіп, былай дейді:

— Уа, жолаушым, қайда болдың?

— Патшаға бардым, бір табақ кисель апардым.

— Патша саған не сыйлады?

— Алтын қырғауыл.

— Алтын қырғауылың қайда?

— Оны атқа айырбастадым.

— Ат қайда?

— Сиырға айырбастадым.

- Сиырың қайда?
- Қойға айырбастадым.
- Қойың қайда?
- Шошқаға айырбастадым.
- Шошқанды қазға айырбасташы.

Айырбастайды. Қазды көтеріп келе жатса, қолға үйретілген бір топ үйрек кездеседі. Бақташысы келіп, былай дейді:

- Жолаушы, қайда болдың?
- Патшаға бардым, бір табақ кисель апардым.
- Патша саған не сыйлады?
- Алтын қырғауыл.
- Алтын қырғауылың қайда?
- Оны атқа айырбастадым.
- Ат қайда?
- Сиырға айырбастадым.
- Сиыр қайда?
- Оны қойға айырбастадым.
- Қойың қайда?
- Шошқаға айырбастап жібердім.
- Шошқа қайда?
- Қазға айырбастадым.
- Қазыңды бізге үйрекке айырбасташы.

Айырбастайды. Үйректі алып келе жатса, жолда балалар доп соғып ойнап жүреді.

- Мұжық, сен қайда болдың?
- Патшада болдым, бір табақ кисель апардым.
- Патша саған не сыйлады?
- Алтын қырғауыл.
- Алтын қырғауылың қайда?
- Атқа айырбастадым.
- Ат қайда?
- Сиырға айырбастадым.
- Сиыр қайда?
- Оны қойға айырбастадым.
- Қойың қайда?
- Шошқаға айырбастадым.

— Шошқа қайда?

— Қазға айырбастадым.

— Қаз қайда?

— Үйрекке айырбастадым.

— Үйрегінді доп соғатын таяққа айырбасташы.

Айырбастайды да, өз жөнімен келе жатады; үйіне келіп, доп соғатын имек таяқты қақпаның жанына сүйей салып, өзі құжыраға кіреді. Әйелі мән-жайды сұрай бастайды; ол болған жайдың барлығын — доп соғатын таяққа дейін бірін қалдырмай айтып шығады.

— Доп соғатын таяқ қайда?

— Қақпаның жанында.

Әйелі сыртқа шығып:

— Өзіңді неге айырбастамадың, кәрі шайтан! Ең болмаса үйректі үйге әкелсең етті!— деп күйеуін таяқтың астына алады.

ЖАҚСЫ БОЛҒАНМЕН, ЖАМАН



Екі мұжық кездеседі.

— Амансың ба, ағайын!

— Аманшылық.

— Қайдан келесің?

— Ростовтан.

— Жаңалық естіген жоқсың ба?

— Естімедім.

— Ростов диірменін жұлып кетіпті деп жүр ғой?

— Жоқ, диірмен тұр, тастары суда қалқып жүр, үстінде құйрығын қысып бір ит отыр, өзі қыңсылап ұннан жалап қояды...

— Ал Ростов жәрмеңкесінде болдың ба?

- Болдым.
- Үлкен бе екен?
- Өлшегенім жоқ.
- Күшті ме екен?
- Белдескенім жоқ.
- Онда азық-түліктің нарқы қандай екен?
- Ақша қап-қабымен, темекі қалтасымен, кәмпит толайым дүкенімен, қалаш нан шанасымен сатылады.
- Ал, Ростов аюын көрдің бе?
- Көрдім.
- Қандай?
- Сұр екен!
- Өтірік айтпа! Бұл қасқыр ғой.
- Біздің жақта қасқыр орманда кездеседі, құлақтарын қайшылап жүреді.
- Бұл дегенің қоян ғой!
- Біледі-ақ екенсің! Бұл — қорқақ!
- Біздің жақта еменге шығып, қарқ-қарқ ететінді қорқақ деп атайды.
- Бұл құзғын қарға болмаса, мұрным кесілсін!
- Тап саған безгек тиіп, ішің тесілсін!
- Афонька! Қайда бардың, не көрдің, менен қашып, кімге ердің?
- Сіздің, мырза, деревняңызда бір мұжықтың буулы бауының астында жаттым.
- Ал егер бауға кенет от түссе қайтер едің?
- Мен оны аулағырақ ысырып тастар едім.
- Егер бау лаулап жанса, қайтер едің?
- Мен онда, мырза, отқа жылынар едім.
- Демек, сен менің деревнямды біледі екенсің ғой.
- Білемін, мырза.
- Қалай, менің мұжықтарым бай тұра ма екен?
- Байлығында сөз жоқ, мырза! Жеті үйде бір балта, оның өзінің сабы жоқ екен.
- Онда олар онымен не істейді?
- Не істесін, орманға барып, ағаш шабады; біреуі ағаш шабады, ал қалған алтауы ән салады.

- Бізде астық шығымы жақсы ма екен?
- Жақсы, мырза! Бау мен баудың арасы — тұтас бір шақырым, шөмеле мен шөмеленің аралығы — күншілік жер екен.
- Оны қайда үйіпті?
- Сіздің қора-жайыңызға, пеш мұржасының үстіне жиыпты.
- Бұл жақсы іс екен!
- Жақсы, бірақ онша емес: сіздің тазыларыңыз алысып ойнап, пештің мұржасын құлатып, астық табаққа төгілді.
- Сонымен сен не бітірдің?
- Бұршақ сатып, сауда жасадым.
- Сенің бұл ісің жақсы екен!
- Жоқ, мырза, жақсы, бірақ олай емес.
- Сонда қалай?
- Поптың қора-жайының жанынан өтіп бара жатыр едім, иттері тарпа бас салды, мен қаша жөнелдім — сөйтіп бұршақтарым шашылып қалды. Бұршақ домалап барып, жерге кірді, одан шалқан өсіп шықты.
- Туһ, ісің жаманға айналыпты ғой?
- Жаман, бірақ олай емес!
- Сонда қалай?
- Шалқан болса да, қабығы мол.
- Ісің жақсылыққа бастапты ғой!
- Жақсы, бірақ олай емес!
- Сонда қалай?
- Поптың шошқасы бұршаққа түсіп, дәнігіп алды, бәрін қорыс қылып қазып, бүлдірді.
- Жаман екен, Афонька, сенің ісің!
- Жоқ, мырза, жаман, бірақ олай емес.
- Сонда қалай?
- Мен шошқаны өлтірдім де, майы мен сұрпы етін тұздап, қақтап алдым.
- Әй, Афонька!
- Тағы не дейсіз?
- Жүк керуенімен не әкелдің?

- Екі арба шөп, мырза, және аттар жегілген бір арба.
- Ал менің атымды суғардың ба?
- Суғардым.
- Онда аттың еріндері неліктен құп-құрғақ?
- Иә, суат, мырза-еке, тым биік.
- Сен оны аласапыран шаппадың ба?
- Онсыз да аттың төрт аяғын шауып тастадым.
- Қап, ақымақ, сен менің атымды құртқан екенсің ғой?
- Жоқ, мен оны Волын ауласындағы иттерге апарып тастадым.
- Сөйтіп аттың қарасын көрмейсің де. Менің әйелімді көрдің бе?
- Көрдім.
- Қалай, сұлу ма екен?
- Қан жалаған қаншықтай жырынды екен.
- Қалай?
- Бейне бір ал қызыл алмадай шырынды екен! Қалада бір мырза тұрыпты; оған деревнядан староста келеді.
- Бұл сенсің бе, Василий Петров? — деп сұрайды мырза.
- Иә, менмін, мырза-еке!
- Менің анамнан хат әкелген жоқсың ба?
- Хат жоқ, тек қана бір қағазы бар.
- Онда не жазылған екен?
- Кешіре гөріңіз, сіздің қарындаш ұштайтын бәкіңізді сындырып алдық.
- Оны қалай сындырып алдыңдар?
- Сіздің жорғаңыздың терісін сыпырдық; бәкіңіз кішкентай-тұғын, мен оны сындырдым.
- Сонда менің атымның өлгені ме?
- Жоқ, өрем қапты.
- Қалайша ол арам өлді?
- Алдымен өрем қапқан ол емес, сіздің шешеңіз, мырза-еке!

— Шынымен шешемнің өлгені ме?

— Фомканың бау кептіретін қоймасы өртенгенде, ол тас үйдің жоғарғы қабатында отырған еді, ал еденнің желдеткіші болатын: оның аяғына ұшқын шашырап, содан бәйбіше құлап түсіп, аяғын шығарып алды.

— Ал сен, ақымақ, құлатпай неге ұстап қалмадың?

— Мырза-еке! Ол берекелі дәм-тұзбен бағып-күтілген жан. Егер үстіме құласа, мені өлтіреді ғой!

— Сенің өзіңнің де көмектесейін деген ниетің жоқ қой! Фомканың бау дегдітетін қоймасы неге өртенген?

— Алдымен өртенген ол емес, сіздің жаңа ат қораңыз.

— Не қалды одан?

— Қақпаның үш бағаны мен баран аттың ауыздығы ғана қалды.

— Сонымен ол қалай өртеніп жүр?

— Ол емес, мырза-еке, өртенген сіздің жаңа диірменіңіз.

— Қалай, сонда жаңа диірмен де өртенгені ме?

— Иә, мырза-еке, өртеніп кетті.

— Енді одан не қалды?

— Су мен диірменнің тасы қалды: тас төртке бөлінген, сонда да бүтін күйінде; түтін шарпыған терезе алдында отырған мысықтың екі көзі шығып кетіпті, ал өзі сап-сау, тірі қалыпты!

— Жаңа диірмен қалайша өртенген?

— Ол емес, мырза-еке, алдымен сіздің қоймаңыз өртенді.

— Қалай, сонда қойма да өртенгені ме?

— Иә, өртеніп кетті, мырза-еке!

— Сені староста деп атайды, ал сен шаруалардан ақша жинадың ба?

— Жинадым, мырза-еке, жинадым.

— Кімнен қанша?

— Фомкадан қара бақыр, Еремкадан қара бақыр, ал Варфоломейкадан бір тиын.

- Неге одан сонша аз алдың?
- Оның әйелі өлген еді, салықтың тек жартысын ғана төлейді.
- Айтпақшы, шаруалардан ұн жинадың ба?
- Жинадым, жинадым, мырза-еке!
- Оны қайда жұмсадың?
- Сіз бен шошқаларға елу ширегі; қара төбет пен сіздің туған әкеңізге қырық ширегі; қаншық Галяма мен анаңыз Ульянаға отыз ширегі; үйректер мен тауықтарға, сенің ақымақ қарындастарыңа жиырма ширегі берілді.
- Сен не, ақымақ, балағат сөз айтасың?
- Мырза-еке, сөздің реті осындай.
- Сен базарда болдың ба?
- Болдым, мырза-еке, болдым.
- Сауда-саттық көп пе екен?
- Мен оны өлшегенім жоқ.
- Сауда күшті ме екен?
- Мен онымен белдескенім жоқ.
- Ұн қаншадан екен?
- Қанарлап һәм қаптап сатады.
- Сен Фомканы үйлендірді деп жүр ғой?
- Үйлендірдім, әкетай, үйлендірдім.
- Ал, қалыңдығы бай ма екен?
- Бай, мырза-еке, тіптен бай!
- Байлығы не?
- Үшкіл салынып тігілген орамалы, оған қоса жеңі салбыраған қалпағы, шойын қорабы, темір құлыбы бар.
- Бай екен, бай екен.



Бір мұжықтың себілген көп бұршағы болатын. Тырналар ұшып келіп, бұршағын шоқып, дәндеп алады.

«Тоқтай тұр, бәлем,— деп ойлайды,— мен сендердің аяқтарыңды сындырайын!»

Бір шелек шарап сатып алады да, астауға құйып, оны балмен араластырады, астауды арбаға тиеп, егістікке келеді. Өзінің алқабына жетіп, шарап пен бал құйылған астауды жерге түсіріп қояды да, өзі әрірек барып, демалып жатады.

Міне, тырналар да ұшып келеді, бұршақты шоқып, шарапты көреді де, бас салып ішкені сонша, сол жерде қолға түскендерін байқамай қалады. Мұжық та қапы жібермей, сол бойда жүгіріп келіп, оларды аяқтарынан жіпке тізіп тастайды. Жіппен шырмап байлап, арбаға тіркейді де, үйіне тартып отырады.

Жолшыбай тырналарды арба соғып, зықысын кетіреді. Олар мастығынан айығып, естерін жинайды, қанаттарын серпи бастайды, көтеріліп өздерімен бірге мұжықты да, арбаны да, атты да алып ұшып кетеді. Биікке көтеріледі! Мұжық пышағымен жіпті қиып жіберіп еді, өзі түп-тура батпаққа құлап түседі.

Тәулік бойы балдырлы батпақта отырып, әрең дегенде құтылып шығады. Үйіне қайтып оралса — әйелі босаныпты, попты шақырып келіп, нәрестені шоқындыруы керек.

— Жоқ,— дейді,— попты шақырып келуге бармаймын!

— Неліктен бармайсың?

— Тырналардан қорқамын! Тағы да мені көкке көтеріп кетеді; арбадан ұстай алмай, құлап түсіп өліп қалуым мүмкін!

— Қорықпа! Біз сені арбаға арқанмен таңып тастаймыз.

Міне, қызық, оны арбаға салып, арқанмен таңып, атты жолға салады; қамшыны үйіріп-үйіріп жібергенде — ат бүлкілдей жөнеледі. Деревняның сыртында құдық бар еді, ал ат суғарылмаған болатын, су ішкісі келіп түп-тура құдық жаққа қарай жолдан бұрылады; ал құдық болса шегенделмеген, аттың әбзелдері шілиясыз әрі тізгінсіз, қамыты үлкен, қолпылдаған кең болатын; ат суға еңкейе бергенде, мойнындағы қамыты басынан сыпырылып түседі. Сөйтіп ат қамытсыз кейін шығады, ал мұжық арбамен құдық жанында қалады.

Сол кезде аңшылар бір аюды орманнан қуып келе жатыр еді; аю бар екпінімен қашып келе жатып, арбаның үстінен өтпек болып, секіріп қалғанда — түп-тура басы қамытқа сұғылады! Жаны мұрнының ұшына келгенін сезіп, бар күшін сала арбаны сүйрете жөнеледі.

— Әкетайлар, көмектесіндерші! — деп айқайлайды мұжық.

Сол айқайдан аю одан сайын жаман қорқады; төмпешіктер, терең сайлар, батпақтар арқылы сүйрете береді! Омартаға жүгіріп келіп, ағашқа өрмелейді — өзімен бірге арбаны да сүйреп шығады — шамасы, бал жегісі келсе керек. Ағаштың ең ұшар басына шығып алған, ал арба оны төмен қарай тартады: байғұс аю не төмен, не жоғары шыға алмай, әбден зықысы кетті.

Біраздан соң бал арасының қожасы келіп, аюды көреді.

— Ә, — дейді ол, — ұсталдың ба! Көремісің Мишка, сен қандай сандалбайсың: бал жеуге жаяу емес, тіпті арбамен келетін болғансың ғой!

Балтаны алып, ағаштың түбін шаба бастайды. Ағаш жерге құлап түсіп, арбаны сындырып, мұжықты мүлдем басып қалады; ал аю қамыттан босанған бойы тұра қашады: беті ауған жаққа зыта береді!

Міне, тырналар қандай болады!

Мұжық әтешті үйдің астындағы жертөлеге қоя береді: әтеш одан бір түйір бұршақ дәнін тауып алып, тауықтарды шақыра бастайды. Мұжық бұл табылған олжаны біледі де, әтешті одан шығарып жіберіп, бұршақ дәніне су құяды.

Міне, ол өсе бастайды, өсіп-өсіп еденге дейін көтеріледі. Мұжық еденді шауып ояды, бұршақ дәні тағы да өсе береді; өсіп-өсіп төбеге дейін жетеді.

Мұжық үйінің төбесін де теседі, бұршақ тағы да өседі-өседі — сөйтіп аспанға дейін бойлай өседі.

Міне, сонда мұжық әйеліне былай дейді:

— Әйел, ау, әйел! Мен аспанға шығып, онда не бар екенін байқап көрсем қайтеді? Онда қант та, бал да — тіпті бәрі де болар!

— Шыққың келеді екен, шық!

Мұжық өрмелеп, өрмелеп, әрең дегенде аспанға көтеріледі. Көп бөлмелі әсем үйге кіреді: барлық жерде де дүние, мүлік дегенің жайнап тұр, тек көрерге көз керек! Үйдің ортасында пеш, ал пеште — қаздың еті де, торай еті де, бәліш те — толып тұр. Бір сөзбен айтқанда, жаныңа не керек — соның бәрі де бар! Сол пешті жеті көзді бір ешкі күзетеді екен. Мұжық не істеу керегін білген соң, ішінен:

— Ұйқта көзше, ұйқта көзше! — деп күбірлей береді.

Ешкінің бір көзі жұмылып, ұйқтап кетеді. Мұжық дауыстап сөйлей бастайды:

— Ұйқта, екінші көз. Ұйқта, екінші көз!

Екінші көзі де ұйқтап кетеді.

Осылайша ешкінің алты көзі де ұйқтайды, ал ешкінің арқасына біткен жетінші көзін мұжық байқамады.

Ол көп ойланып жатпайды, пеш үстіне шығып, ішіп-жеп, тәттімен аузының дәмін алады, содан соң төмен түсіп, демалу үшін сәкіге келіп жатады.

Үйдің иесі келеді, ал ешкі болған жайдың бәрін оған айтады: ол бәрін де жетінші көзімен көріп отырған. Үйдің қожасы қатты ашуланады, өзінің қызметшілерін шақырып алып, мұжықты желкелетіп қуып жібереді.

Ол бұршақ өскен жерге келеді: қараса — бұршақ жоқ. Не істейсің? Жаздыгүні ауада ұшып жүретін өрмекші торын жинай бастайды; өрмекші торынан жіп еседі; бұл жіпті аспанның шетіне іледі де, сонымен төмен түсе бастайды. Төмен түсіп келеді, түсіп келеді, ойда жоқта жіп үзіліп кеткені, ал жерге дейін әлі едәуір алыс; ол көзін тарс жұмып алады да — төмен қарай құлдилап жөнеледі!

Ұшып келеді, ұшып келеді, ақыры бір батпаққа келіп құлайды.

Оның батпақта отырғанына (ол мойнына дейін қылқиып батпаққа батқан еді) аз ба көп пе, қанша уақыт өткенін кім білсін, әйтеуір, үйрек оның басына ұя салып үлгеріпті; ұя салып, жұмыртқа басыпты.

Мұжық бір қулық ойлап, аңдиды да, үйректің құйрығынан шап беріп ұстай алады. Үйрек қанаттарын сабалап-сабалап, ақыры мұжықты батпақтан шығарады.

Ол үйректі де, жұмыртқаларды да үйіне әкеліп, әйеліне болған жайдың бәрін айтады.

Құлаған аспан төрінен,
Мұжық деген мықты екен;
Ең ғажабы бәрінен,
Қалай оған шықты екен!

Біздің селода Лука мен Петр ұрысқаннан бері, су құммен лайланды, келін мен қайын сіңлілерінің арасында үлкен ұрыс болды; сол ұрыста бейшара ботқа жараланды, байғұс кисель тұтқынға алынды, астынан үңги қазылғандықтан шалқан мен сәбіз қолға түсті,

капуста семсерге бас иді. Ал мен ұрысқа үлгере алмадым, сәкіде отырып, кешігіп қалыппын.

Сол бір кезде біз алты ағайын — бәріміз Агафондар бірге тұратынбыз, әкеміз Тарас болды, ал анамыздың аты есімде жоқ; әңгіме атында ма? Мейлі Маланья-ақ болсын. Болғанмен мен өзім ең кенжесі, — ақылым ұшан-теңіз, жоқ теңдесім.

Міне, жұрт жер жыртуға кетті, ал біз, алты ағайын, қолдарымызды бұлғалап жата бердік. Олар біздерді жер жыртып, ат айдап, қол бұлғап жүр екен деп ойлайды, ал біздер сол екі арада өзді өзіміз төбелесіп жаттық. Ал әкеміз қара құмықтың бір түйір дәнін қамшының ұшына байлап, ырғап-ырғап лақтырып кеп жіберіп еді, алысқа барып түсті.

Қарақұмық бітік болып өсті. Жұрт егістікке барып астық орғанда, біз бораздалардың бойында жататынбыз, түскі асқа дейін жатып, түскі астан кейін ұйқтап, астық бауларын тау ғып үйіп: мая мен маяның аралығы Қазаннан Москваға дейін жетті. Қырманға апарып бастырып едік — тұтас бір уыс қарақұмық алдық.

Келесі жылы әкеміз:

— Менің сүйікті ұлдарым, биыл қарақұмықты қай жерге ексек екен? — деп сұрады.

Болсам да мен өзім ең кенжесі, — ақылым ұшан теңіз, жоқ теңдесім, мен әкеме былай дедім:

— Пештің үстіне егеміз, себебі онда бос жер бар, онсыз да бұл жер жыл бойы тусырап жатады!

Пештің үстіне егін салдық, ал үйшігіміз сондай үлкен болатын: бөрене табалдырығы, төбесі, терезелері мен есіктері бұрғымен тесілген. Үйшіктің ішіне кіріп отыруға болмаса да, көруге жарайды.

Әкем сондай бір қарбалас қарекет үстінде жүрді, таңертең ерте тұрады да, көшеден көзін алмай қарай береді. Аяз терезеден өтіп, пешке жетпес пе екен; онда қарақұмық үсіп кетеді. Міне, сөйтіп пештен қарақұмықты қалай жинап алуды ойлап, алты ағайын біз де уайымдай бастадық. Ал мен — болсам да өзім ең

кенжесі, ақылым ұшан-теңіз, жоқ теңдесім, емес пе!

— Қаракұмықты, — деймін, — орып алып, ұраға тасып алу керек.

— Сонда ұраны қайдан қазамыз?

— Қайдасы не? Пештің үстінен: онда бос жер бар.

Үлкен етіп ұра қаздық.

Біздің үйдің бір ойма мысығы болатын: бірде қаракұмықта егеуқұйрық жүргенін сезіп, ұстайын деп сөкіріп қалғанында, пештің мойнына тұп-тура маңдайы сарт етеді; ұра опырылып, үлкен табаққа құлайды. Алты ағайын табақтағы бау үйіндісін қалай тазалаймыз деп, қайғыра бастайды. Сол уақыта бір сұр бие келеді де, табақтағы бау үйіндісін жейді; содан соң үйшіктен шауып шыға бергенінде, босағаға кептеліп қалады: қаракұмықтан екі бүйірі күмпиіп шыға келеді! Артқы аяқтары үйшіктің ішінде, ал алдыңғы аяқтары сыртта. Ол үйшікті үстіне көтеріп, желе жортып, шаба жөнеледі; ал біздер енді не болар екен деп, отырған күйі жан-жағымызға қараймыз!

Биенің бүйірі түсе бастағанда, мен жалма-жан шап беріп, оның жалынан ұстай алып, үстіне міндім де, дүкенге келдім. Сатушының бір ғажайып мылтығына көзім түсті.

— Бұл, — деп сұрадым, — ескерткішке сақталған ба әлде сатуға қойылған ба?

— Сатуға қойылған.

Елу тиындық күміс төлеп мылтықты сатып алдым.

Емен тоғайына құс атуға бардым: қарасам, емен ағашында бір қырғауыл қонақтап отыр екен. Мен қарауылға алдым, бірақ әттең, күкірті жоқ екен! Егер қалаға күкірт алып келуге барайын десем — он шақырым жүруім керек — жырақ; оған дейін құс ұшып кетуі мүмкін. Осылайша өзімнен өзім ойланып тұрғанымда, байқаусызда шолақ тоным еменнің бұтағына тиіп кетіп, астымдағы бием үркіп жалт бұрылғанда, басым ағашқа сарт ете түсті — көзімнен ұшқын жарқетті! Бір ұшқын оттыққа түсіп, мылтық қырғауылды атып түсірді; қырғауыл төмен құлап, қоянға тиді; ал

қоян болса, ет қызуымен атып тұрғанда, құс атаулының бәрі қыранжаппай қолға түсті.

Сол бойда мен Саратовқа керуен тарттым; саудаластым-саттым, бес жүз теңгеге құс етін өткіздім. Сол ақшаға той жасап, бір еңбекқор қызға үйлендім: көшені бойлай жүрсе болды, етегімен бәрін де сыпырып өтеді; кішкентай балалар алдынан жүгіріп шығып, оған шөрке лақтырады. Отын да, тамызық та сатып алудың қажеті жоқ; уайым-қайғысыз өмір сүріп жатырмын.

Мен үлкен де емес, кіші де емес қақпа жанына қағылған бағандай қайдан болайын, не бары иненің көзіндей-ақ болып туыппын. Бірде мен қалың жынысты қалақай деген ағашты шабуға орманға бардым. Бір рет балтамен ұрып қалдым — ағаш теңселіп кетті, екінші рет ұрып едім — ештеңе естілмеді, үшінші рет салып қалғанымда — мына батырыңның қақ маңдайына бір жаңқасы сарт етті. Сөйтіп мен, мына батырың үш тәулік бойы ұзынымнан сұлап жаттым: мені ешкім де білмеді, ешкім де көрмеді, тек мені көріп-білген мүйізі қарағайдай жануарың — тарақан мен барылдақ қоңыз болды.

Орнымнан тұрдым, мына мен батырың, үстібасымды қағынып, төрт құбылама түгел қарадым да, жағалаумен жүре бердім, жүре бердім, өзен сүт болып ағып жатыр, жағалаулары кисель болып тасып жатыр. Міне, сонда мен, мына батырың кисельді бір тоя ішіп, сүтке әбден қандым...

Жағалаумен жүре бердім, жүре бердім, бірақ жағалау біздің жақтағыдай емес, алдымнан бәлішпен қаланған, құймақпен сыланған бір шіркеу шықты. Жұқа қабыршақты нанмен төбесі жабылған. Кіре берістегі басқышпен көтерілсем, көзіме есік түсті — сыртынан қалаш нанмен жабылып, қой ішегімен айқара тартылған екен. Сол бойда маған, мына батырыңның басына бір ой сап етті: қалашты сындырып жеп алдым да, ішекті алып итке тастадым. Шіркеуге кірдім, ішінде-

гінің бәрі де біздікіне ұқсамайды: михрабы шалқаннан, шырағданы сәбізден жасалған.

Бір поп жүгіріп шығып, отыра қалды, — мен оны аузыма бір-ақ салдым. Жағалаумен жүре бердім, жүре бердім, бірақ жағалау біздікіне ұқсамайды: мұнда қуырылған өгіз жайылып жүр, бүйірінде қайралған өткір пышағы тұр. Егер әлдекімге басытқы керек болса, онда шетінен кесіп-турап, мархабат, жей беріңіз.

ЕР ЖҮРЕК БАТЫРАҚ



Бір диірменшінің қызметшісі болыпты. Диірменші оны диірменнің ожауына бидай себуге жұмсайды, ал қызметші бидайды тастың үстіне төгеді. Диірмен айнала бастағанда, бидайдың бәрі жан-жаққа шашылып қалады.

Диірмен қожасы келіп, шашылып жатқан бидайды көреді де, сол бойда қызметшіні қуып жібереді.

Қызметші үйіне, өз селосына қайтып келе жатып, адасып кетеді. Бір қалың бұтаның ішіне кіріп, ұйқтауға жатады. Қасқыр келеді, қызметшінің ұйқтап жатқанын көреді де, жақындап келіп, оны иіскелей бастайды, ал қызметші болса, қасқырдың құйрығынан шап беріп ұстап, өлтіреді де, терісін сыпырып алады!

Міне, қызметші бір төбенің басына шығады, ал төбенің басында бір бос диірмен тұр екен: ол осы диірменге түнеп шығуға тоқтайды. Бір кезде қарақшы келеді; диірмен ішіне от жағып, әкелген олжаларын бөлісуге кіріседі. Бір қарақшы тұрып:

— Мен өз үлесімді диірменнің астына қоямын,— дейді.

Екінші қарақшы:

— Мен доңғалақтың астына тыға саламын.

Ал үшіншісі:

— Мен ожаудың ішіне жасырамын,— дейді.

Ал қызметші болса, қарақшылар өлтіріп кетпесе екен деп қорқып, ожаудың ішінде жатқан күйі: «Қой, мен онан да былайша айғайға басайын» деп, бір ойға келеді:

— Денис, анау төменге қарай жүгір; ал, сен, Хвока, бүйірден жіберме; әй, сен, тапал, ана жаққа қара, ал мен өзім мына жақты реттеймін! Ұстандар оларды, жігіттер! Ұрындар, жігіттер!

Қарақшылар қорыққаннан олжаларын тастай салып, тырағайлап қаша жөнеледі.

Қызметші ожаудан шығып, барлық олжаны жинап алып, үйіне келеді; әкесі мен анасына былай деп әңгімелейді:

— Диірменнен тапқан табысымның бары осы. Ата, енді базарға барып өзімізге бір мылтық сатып алайық, бұдан былай аң аулайтын боламыз.

Базарға барып, мылтық сатып алып, қайтып келе жатады. Сонда қызметші әкесіне былай дейді:

— Сен, әке, қарай отыр, жолшыбай қоян, түлкі, мүмкін, тіпті, сусар да кездесіп қалар.

Келе жатып, екеуі де қалғып, ақыры ұйқтап кетеді. Қайдан тап болғаны белгісіз, екі қасқыр кездесіп, олардың атының ішін жарып, толайым жеп қояды.

Атасы оянып кетіп, ат екен деп, қамшысымен салып кеп қалса, онысы қасқыр болып шығады! Қасқыр қаша бергенінде мойнына қамыт ілініп, сүйрей жөнеледі, ал атай оны қақпайлап айдап отырады. Арттағы екінші қасқыр қызметшіге жармасқысы келеді, бірақ ол кетік қасқыр болатын. Қызметші оны қамшымен шалқая тартып кеп жібереді, ал қасқыр қамшыны тістеп алғысы келеді, бірақ қамшының ұшындағы

күрмек оның кетік тісіне ілініп қалады. Қызметші қасқырды арбаның соңынан дедектетіп жетектеп отырады. Бір қасқыр арбаны сүйреп, ал екіншісі соңынан еріп келеді.

Міне, олар үйге жетеді; қанден ит алдарынан жүгіріп шығып, шабалаңдап үреді. Қасқырлардың үрейі ұшып, біреуі жалт бұрылғанда — арба төңкеріліп қалады да, қызметші мен шал жерге ұшып түседі; сол жерде қасқыр қамыттан сытылып шығады, ал қызметшінің қолынан қамшы шығып кетеді, қасқырдың екеуі де қашып құтылады, сөйтіп шал мен қызметші тақырға отырып қалады.

Олар байлыққа кенеліп өмір сүріпті; үш сырықтың басы ұштасып, үш қазық қағылып, үш шөпшекпен өріліп, қора-жайы дөңгеленіп, аспанмен астасып, күн сәулесімен көмкерілген екен!

ФОМКА БЕРЕННИКОВ



Алыс патшалықтардың бірінде Фомка Беренников деген бір мұжық өмір сүріпті — өте күшті әрі келісті болғаны сонша, егер жанынан бір торғай қанат қағып өтетін болса, онда ол сол тұрған жерінде ұшып түседі екен! Мына жарық дүниеден күз көре алмапты, жұрттың бәрі ренжітеді екен, сондықтан ол: «Қой, бүйтіп жүргенше, суға кетіп өлейін!» деп ойлайды.

Батпаққа таяп келеді; оны құрбақалар көріп, суға секіріп кетеді.

«Тоқта,— деп ойға шомады Фомка,— суға кетіп

өлмейін, менен де қорқатын адамдар бар екен ғой!»

Үйіне қайтып оралып, егістікке шығуға даярлана бастады, ал оның түкке жарамайтын, жұмыстан әбден титықтаған бір кішкене мәстегі болатын; қамыт қажап қаны шыққан мойнына шыбын-шіркейлер құжынап жататын! Фомка жақындап келіп, алақанымен бір ұрғанда, қынадай қырылды, — содан соң ол былай деді:

— Ой, мен өзі батыр екенмін ғой! Қой, жер жыртуға барғанша, соғысуға барайын!

Көршілері:

— Сен ақымаққа соғысу қайда, сенің шошқаларға жем салатын уақытың болды, — деп, оған күліп жатыр.

Оған қайдан қарасын; Фомка өзін батырға санап, жүзі мұқалған балта мен шырпы жонатын селебені алып, үстіне көне шекпені мен киізден тігілген биік бөркін киіп, жауыр мәстегіне мініп, ілби басып ашық далаға кетті. Мидай далада бір бағанды жерге қазып көмді де, оған былай деп жазды:

«Басқа қалаларды шабуға — бір сілтегенде, жауларымды жүз деп қынадай қыруға бара жатырмын».

Орнынан кеткен бойында, сол бағанға екі алып батыр шауып келіп, ондағы жазуды оқып былай дейді:

— Бұл қандай адам өзі! Қайда кеткен? Дүрсілдете шапқан сабазыңның дыбысы естілмейді, алып батырдай басқан ізі көрінбейді!

Екеуі оны соңынан қуа жөнеледі; оларды көріп, Фомка былай деп сұрайды:

— Сіздер кім боласыздар?

— Татулық тілейміз, қайырымды жігіт! Біз алып батырлармыз!

— Бірден неше адамның басын шауып түсіре аласыңдар?

Біреуі:

— Бесеуін.

Екіншісі:

— Он адамның, — дейді.

— Сіздер қандай алып батырсыздар? Сіздер түкке

тұрмайды екенсіздер! Батыр деп мына мені айтсын: бір сілтегенде, жүзін қынадай қырамын.

— Бізді жолдастыққа ертіп, аға болыңыз.

— Жарайды,— дейді Фомка,— соңымнан еріңдер.

Алып батырлар оның соңынан еріп, бәрі бірге патша қорығындағы шабындыққа аттанады. Келген соң өздері жайғасып демалады да, аттарын көк торғындай отқа жайып, шалқайып жата береді.

Көп пе, аз ба, қанша уақыт өткенін кім білсін — ертегі тез айтылғанмен, іс тез атқарылмайды — патша оларды байқап қалыпты.

— Бұл,— дейді ол,— қандай көргенсіздер менің шабындығымда масайрап жүрген? Осыған дейін мұнда жүгірген аң, ұшқан құс болмаушы еді, ал енді қаптап кеткен қандай бейбастақ қонақтар!

Сол заматта ол орасан көп әскер жинап, қорығынан оларды қуып шығуға әмір етеді.

Ұшы-қиыры жоқ қол қаптап келеді; оларды алып батырлар көріп, өкіл ағасына мәлімдейді, ал ол былай деп жауап қайтарады:

— Несі бар, барыңдар, күш сынасыңдар, ал мен — сендердің қандай батыр екендеріңді көрейін.

Міне, олар өздерінің алып тұлпарларына мініп, жау әскерлеріне қарсы шауып, көгершіндер тобына шүйілген жас сұңқарлардай құйғытып келіп, бірін қалдырмай барлығын таптап, жаныштап өтеді.

«Іс оңға баспады!»— деп ойлайды патша; тағы да бұрынғыдан екі еседей көп қол жинайды, ал барлық әскерді бастап баруға, басы қара қазандай, маңдайы сенің алжапқышыңдай, өзі таудай бір дәуді жібереді!

Фомка өзінің жаман көк шолағымен алдынан шығып, дәуге былай дейді:

— Сен күшің зор, алып батырсың, мен де сондаймын! Бізге — ер жүрек жігіттерге әуелі амандаспай тұрып, бірден ұрысқа түскеніміз ар-намысымызға, атақ-даңқымызға ұят болады! Алдымен бір-бірімізге тағзым етіп, содан соң ұрысқа кірісуіміз керек.

— Жарайды!— дейді дәу.

Олар кейін шегініп, бір-біріне тағзым ете бастайды. Дәу басын игенше жарты сағат, ал оны көтергенше тағы жарты сағат уақыт өтеді.

Кішкентай болғанмен, ер жүрек Фомка күтіп тұрғысы келмеді, селебе пышағын суырып алып, тамағынан орып-орып жібергенде, дәудің басы ұшып жерге түседі.

Қалың әскер дүрк көтеріліп, жан-жаққа бытырап қашады; ал Фомка дәудің тұлпарына қарғып мініп, оларды қуып жетіп, атпен таптап өтеді. Амалы құрыған патша тізе бүгеді; алып күштің иесі батыр Фомка Беренников пен оның ең жақын екі серігін өзіне шақыртады. Оларды қонақ етіп сый-сыяпатын көрсетіп, өзінің қызы — ханшаны Фомкаға үйлендіріп, жарты патшалығын жасауына береді.

Ұзақ па әлде қысқа ма, кім білсін ертегі тез айтылғанмен, іс тез атқарылмайды — басұрман патшалығының королі ұланғайыр қол жинап келіп, бұл патшалықтан орасан көп алым-салық төлеуін талап етеді. Патша мұндай көп алым-салықты төлегісі келмейді де, ең жаужүрек батырлардан өз әскерін жасақтап, оның бастығы етіп күйеу баласы Фомканы тағайындап, Фомка не істесе, басқалары да соны істеуін қатты ескертіп, бұйырады.

Фомка қалың қолды бастап ұрысқа аттанады.

Орманның ішімен жүреді, оның соңынан әскерлері де еріп отырады. Фомка бір кішкене қайыңды кесіп алады, солдаттар да бір-бір кішкене қайыңнан кесіп алады. Бір терең өзенге келеді — көпірі жоқ, ал айналып өту үшін екі жүз шақырым жүру керек; Фомка өзінің кішкене қайыңын суға тастайды, солдаттар да өздерінікін суға тастайды, өзенді бөгеп, арғы бетіне өтеді.

Басұрман королі мықты бір қалаға орнығып алыпты. Фомка қаланың алдына келіп, от жағады да, тырдай жалаңаштанып отқа қыздырынып отырады;

солдаттар да мұны көріп, сол бойда тамызық жинап, шөрке жарып, айдалаға қаптата от жағады.

— Аздап ауқаттанып алған жөн,— дейді де, Фомка дорбасынан майлы шелпек алып, жей бастайды.

Қайдан шыға келгені белгісіз, бір ит жүгіріп келіп, шелпекті қағып алып, қаша жөнеледі. Фомка тырдай жалаңаш күйі, қолына шала ұстай салып тұра қуады; жүгіріп келе жатып:

— Ұстандар! Ұстандар!— деп қатты айқайлайды.

От жанында жалаңаш отырған солдаттар оны көріп, сол күйі қолдарына бір-бір шала ұстап, орындарынан атып тұрып, Фомканың соңынан жүгіреді.

Ит корольдің иті екен, қалаға патша сарайына тура қойып кетеді; Фомка иттің соңынан, солдаттар Фомканың соңынан қуады: қолына түскеннің бәрін жағып, өртейді.

Қала үлкен әбігерге түседі, король қорыққаннан не істерін білмей, бітім сұрайды. Оған Фомка көнбейді, корольді тұтқындап, оның бүкіл патшалығын қол астына қаратады.

Сөйтіп Фомка жорықтан қайтып оралады, патша оны үлкен құрметпен қарсы алады: ән шырқалады, қоңыраулар қағылады, зеңбіректерден дүрс-дүрс қуаныш оқтары атылады, соңы ұлан-асыр тойға ұласады!

САРАҢ



Марко деген бір бай көпес өмір сүріпті — одан өткен тас сараң болмапты! Бірде ол серуендеп келе жатады; жолшыбай бір қайыршыға көзі түседі; өлмелі бір қария қайыр сұрап отыр екен:

— Құдай үшін қайырым етіңіздерші!

Марко бай жанынан өте шығады.

Сол сәтте оның соңынан бір кедей мұжық келе жатыр еді, қайыршыға жаны ашып, бір тиын құдайы береді, бай ұялса керек, тоқтай қалып, мұжыққа былай дейді:

— Жерлес, тоқтай тұрыңызшы, маған бір тиын қарыз беріңізші; кембағалға садақа берейін десем, майдаларым жоқ екен.

Мұжық оған беріп тұрып:

— Ал қарызымды алуға қашан барайын?— деп сұрайды.

— Ертең кел!

Келесі күні кедей өзінің бір тиынын алу үшін байға келеді. Оның кең ауласына кіреді:

— Марко бай үйде ме екен?

— Үйде! Саған не керек?— деп сұрайды Марко.

— Тиынымды алуға келдім.

— Қап, солай екен ғой, туысқан, кейін келерсің, ұсақ ақшам болмай тұр.

Кедей иіліп, тағзым етеді де кейін қайтады.

— Мен,— дейді ол,— ертең келейін.

Ертеңгісін келеді — тағы да сол:

— Жалпы майда ақшам жоқ, егер керек болса, жүздікті ұсақта, майда қайырайын, ал ұсақтай алма-саң, онда екі аптадан кейін кел.

Екі аптадан соң, кедей байға тағы да келеді, Марко бай оны терезеден көріп, әйеліне былай дейді:

— Мен шешінейін де, оң жаққа жатайын: сен матамен менің үстімді жауып, бейнебір өліктің жанында отырғандай, дауыс қылып жыла. Мұжық қарызын алуға келгенде, оған мені бүгін өлді деп айт.

Міне, сөйтіп күйеуі қалай бұйырса, әйелі солай істейді: отырып алып, еңіреп жылайды. Қонақ үйге мұжық кіреді; әйел одан:

— Саған не керек?— деп сұрайды.

— Марко байдан алатын қарызым бар еді,— деп жауап береді кедей.

— Олай болса, мұжық, Марко бай саған ұзақ ғұмыр тіледі, өзі әлгінде ғана қайтыс болды.

— Топырағы торқа болсын! Онда рұқсат ет, бәйбіше, өзімнің қарызға берген тиыным үшін оған қызмет етейін — ең болмаса, күнәкар денесін ақиреттеп жуып берейін.

Осылай дейді де, шәугімді ұстай алып, Марко байдың үстіне ыстық суды құя бастайды. Марко әрең шыдайды, тыжырынып аяқтарын сілкіп-сілкіп қояды.

— Аяғыңды сілік, сілікпе, бірақ тиынымды беріп кет!— дейді кедей.

Жөн-жоралғысымен жуындырып, кебіндейді.

— Ал, бәйбіше, табыт сатып алдырып, шіркеуге апаруға әмір ет; жаназасын өзім оқимын.

Марко байды табытқа салып, шіркеуге апарады; ал мұжық оның жаназасын оқуға кіріседі.

Түн болады. Кенет терезе ашылып, шіркеуге қарақшы-ұрылар кіреді; мұжық михрабтың тасасына жасырынады. Ұрылар кірген соң, өзара олжаларын бөліседі; бәрін бөлісіп, тек алтын қылыш қана қалады, бірақ әркім өзіне тартып, бір-біріне бергісі келмейді. Кедей орнынан ұшып тұрып:

— Несіне таласасыздар? Кімде-кім өліктің басын шапса, қылыш сонікі болсын!— деп айқайлап жібереді.

Сонда Марко байдың есі шығып, табыттан атып тұрады. Ұрылардың зәресі ұшады, өздерінің қазыналарын тастай салып, бет-бетімен қаша жөнеледі.

— Кәне, мұжық,— дейді Марко,— кел, ақшаны бөлісейік.

Бірдей етіп, тең бөліседі; оған да, бұған да көп олжа түседі.

— Ал тиыным қайда?— деп сұрайды кедей.

— Қап, туысқан, өзің көріп тұрсың ғой — майдаларым жоқ еді!

Ақыры Марко бай мұжықтың бір тиынын бермей кетеді.

МАЗМҰНЫ

Қасқыр мен жеті лак. Аударған М. Әлімбаев.	3
Шұбар тауық.	8
Шалқан.	9
Сәулетті үй.	10
Әтеш пен бұршақ дәні.	13
Бауырсақ.	14
Маша және маймақ.	18
Зымыран құс.	23
Түлкі, қоян және әтеш. Аударған С. Өмішева.	32
«Қорыққанға қос көрінеді».	34
Мысық, әтеш және түлкі.	36
Қыз бен түлкі.	40
Түлкі мен қасқыр.	43
Оқтау ұстаған түлкі.	46
Пысықай.	48
Торғай, тышқан, құймақ.	51
Түлкі мен теке.	55
Күн, ай және қарға.	56
Алтын айдарлы әтеш пен ғажайып диірмен.	59
Қаздар.	62
«Біреуге ор қазба — өзің түсерсің».	66
Хаврошечка.	70
Апасы Аленушка мен інісі Иванушка.	75
Бақа-ханым.	79
Құлагер.	86
Үлес. Аударған Қ. Сыдықов.	95
Мақтаншақ қоян.	98
Шаруа мен аю.	99
Түлкі мен шымшық.	101
Дана Василиса.	105
Қайың мен үш сұңқар. Аударған Т. Жанаев.	115
Екі түрлі тағдыр.	117
Дана қыз.	120
Ақыл.	124
Ақылды бикеш пен жеті қарақшы.	128
Орман перісі.	138
Сиқыршыдан өткен сиқыршы.	141
Ұры.	144
Солдат жұмбағы.	149
Иванушка-Ақымақ.. . . .	152
Ақымақ пен қайың.	157

Миғұла.	161
Лутонюшка.	163
Айырбас.	166
Жақсы болғанмен, жаман.	169
Ұнамайды екен — тыңдама.	175
Ер жүрек батырақ.	182
Фома Беренников.	184
Саран.	188

Для детей
младшего школьного возраста
Серия «Халық ертегілері»

Фольклор

ЖАР-ПТИЦА

Сказки

(На казахском языке)

Редакторы —
С. Оспанов

Суретшілері —
В. Пуховский, А. Ерискин

Көркемдеуші редакторы —
С. Ким

Техникалық редакторы —
Р. Винокурова

Корректоры —
Ә. Асқарғалиева

ИБ № 2815

Теруге 25.03.85 жіберілді. Басуға 27.05.86 қол қойылды. Форматы 60×90¹/₁₆. Қағазы офсет. Қаріп түрі «Тип Таймс» (Офсетті басылыс). Шартты баспа табағы 12,0. Есептік басылу табағы 8,67. Шартты бояу көлемі 49,5. Тиражы 39 000 дана. Заказ 2584. Бағасы 70 тиын. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы. 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй. Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің Кітап фабрикасы. 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.

Ертегі — халық қиялының жемісі. Халық өзінің қиялдан тудырған сүйікті кейіпкерлері мен батырларына зұлымдық пен қиындықты жеңдіреді. Оларды дана, ақылды етіп көрсетеді. Батырлар ел бақыты, жер бақыты үшін жеті қат жер астына, ит тұмсығы батпайтын ну ормандарға, асқар-асқар тауларға, өткел бермес буырқанған өзендерге, тіпті түпсіз аспан төріне сапар шегеді. Ертегі арқылы халық болашақ күндерге де саяхат жасайды.

«Халық ертегілері» сериясымен жарық көріп отырған «Зымыран құс» атты бұл кітапқа енген таңдаулы орыс ертегілері жас оқырманның қиялына қанат береді.

Халық ертегілері



«ЖАЛЫН»

